

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ



ОКМПУ
хабаршысы



ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
Вестник

Ғылыми-педагогикалық журналы
№2(24)2020

научно-педагогический журнал
№2(24)2020



G•GLOBAL

№2 (24) 2020



ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

**ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2 (24)

Шымкент
2020

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ғылыми-педагогикалық журнал
№ 2 (24) 2020**

БАС РЕДАКТОР

Сүгірбаева Г.Д. – ОҚМПУ ректор м.а.

Редакциялық алқа

Надиров Н.К. – х.ғ.к., профессор, ҰҒА академигі; **Аширов Ә.Ә.** – х.ғ.д., профессор; **Дмитрюк Н.В.** – ф.ғ.д., профессор; **Досбенбетова А.Ш.** – п.ғ.д., профессор; **Жапбаров А.** – п.ғ.д., профессор; **Исабек Б.Қ.** – тарих ғ.к., доцент; **Дерижина И.** – п.ғ.д. (Болгария); **Сластухина О.И.** – ф.ғ.к., доценті (Ресей); **Подушкин А.Н.** – тарих ғ.д., профессор; **Рахымбек Д.** – п.ғ.д., профессор; **Тәнірберген М.Ж.** – п.ғ.д., профессор; **Румбеште Е.А.** – п.ғ.д., профессор. (Томск); **Қалдарова Б.С.** – т.ғ.к., доцент; **Сарсенбиева Н.Ф.** – э.ғ.к., доцент; **Пардала А.** – п.ғ.д., к.м.н., профессор (Польша); **Норкуте О.** – әлеумет. ғ.д., профессор (Литва); **Максуда Ф.** – PhD доктор (Өзбекстан); **Суюбердиева А.А.** (М.Әуезов атындағы ОҚМУ); **Иманбаев Н.С.** – ф-м.ғ.к., профессор; **Ержан Алқая** – PhD доктор, доцент (Түркия), **Дэв Чан-PhD**, профессор (Канада), **Балтабаева Н.С.** – PhD доктор (ҚҰҚЫЗПУ)

Редакциялық кеңес

Қадырбаева Р.И. – п.ғ.д., доцент; **Абдрахманова Х.К.** – ф-м.ғ.к., доцент м.а.; **Бердалиева Т.Д.** – ф-м.ғ.к.; **Сулейменова Л.А.** – т.ғ.к.; **Ибашова А.Б.** – п.ғ.к.; **Әлиева А.О.** – п.ғ.к.; **Битемирова А.Е.** – х.ғ.к., доцент; **Жаппарбергенова Ә.Б.** – б.ғ.к., доцент; **Стычева О.А.** – п.ғ.к., доцент; **Абрамова Г.И.** – ф.ғ.к. доцент; **Байбатшаева А.** – п.ғ.к., профессор м.а. **Алтынбеков Қ.С.** – ф.ғ.к.

Жауапты хатшы – Мынбаева А.П. PhD доктор.

Техникалық редакция – Байырбекова Л., Аблаев Н., Утенов Н.

Журнал 2016 жылдың наурыз айынан бастап Париж қаласындағы

ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2415-8186 (Online), ISSN 2415-8178 (Print)

Журнал Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеліп, **06.06.2014 ж. №14373-ж** куәлігі берілген. Ақпарат комитетіне қайта есепке қою туралы 15.03.2018 ж. № 16979-ж куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2014 жылдың қараша айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 13

222-бөлме, тел. 390244/756

87022508462,

e-mail: okmpukhabarshy@mail.ru

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік

педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы, 2020

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

14.07.03.

ДҮНИЕТНАУ ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ақынова Л.А.¹, Садикова О.П.¹, Төлеген А.С.¹

¹ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Аннотация

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаттары. Жаңа оқулық, жаңа бағдарлама болғаннан кейін оқыту үдерісінде жаңаша қарастыру қажеттігі туындайды. Жаңартылған бағдарлама бойынша дүниетану пәнінің мазмұны. Пәннің оқушылардың танымдық деңгейлерін жетілдірудегі, функционалдық сауаттылықтарын арттырудағы маңызы. «Дүниетану» пәнін ортақ тақырыптар арқылы оқыту мазмұны. 1 сыныпта дүниетану пәні арқылы саламатты өмір салтының маңызы туралы білімдерін жетілдіру, жеке бас гигиенасы ережелерін сақтауды үйрету. Онда оқушылардың өз үйлеріндегі және қоршаған ортадағы қауіпсіздік шараларын сақтау шаралары да қарастырылған. Өз өміріне жауапты болуға, қауіпсіздік ереженің мектептегі және үйдегі рөлі туралы түсіне білуге үйренеді 2 сыныпта қауіпсіздікке, тәртіпке, дұрыс тамақтануға үйренеді. Ауру және сау өсімдік немесе жануардың айырмашылықтарын салыстырады. Қауіпсіз саяхат, жол қауіпсіздігімен танысады. 3 сыныпта салауатты өмір салтының негізі спорт түрлерін топтастыру туралы білім алады. Қолайсыз ауа райы жағдайындағы қауіпсіздік ережелермен танысады. Олимпиада ойындарының тарихын білетін болады. Қазақстандағы олимпиада шыңын бағындырған көшбасшы спорт түрлерімен танысады. Жаңартылған бағдарлама бойынша дүниетану пәнінің тақырыптарын терең меңгеру оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра түседі және салауатты өмір салты дағдыларын дамытуда негіз болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған мемлекет тоқырауға ұшырайтыны сөзсіз. Барлық нәрсе

мектептен басталады. Сондықтан біз жаңартылған білім беругекөшіп, мұғалімдердің кәсіби деңгейін, оқулықтар мен оқу бағдарламаларының сапасын көтеруіміз қажет», - деген болатын. Еліміздегі білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру және алдыңғы қатарлы дамыған елдердегі стандарттарға сйкестендіру жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады. Осы мәселенің шешімі ретінде еліміздегі барлық мектептер оқытудың жаңартылған білім беру жүйесіне көшті. Аталған жаңа жүйе бойынша оқулықтар әзірленіп, қолданысқа түсті. Жаңа оқулық, жаңа бағдарлама болғаннан кейін оқыту үдерісінде жаңаша қарастыру қажеттігі туындады.

Ел басының «Қазақстан-2050» стратегиясында – «Ұлт денсаулығы - табысты болашағымыздың негізі»–деп көрсетілген. Ал салауатты өмір салтының кепілі денсаулық екендігі белгілі. Халықымыздың денсаулығы – мемлекеттің қымбат қазынасы. Әр адамның баға жетпес байлығы ол денсаулық. Елбасымыз атап көрсеткендей –«Денсаулығы мықты адам ғана қоғамға лайықты қызмет етеді, оның дамуына ықпал етіп, ел экономикасын жақсартуға өзіндік үлес қосады».

Бастауыш сыныпта оқылатын дүниетану пәнінің оқушылардың танымдық деңгейлерін жетілдірудегі, функционалдық сауаттылықтарын арттырудағы маңызы зор. Бұл пән арқылы оқушылар қоршаған ортамен, айналадағы құбылыстармен, өзінің жан-жағындағы заттармен бұрынғыдан да етене танысып, олар жайлы өзіндік ой тұжырымдай бастайды. Бұл жағдайды, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларына қарасты айтқан жөн. Өйткені бұл шақ олардың, Абай атамыз айтқандай, нағыз- «естісем, білсем, көрсем» деп тұратын кезеңдері, айналасындағы дүниені тануға құмар болатын шақтары. Сондықтан бастауыш сыныптағы әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, олардың білім-ғылымға деген ынтасын арттыру, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал ету, жеке басының қасиеттерін дамытуды уақыт талабына сай жүзеге асыру қажет. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға жетелейді [1].

Жаңартылған оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер: Ортақ тақырыптар арқылы оқыту –ортақ тақырыптарының мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады.

«Дүниетану» пәнінің оқу бағдарламасы төмендегі ортақ тақырыптарды қамтиды:

1. «Барлығы өзім туралы»

2. «Менің мектебім»
3. «Менің отбасым және достарым»
4. «Бізді қоршаған әлем»
5. «Саяхат»
6. «Дәстүр және фольклор»
7. «Тағам және сусындар»
8. «Дене және денсаулық [2].

«Дүниетану» пәні мазмұнының үлкен тәрбиелік мәні бар. Ол оқушылардың бойында ізгілік, мейірімділік, сүйіспеншілік секілді адами құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Тараудағы тапсырмалар мен мәтіндер оқушылардың мектептегі қоғамдық өміріне бейімделуіне, ондағы ішкі тәртіп пен ережелерді игеруге көмектеседі. Отбасы, достық, өзара түсіністік пен сыйластық, өз елінің тарихы мен халқының салт-дәстүріне деген құрмет сияқты құндылықтарды игеруде маңызды рөл атқарады. Пәннің сабақ тақырыптарының тәжірибелік маңызы зор, оқушыларды география мен картография бойынша білім негіздерімен қаруландырады, тұсбағдарды қолдану арқылы айналаны бағдарлауға, ауа температурасын, жел бағытын анықтауға үйретеді. Сондай – ақ жаңартылған бағдарлама бойынша дүниетану пәні бастауыш сынып оқушыларын ел тарихымен таныстырады. Оқушылар адам баласының қалай пайда болғанын, дамып-жетілгенін, ежелгі ата- бабаларымыз сақтар мен ғұндардың ұрпағы екенімізді біледі. Танымдық ойындар және суреттермен жұмыс істеу арқылы оқушылар қоныс аудару, көшпенділік және өркениет сияқты күрделі ұғымдарды түсіне бастайды. Қазақ халқының этнопедагогикалық мәдениетін меңгерту арқылы оқушылардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға көмектеседі. Аталған тараудың тақырыптары оқушыларды ата-бабаларымыздың дала мәдениетін қалыптастырудағы ұлы істері мен келер ұрпаққа өнеге етіп қалдырған құндылықтарын түсіндіреді. Ежелгі көшпенділердің тарихымен танысу арқылы қазақ халқының төзімділік, сабырлылық сияқты қасиеттерді түсініп қана қоймай, сонымен қатар олардың өздерін де шыдамды болуға, Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің мәдениеті мен тарихын құрметтеуге үйретеді. Сондай – ақ оқулықтағы сусын туралы танымдық материалдар оқушыларды екі өзен тоғысындағы ежелгі өркениетпен таныстырады. Бұл тарауда оқушылар күнделікті өмірде қажет болатын пайдалы білім алады, адам ағзасына пайдалы және зиянды тағам түрлерімен танысады, адам ағзасының құрылысымен таныстырып, саламатты өмір сүрудің маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

1 сынып дүниетану пәні «Дене және денсаулық» тарауын оқыту мақсаты: саламатты өмір салтының маңызы туралы білімдерін жетілдіру; жеке бас гигиенасы ережелерін сақтауды үйрету; қауіпті жағдайды болдырмау туралы мәлімет беру; үйде және көшеде қауіпті жағдайды болдырмаудың себептерін анықтау; жеке бас қауіпсіздігі ережелерін сақтауды үйрету [3].

Тарауда оқушылар денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің маңызы туралы түсінігін дамытады. Тарауда қарастырылатын тақырыптар оқушылардың денсаулығын сақтауда негізгі рөл атқаратын дәрігер мен салауатты өмір салты, сонымен қатар түрлі мәселелер туралы ауқымды ақпаратты ұсынады. Онда оқушылардың өз үйлеріндегі және қоршаған ортадағы қауіпсіздігі шараларын сақтау шаралары да қарастырылған. Оқушыларды қоғамдағы тәртіптің қауіпсіздік ережелерімен таныстыру олардың әуестігін оятып, өздерінің қайда тұратыны, оларды не қоршап тұрғаны туралы ойлануға итермелеу арқылы қиялын дамытады. Тарау тақырыптарымен жұмыс істеу барысында өз өміріне жауапты болуға, қауіпсіздік ереженің мектептегі және үйдегі рөлі туралы түсіне білуге үйренеді, топ және сынып жұмысына белсенді қатысатын болады.

Оқулық материалы оқушының танымдық негізін жетілдіреді. Олардың өздерінің бұрыннан білетін ақпараттарын ойда қорытып, оған жаңаша көзқараспен қарауларына мүмкіндік болады. Адамның дүниені тануы әдетте өзін-өзі танудан басталады.

2 сыныпта «Дені саудың – жаны сау» бөлімінде:

Спорт сенің өміріңде

Дұрыс тамақтану

Дұрыс тамақтану пирамидасы

Айналадағы қауіп қатер- тақырыптары қарастырылған

Қауіпсіздікке, тәртіпке, жаттығуларды орындауға, дұрыс тамақтануға қатысты мектепте және үйде күшті әрі дені сау болуы үшін не қажет екендігін біледі. Бұл тарауда дені сау болу үшін үйде және мектепте дұрыс тамақтану ережелерін қарастырады. Денсаулық пен гигиена «Өзім туралы», «Менің мектебім» және «Бізді қоршаған әлем» тарауын толықтырады [3].

Бұл тарау оқушыларды салауатты тамақтану мәселесімен және дұрыс тамақтану үшін олар не істей алатындықтарымен таныстырады. Ол оқушылардың назарын ауру және сау өсімдікке немесе жануарға аударып, олардан бұлардың нәліктен бір-бірінен ерекшеленетіндіктерін сұраудан басталады. Тапсырма тамақты және оның біздің салауатты өміріміздегі рөлін қарастыруға бағытталған. Бұл тарау «Жаратылыстану» пәнімен байланысты. Тараудың екінші компоненті

қауіпсіз саяхатқа арналады, тапсырмалар жол қауіпсіздігімен танысуға мүмкіндік беретін түсінікті және белсенді әдіс-тәсілдерді ұсынады

3 сыныпта «Уақыт» ортақ тақырыбында топтастырылған сабақ тақырыптары

Менің мерейлі отбасым

Қазақстанның спорт белестері

Татулық – достық кілті

Халық айтса, қалып айтпайды

Ұлы дала халқы[4].

Бұл тарауда оқушылар тарихи- мәдени мұраларды және тарихи ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығы, ежелгі түрік халықтарының өмір сүру дәстүрлері туралы білім алады. Отырықшы және көшпелі өмір сүру салтының ерекшеліктерін үйренеді. Өз әулетінің шежіресін құрайды. Спорт түрлерін топтастыру туралы білім алады. Қолайсыз ауа райы жағдайындағы қауіпсіздік ережелермен танысады.

Олимпиада ойындарының тарихы Ежелгі Грекияда басталып дамыған. Олимпиада ойындары кезінде соғыстар тоқтатылып, қасиетті тыныштық орнайтын дәстүр қалыптасқан. Олимпиада ойындары бүкіл Грекияны біріктіретін, жалпы ұлттық оқиғаға айналды. Біраз уақыттан кейін гректерге олимпиада ойындарының бірыңғай күнтізбесін бекіту идеясы келді. Ойынды әр төрт жылда астық пен жүзім жинау арасында үнемі өткізіп тұру туралы шешім шығарды. Гректер спортты ең бірінші күнделікті тұрмыс тіршілігінің бір бөлігіне айналдырған ұлт өкілі болып саналады Жеңімпаздарға зәйтүн ағашының жапырағынан өрілген алқа кигізіліп, құрмет көрсетілген.

Тапсырма бойынша суреттегі спорттың түрлерін төмендегі ретпен топтастыру қажет:

-Жазғы спорт түрлері

-Қысқы спорт түрлері.

-Командалық спорт түрлері.

-Жеке спорт түрлері.

-Қазақстандағы олимпиада шыңын бағындырған көшбасшы спорт түрлері(бокс, ауыр атлетика, күрес).

- Қазақтың ұлттық спорт түрлері, дене тәрбиесі және ойындары, ұлттық ат спортынан, кейбір үстел және қимыл-қозғалыс ойындарынан және ұлттық күрес түрлерінен тұрады.

-Ұлттық спорт түрлері («Тоғызқұмалақ», «Бәйге», «Көкпар», «Қазақша күрес», «Қыз қуу», «Жорға», « Жаяу жарыс»).

«Тағам» және «Дене және денсаулық» тақырыптары оқушылардың өз денсаулықтарына ат үсті қарамауларына негіз болады.

Бұл арада оқушының тақырыпты терең меңгеруі оның функционалдық сауаттылығын арттыра түседі. Яғни дүниетану пәнінде айтылған іс-әрекеттерді күнделікті өмірде кәдеге жаратып, оны өмірдегі басты ұстанымдары ретінде дағдыға айналдыруы негізгі мақсат болып саналады.

Жалпы салауаттылық ұғымының аясы өте кең био-әлеуметтік категория болып табылады. Ол ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен дінімен тығыз байланысты болса, дене және жан тазалығын сақтауы да осы салауаттылықтың негізгі көрінісі болып саналады. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеудің, жас буынның санасында ізгілікті қасиеттерді қалыптастырудың маңызы зор. Мектеп қабырғасындағы оқушының жүріс-тұрысынан бастап, бүкіл өмірлік ұстанымының қалыптасуына дейінгі кезеңде орынды ықпал ете білу қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өз өзектілігін арттыра түспек. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, түтінінің түзу ұшуына бірден-бір себепкер өскелең ұрпақ болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері ерекше көңіл бөлуді қажет етеді[6].

Дүниетану пәнінде оқулықтағы ақпаратты меңгерте отырып, олардың тақырып бойынша қосымша білім алуы да қамтамасыз етіледі.

Бұлардың барлығы мына мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталады:

- денсаулықты сақтау;
- денсаулықты нығайту;
- аурулардың алдын-алу.

Ол үшін атқарылатын іс-әрекеттер:

- спортпен шұғылдану
- дұрыс тамақтану;
- еңбек үрдісін дұрыс ұйымдастыру, дене және ой еңбегін алмастырып отыру;
- уақытымен демалу т.т.

Аталған тарау негізінде оқушылардың бойында қандай жеке бас қасиеттерін қалыптастыра аламыз:

- Адам ағзасының біртұтас екендігін түсіндіру арқылы, денсаулықтың ағзаның барлық мүшелерін күту нәтижесінде ғана жақсы болатындығын түсінеді.
- Тазалық шараларын, дене тазалығының алғышарттарын меңгереді;
- Тамақтану тәртібін жадыда ұстап, тамақтың құрамына мән беретін болады;

- Тамақтануға қатысты тазалық шараларын қайталап оқиды;
- Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа қандай қатысы бар екендігін жете түсініп, тамақтану ережелерін орындауға ұмтылады.

Қорыта келгенде бастауыш сынып оқушыларының бойында салауатты өмір салтыдағдыларын дамытуда негізгі мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың жасерекшеліктеріне сай салауаттылыққа тәрбиелеудің маңызы зор.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамында бола отырып, дүниетану пәні оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Әдебиеттер

1 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015, 12-15б

2 Дүниетану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы – Астана, 2016.

3 Дүниетану. 1 сынып. Оқулық. К.Байтенова, А.Жакеева, Е.Попова, Ш.Саукатова, Ж.Сейдахметова, Л.Уфимцева. «Назарбаев зияткерлік мектептері»- «Мектеп», 2016.

4 Дүниетану. 2 сынып. Мұғалімге арналған нұсқаулық. К.Байтенова, А.Жакеева, Е.Попова, Ш.Саукатова, Ж.Сейдахметова, Л.Уфимцева. «Назарбаев зияткерлік мектептері»- «Мектеп», 2017.

5 Дүниетану. 3 сынып. Мұғалімге арналған нұсқаулық. К.Байтенова, А.Жакеева, Е.Попова, Ш.Саукатова, Ж.Сейдахметова, Л.Уфимцева. «Назарбаев зияткерлік мектептері»- «Мектеп» 2018,

6 Мұғалімге арналған нұсқаулық – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015, 7-9б

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОНЯТИЕ «ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ» В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ

Аннотация

Статья посвящена экономическому образованию и воспитанию учащихся, формированию у них экономической культуры. Авторы рассматривают экономическую

культуру личности в тесной взаимосвязи с экономической культурой общества, раскрывают теоретико-методологические аспекты данного понятия. Развитие экономической культуры личности рассматривается через призму философских, социальных и педагогических проблем. В настоящее время экономическое образование необходимо как студентам, так и взрослым. Потому что требования времени привели к этому. Это тесно связано с экономическим образованием и экономической культурой. Экономическая культура тесно связана с другими культурными сферами. Это почти часть жизни. В дополнение к моральным качествам каждого человека, экономическое образование также упрощает и облегчает жизнь. В последнее время все больше ученых занимаются экономическим образованием. В то же время их исследования также были успешными. Экономическая культура - это уровень самопознания, изменения образа жизни и мотивации современной жизни.

Ключевые слова: экономическое образование, экономическое воспитание, экономическая культура, конкурентоспособная личность, методологические основы.

DEFINITION OF THE CONCEPT OF "ECONOMIC CULTURE" IN A PEDAGOGICAL RESEARCH

Annotation

The article is devoted to economic education and education of students, the formation of their economic culture. The authors consider the economic culture of the individual in close interconnection with the economic culture of society, reveal the theoretical and methodological aspects of this concept. The development of the economic culture of the individual is viewed through the prism of philosophical, social and pedagogical problems. At the time of the economical formation it is necessary for each student, as well as. It is possible that you need time to pay for it. This is a combination of economical image and economical culture. Economical culture is associated with different cultural spheres. This is a part of life. In addition to the moral values of the Coca Cola, the economical image of the product is well worth the money. In addition to all the other aspects of the economy. At the same time, a great deal of research is being done with these recipes. Economical culture - this is the self-improvement, change of life and motivation of modern life.

Ключевые слова: economic education, economic culture, competitive personality, methodological basiss.

УДК3.37.378

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

Шағраева Б.Б.¹, Алтаев У.А.¹, Баймуратова Ж.А.²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Химия» кафедрасының
доценті, х.ғ.к

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Химия» кафедрасының аға
оқытушысы, т.ғ.к

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Химия» кафедрасының
магистр оқытушысы

Аннотация

Мақала "Сыни ойлауды дамыту" технологиясы негізінде оқушының өздігінен білім ала білуге үйрету, бағыттау, яғни, мүмкіндіктерін ашуды қарастырады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының оқушыға берер оң тұстары көрсетілді, сонымен бірге осы технологияның ерекшеліктері келтірілді.

Мұғалімнің ізденіс және шығармашылық жұмысы оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға көмектеседі. Бұл мақалада оқыту процесінде инновациялық оқытудың ерекшеліктері сипатталады. Оқытуда осындай жаңа әдіс - тәсілдерді пайдалану, қолдану, сабаққа енгізу, оқушыларға сапалы білім беру - бүгінгі таңда әрбір ұстаздың негізгі міндеті. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлау бұл оқушылардың жан - жақты ойлауымен қатар логикалық ойлау қабілетін дамытып, өз жеке пікірін және ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Осы технологиян қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагдимасы қалыптасады.

***Кілттік сөздер:** "Сыни ойлауды дамыту" технологиясы, әдіс - тәсілдер, инновациялық оқыту, логикалық ойлау, шығармашылық.*

Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы оқытудың дидактикалық жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты.

Білім беруде "Сыни ойлауды дамыту" технологиясы негізінде студенттердің әртүрлі ақпарат көздерімен (оқу және ғылыми-танымал мәтіндер,

мұғалімнің лекциялары, бейнефильмдер, электрондық білім беру ресурстары және т.б.) өзіндік жұмыстары студенттердің сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік береді, яғни жаңа сұрақтар қою қабілетін қалыптастыруға, негізделген дәлелдер келтіруге, ойластырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді [1].

Білім берудің жаңа мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес химия сабақтарында «сыни ойлауды дамыту» технологиясын қолдану өзекті болып табылады. Универде біз жиі мынадай мәсемен бетпе-бет келеміз: оқытушы сабаққа дайын, қызықты ойларға толы, студенттермен бірге оларды қалай жүзеге асыратынын түсінеді, бірақ... сабақ басталды, сабақ аяқталды, ал студенттер бейжай қалды, оқытушы ұсынған барлық нәрселерге пассив жауап берді.

Бұл мәселе тек әрбір педагогке ғана емес, жалпы білім беруге де қатысты. Себебі, жалпы орта білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде студенттердің танымдық қызметін жандандыру қажет – студентті қызықтыру, онда қызығушылықтың ұшқынын жағу, қызығушылықтың аясына қолдау көрсету керек.

Бұл мәселелерді шешу үшін көмек ретінде, оқытушы жұмысының тәжірибесіне заманауи педагогикалық технологияларды қолдана алады. Өз сабақтарында мен проблемалық, топтық оқыту технологияларын, жобалау қызметі технологиясының әдістері мен тәсілдерін жиі қолданамын.

Бірақ, мен сыни ойлауды дамыту технологиясын ең жемісті деп санаймын, ол студенттердің білім беру үдерісіне интерактивтілікті қосу арқылы сыни ойлауын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елдің өркендеуіне, жаңа саяси – экономикалық өрлеуіне, болашаққа бағытталған өмірлік жағдайлардың өзгеруі адамнан ақыл-ой белсенділігін, өзекті мәселелерді шығармашылықпен шешуді, оны ұтымды пайдалануды талап етеді. Сондықтан болашақ мамандарды кәсіби даярлауда белгіленген міндеттерді шешу үшін құзыреттілік тәсілдермен бағдарлану маңызды. Баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Білім алудың жаңа процесі оқытушы мен оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуге мәжбүр етеді, өйткені егер оқушы өз бетінше білім алуы тиіс болса, онда мұғалім оқушыға білім алу үшін жағдай, себеп, жағдай жасауы тиіс. Ол үшін мұғалім сабақты жан-жақты дайындау қажет, сабақта мұғалім қажетті бағдар беруі тиіс, қандай да бір оқушы тарапынан түрлі сұрақтар туындауы мүмкін [2].

Осылайша, қазіргі талаптарға сәйкес мұғалім «білім көзі» емес, «білім көзіне» жеткізуші, яғни білім беру басшысы болуы тиіс. Қазіргі уақытта мұғалімдердің талаптарға сәйкес оқушылардың білім алу белсенділігін арттыру мақсатында жаңа технологияларды меңгеру қажеттілігі туындады.

Жоғары технологиялар заманында адамға жан-жақтан түрлі ақпарат келіп түседі, сондықтан қазіргі заман адамы ақпараттармен жұмыс жасай біліп, қажетін алып қолдана алу бейімділігін қажет етеді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру [3].

Бұрынғы әдетке айналған оқу процесінде мұғалімге басымдылық ролі берілсе, қазіргі оқу процесінде оқу белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпайды, өздігінен оқу керек. Ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу болмақ. Осыған сәйкес біздің негізгі мақсатымыз – оқушының өздігінен білім ала білуге үйрету, бағыттау, яғни, мүмкіндіктерін ашу.

Мектептегі сабақтарда оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында, әр сабақтың тақырыбын ашу үшін сөзжұмбақтар, сұрақ – жауап, тексеру сұрақтары дайындалуы қажет [4].

Химиядағы негізгі ережелер-химиялық формулалар және химиялық реакциялар. Химия тілінде сөйлей білу, формулалар айту. Өз сабақтарында оқушылар тақырыпқа не үйренетінін, не маңызды екенін білу керектігін түсінеді. Оқушылар тақырып бойынша мұғалімге оқушылардың білім деңгейінің қандай екенін түсінуіне ықпал етеді. Оқушылар білгенін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыға ие болу қажет.

Қорыта келе, кез-келген жаңалық өз жолында сөзсіз мақұлдауды және қолдау мен үмітсіз қарсылық кездестіретіні белгілі.

Дәстүрлі оқыту әдістемесін жақсы меңгеру қажет. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өз сабағын әрлеу немесе безендіру-оның өнімділігін арттырады.

Осыдан ұтатыны: жаңа нәрселерді үйренген білім алушы және сыныпты қызықтырған оқытушы өз пәніне деген қызығушылығын арттыра алды.

Сабақтарда «сыни ойлауды дамыту» технологиясының әртүрлі құралдарын қолдану оқытушыға студенттерде құзыреттіліктің түрлерін дамытуға көмектеседі. Дербес ойлауды қалыптастырады; дербес жұмыс әдістерімен және тәсілдерімен қаруландырады; «Оқытушы-студент» жүйесінде білім беру процесін басқару мүмкіндігін іске асырады. «Сыни ойлауды дамыту» технологиясы білім беру үдерісінің нәтижесі мен мақсатына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мұғалім үшін сабақта:

Оқу мақсатын бөліп алу; оқуға уәждемені арттыру; білім беру үдерісін жандандыруды қамтамасыз ету; ойлауды ынталандыру; шығармашылық, дербестік атмосферасын құру.

Студент үшін сабақ:

Жұптарда, топтарда жұмыс істеу; өз өнімін жасау; дәлелдеу, жасау, талдау; әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді қалыптастыру.

Егер сыни ойлауды дамыту сабақтары үнемі өткізілетін болса, студенттер пән бойынша жұмысқа белсенді түрде қосылады, жоғары баға алады. Мұндай сабақтарды өткізу үшін қосымша дидактикалық материалдар мен құралдар қажет емес.

Сонымен, химия сабақтарында «сыни ойлауды дамыту» технологиясын пайдалану бойынша жұмыс қорытындысын шығара отырып, осы технология ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыратын біртұтас жүйе болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Ол білім беру саласындағы мәселелердің ашық үлкен спектрін шешу үшін жалпы педагогикалық жаратылыстану, рефлексивті, құзыреттілік-бағытталған технология болып табылады.

Қорыта айтқанда жаңаша ізденіс, жаңаша көзқарас жалғасын тауып, ел ертеңі келешек ұрпақтың білім алудағы жетістікке жету жолында нәтижелі еңбек ететінімізге сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Калмыкова И.Р. Об интеграции американской технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» с отечественной и зарубежной лингвистикой по вопросу продуцирования текстов http://ucheba.com/ur_rus/k_metodkopilka/kalmikova.htm
2. Заир-Бек С.И. Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке. – М.: Просвещение, 2004ж.
3. «Химик анықтамалығы» журналдары. №2 (15), 2010 ж., №2 (16) 2010 ж.
4. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту». ҒӘЖ №5-2009ж.

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

Аннотация

Статья предусматривает обучение учащихся самообразованию на основе технологии "Развитие критического мышления", ориентирование, то есть раскрытие возможностей. Были показаны положительные стороны технологии развития критического мышления, а также приведены особенности этой технологии.

Поисковая и творческая работа учителя способствует развитию творческих возможностей учащихся. В данной статье описываются особенности инновационного обучения в процессе обучения. Таких в обучении, применение новых методов и приемов, применение, внедрение на уроке, учащимся качественного образования - главная задача каждого педагога на сегодняшний день. Поэтому критическое мышление - это не только разностороннее мышление учащихся, но и развитие логического мышления, формирование собственного мнения и навыков работы с информацией. В результате применения данной технологии активизируются способности личности и формируется прагматика знаний.

Ключевые слова: технология "развитие критического мышления", методы и приемы, инновационное обучение, логическое мышление, творчество.

DEVELOPING CRITICAL THINKING TO INCREASE STUDENTS ' INTEREST IN CHEMISTRY LESSONS

Annotation

The article provides for teaching students self-education based on the technology "development of critical thinking", orientation, that is, the disclosure of opportunities. The positive aspects of the technology for developing critical thinking were shown, as well as the features of this technology.

Search and creative work of the teacher contributes to the development of students' creative abilities. This article describes the features of innovative learning in the learning process. Participation in training, application of new methods and techniques, application, introduction in the classroom, students of quality education - the main task of each teacher today. Therefore, critical thinking is not only a versatile thinking of students, but also the development of logical thinking, the formation of their own opinions and skills to work with information. As a result of the use of this technology, the abilities of the individual are activated and the pragmatics of knowledge is formed.

Keywords: technology "development of critical thinking", methods and techniques, innovative training, logical thinking, creativity.

ӘОЖ 378.612.

ТИІМДІ ӘДІСТІ ТАҢДАУ – БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕПІЛІ

Абдуразакова Н.С.¹, Таймаханова Г.Е.¹, Сафарханова Д.Б.¹

¹«Сырдария» университетінің БМ011300-«Биология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранттары

Аннотация

Жаңаша бағыттағы оқыту жүйесінде сабақта тек бір әдістілікті емес, тиімді де түрлі әдісті қолдануды талап етеді. Ол өз кезеңінде мұғалімнен зор жауапкершілікті, білімділік пен өз кәсібінде асқан шеберлікті қажет етеді. Оқу материалын игертуде таңдаған әдіс-тәсілдерінің тиімді болатынына мұғалім алдын ала болжай білуі керек. Сонымен қатар білімді меңгеріне қарай әдісті таңдауы қажет. Бұл мақалада инновациялық технологиялардың ішіндегі Дж.Кэрролл мен Б.Блумның білімді толық игеру технологиясы немесе Блум таксономиясы арқылы «Қартаю» тақырыбын оқытудың әдістемесі келтірілген. Көптеген бағдарламаларда және әдебиеттерде қартаю процесі туралы деректемелер аз кездеседіктен және бұл тақырыпты көпшілік таңдай қоймайтындықтан біз осы мәселені алға тарттық. Қартаю процесінің теорияларын зерттеу арқылы қарттық шақтың кездейсоқ емес, бағдарланған және генетикалық тұрғыдан клеткада жазылып қойылғандығына көзіміз жетті. 6 қадамнан тұратын әдіс негізінде біз де соған сай 6 кезеңнен тұратын тапсырмалар бердік. Бірінші – білу кезеңінде постермен жұмыс жасауға, екінші – түсінуде сәйкестік тест арқылы тақырып төңірегіндегі мәліметтерді игеруге, үшінші – қолдану кезеңінде қартаю процесін тездететін факторларды мысал келтіре отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға және пайдалы іс-әрекеттерді жасауға бағыттадық. Төртінші – талдау кезеңінде «Сиқырлы ұяшықтар» қолданылса, бесінші – жинақтауда «3 тілде сөйле» әдісі қолданылды. Соңғы бағалау кезеңінде дескриптормен 5 критерий бойынша білім алушылар бағаланды.

Кілттік сөздер: Блум таксономиясы, қартаю, әдіс, теломерлі теория, білім алушылар, бағалау

Жаңа мыңжылдық талабына сай, қазіргі мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы да емес, ол танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын шығармашылық

істердің ұйытқысы. Осыған орай «Маған айтсан ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалар, ал өзім істесем, үйренемін» демекші жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, «Биология» мамандығының 2 курс магистранттары өздерінің педагогикалық іс-тәжірибе кезінде өткен ашық сабақтарын сіздерге ұсынғалы отыр. Абдуразакова Нурилла мен Таймаханова Гулбала кәсіптік практика кезінде Био-17 тобының студенттеріне «Жеке даму биологиясы» пәнінен «Қартаю» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақ сайыс түрінде өтіліп, студенттер 3 топқа: «Вейсман», «Хейфлик» және «Каррель» болып бөлінді. Бұл бөліну аталған ғалымдардың қартаю процесін түсіндіретін теорияларына негізделді. Алдымен оқытушы сабақ жоспарымен, өтілу барысымен және қазылар төрелігімен таныстырды. Оқытудан күтілетін нәтижелер мынадай болды: қартаю процесінің теорияларын біледі, қартаюдың теломерлі теориясын, Каррель мен Хейфлик эксперименттерін оқып-үйренеді, геронтологияның қазіргі мәселелері жайында білім, білік дағдыларды игереді, практика жүзінде қартаю процесінің биологиялық маңыздылығымен, өмірде алған білімдерін қолдану жолдарымен танысады т.б. Тақырыптың SMART мақсаттары төмендегідей болды:

S	Студенттерге Вейсман, Каррель және Хейфлик теориялары туралы толық мәліметтермен таныстыру
M	Қартаю - тірі ағзаларға ғана тән қасиет екендігін және қартаю процесінің жүру механизмін түсіндіру
A	Блум таксономиясы, АКТ және СТО әдістері
R	ОСӨЖ және СӨЖ арқылы іскерлік қабілеттерін дамыту, білім және білік дағдыларын қалыптастыру
T	1 апта

Білімді толық игеру технологиясы негізін қалаған Дж. Кэрролл мен Б. Блум әдістері таңдалып алынды. Блум таксономиясының авторы америкалық оқыту әдістемесінің психологы 1913-1999 жылдары өмір сүрген Бенджамин Блум болатын. Таксономия –грекше taxis- орналасу, тәртіп, nomos – заң дегенді білдіреді. Блум таксономиясы бірізділікпен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы білім алушылардың білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізеді. Яғни, «Блум таксономиясы» білімді игеруге бағытталған 6 қадамнан тұрады [1]. Сол 6 қадам бойынша ашық сабақтың барысы төмендегідей болды:

Ойлау деңгейі	Сұрақтар мен тапсырмалар
Білу	Постермен жұмыс жасау арқылы студенттер қартаю теорияларының мәнін біледі
Түсіну	Сәйкестендіру тестін шешу арқылы алған білімдерін практика жүзінде қолданып, талдайды
Қолдану	Қартаю процесін тездететін факторларды анықтау арқылы өмірде ненің бұрыс және ненің дұрыс екендігін үйренеді
Талдау	«Сиқырлы ұяшықтар» әдісімен алған білімдерін талдайды және саралайды
Жинақтау	«3 тілде сөйле» әдісі арқылы алған білімдерін жинақтап қорытындылайды
Бағалау	«Бағдаршам» әдісі арқылы өз пікірлерін білдіреді, сынайды және баға береді

Блум таксономиясы бойынша келтірілген 6 қадамға жету үшін 6 әдістер қолданылды. 1-кезеңде постермен жұмыс жасауда 3 топ өздерінің атауларына сәйкес, яғни қартаю жөнінде Вейсман, Каррель және Хейфлик теорияларының растығы туралы өздерін ойларын ортаға салады. 2-кезеңде келтірілген сөйлемдерге қарап қартаю процесін тездететін факторларды анықтайды және

қартаюдың бастапқы кезеңдерін білудің жолдарын қарастырады. 2-кезеңнің тапсырмалары төмендегі келтірілген:

1. Толыққанды ұйқы адам жасын ұзартады. +
2. Өмірге деген позитивты көзқарас адам жасын ұзартады. +
3. Сыра, газды сусындар мен ішімдік адамның өміріне оң өзгеріс береді. -
4. Ойын-күлкі, толыққанды отбасы адам жасын ұзартады. +
5. Спорт – адамға негативті әсер етеді. –
6. «Ішін ауырса, аузынды тый» мақалы тамақты бей-берекет қолданбау қажеттігін білдіреді. +
7. Денсаулығын күткен өзіне жақсы. +
8. Тұқым қуалайтын аурулар адам жасын ұзартады. -

Студенттерді жеке бағалау үшін 3-кезеңде сейкестендіру тесті қолданылды және оның тапсырмалары мынадай болды:

Қартаюға әсер ететін факторларды бағалау


Салауатты өмір салты	20%
Қоршаған орта факторларының әсері	50%
Қартаюдың генетикалық аспектісі	10%
Денсаулықты күту және медициналық қызметті қолдану	20%

Хейфлик лимитінің көрсеткіштері

Тышқанда	175 жылда 110 рет
----------	-------------------

Адам эмбрионьнда	12 жылда 25 рет
Тасбақада	100 жылда 50 рет
Мысықта	3 жылда 15-20 рет

4-кезеңде «Сиқырлы ұяшықтар» интеллектуалды ойыны қолданылды. Студенттер ұяшықтарда жасырын тұрған сұрақтарға жауап беру арқылы өзіне тиісті ұпайларды жинайды. Ұпай көрсетілген ұяшықтағы сұрақтар сол ұпай санының деңгейіне сай сұрақтар болады. Ұпай жоғары болған сайын сұрақтар да күрделі берілген. Ұяшықтағы тапсырмалардың сұрақтары мынадай:



Сиқырлы ұяшықтар

<u>10</u>	<u>15</u>	<u>5</u>
<u>15</u>	<u>5</u>	<u>10</u>
<u>10</u>	<u>5</u>	<u>15</u>

15-ұпайлық сұрақтар: 1) Теломерлі теорияны дәлелдейін фактілерді келітіріңіз?; 2) Каррельдің эксперименттері неге теріске шықты?; 3) Хейфлик пен Вейсман теориялары қай жағынан ұқсас келді?.

10- ұпайлық сұрақтар: 1) Қартаю кезеңіне сипаттама бер; 2) Қартаю процесіне әсер ететін факторларды келтір; 3) Хейфлик лимиті дегеніміз не?

5- ұпайлық сұрақтар: 1) Қартаю процесін зерттейтін ғылым?; 2) Жасушаның бағдарланған өлімін қалай атаймыз?3) Соматикалық клеткалардың жыныс клеткаларынан өзгешелігі [2].

5-кезең «3 тілде сөйле» деп аталып, студенттер берілген сөздерді 3 тілде айтады. Олардың тапсырмалары топ бойынша төменде келтірілген:

«Вейсман» тобына:

1. Қарттық – ... –
 2. Жыныс клеткалары– ... –
 3. Қартаюға әсер ететін ген – ... –
 4. Соматикалық клеткаларда теломерлердің қысқаруы – ... –
- «Каррель» тобына:

1. Өмір – ... –
 2. Жасушаның бөлінуі – ... –
 3. Жақсы гендердің белсенділігі – ... –
 4. Ісік клеткаларындағы теломеразаның болуы – ... –
- «Хейфлик» тобына:

1. Көбею – ... –
2. Теломерлердің қысқаруы – ... –
3. Құрылымды гендердің жойылуы – ... –
4. Жыныс клеткаларында теломерлердің ұзындығы – ... –


5-кезең бойынша жарысқан топтар төменде келтірілген бағалау жүйесімен тиісті ұпайларын жинады.

Критерий	Дескриптор					Ұпай (1-10) балл
	Постермен жұмыс	Апликациялық модель	Тест	Сиқырлы ұяшықтар	«3 тілде сөйле»	
Мазмұндыл						


ЫҒЫ						
Нақтылығы						
Ғылымилығы						
Сөйлеу мәнері мен уақытты үнемдеуі						
Өмірмен байланыстылығы						

Кері байланыс және рефлексия «бағдаршам» әдісімен анықталды. «Жасыл түс» – сабақтың түсінікті болғандығын, «сары түс» - жартылай түсініктілігін, ал «қызыл түс» - түсініксіз болғандығын көрсететін «бағдаршам» әдісімен білім алушылар ашық сабаққа баға береді


[3].



Барлығы түсінікті



Жартылай түсіндім



Түсінбедім

Қорыта айтқанда, сабақты талқылау барысында Блум таксономиясын қолдану арқылы білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға көмектесетіні дәлелденді. Оқытушының үнемі өзі сабақ түсіндіргеннен гөрі, осындай әртүрлі тапсырмалар беру арқылы, студенттердің өз бетімен жұмыс жасауға ынталандырып отырғаны артығырақ екені белгілі. Сабақ өз мақсатына жетіп, білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, білім берушілерден одан әрі озық идеялардың туындауына алып келетініне сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Мурзагалиева А.Е., Утегенова Б.М. Блум таксономиясына сәйкес оқу мақсаттары. Тапсырмалар мен жаттығулар жинағы Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015ж.
2. Базарбаева Ж.М. Жеке даму биологиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010ж.
3. Жуманова Р.М., Исмайлова Ұ.Қ. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың ерекшеліктері. – Шымкент, 2019ж.

ВЫБОР ЭФФЕКТИВНОГО МЕТОДА-ЗАЛОГ АКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В системе обучения по новому направлению на уроках требует применения не только одной методики, но и различных методов. Он на своем этапе требует от учителя большой ответственности, образованности и высокого мастерства в своей профессии. Учитель должен предвидеть, что выбранные методы и приемы при освоении учебного материала будут эффективны. Кроме того, необходимо выбрать метод в зависимости от усвоения знаний. В данной статье рассматривается роль Дж. Приведена методика изучения темы «старение» с помощью технологии полного усвоения знаний Кэрролла и Блума или таксономии Блума. Мы выбрали эту тему потому что в большинстве программ и литературах данные о процессе старения были мало встречены, не было выбрана большинством. Исследовав теорию процесса старения, мы убедились, что старение не случайно, ориентировано и генетически прописано в клетке. На основе 6-ти шагов мы также дали задание, состоящее из 6-ти этапов. Первый - на этапе знания мы направили на работу с постером, второй – в понимании с помощью теста на соответствие освоить данные в области темы, третий – избегать вредных привычек и делать полезные действия для организма, приведя примеры факторов, ускоряющих процесс старения. На четвертом-аналитическом этапе использовались "волшебные ячейки», на пятом – метод « говори на 3 языках". На последнем этапе оценки дескриптором оценивались обучающиеся по 5 критериям.

Ключевые слова: Таксономия Блума, старение, метод, теломерная теория, обучающиеся, оценка.

CHOOSING AN EFFECTIVE METHOD IS THE KEY TO ACTIVE LEARNING

Annotation

In the system of training in a new direction in the classroom requires the use of not only one method, but also different methods. At this stage, the teacher requires a lot of responsibility, education and high skill in their profession. The teacher should anticipate that the chosen methods and techniques will be effective in mastering the educational material. In addition, it is necessary to choose a method depending on the assimilation of knowledge. In this article, the role of J. The method of studying the topic "aging" using the technology of full assimilation of Carroll and bloom's knowledge or bloom's taxonomy is given. We chose this topic because in most programs and literature data about the aging process was not met enough, it was not chosen by the majority. After investigating the theory of the aging process, we were convinced that aging is not random, oriented and genetically prescribed in the cell. Based on 6 steps, we also gave a task consisting of 6 stages. The first - at the stage of knowledge, we sent to work with the poster, the second-in understanding with the help of a compliance test to master the data in the field of the topic, the third – to avoid bad habits and do useful actions for the body, giving examples of factors that accelerate the aging process. At the fourth analytical stage, the "magic cells" were used, and at the fifth stage, the "speak 3 languages" method was used. At the last stage of the assessment, the descriptor evaluated students according to 5 criteria.

Keywords: Bloom's taxonomy, aging, method, telomeric theory, learners, assessment.

ӘОЖ 54(075.8)

ХИМИЯ ПӘНІН ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Дүйсембиев Марат Жолдасбекович¹

¹ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Химия»
кафедрасының доценті, х.ғ.к.

Аннотация

Ұлттық педагогиканың негізінде химияны оқыту барысында студенттердің таным сапасын жетілдіру мәселелерінде ұлттық педагогика элементтерін қолдану студенттерге білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру. Ұрпақ тәрбиесімен айналысып жүрген ұстаздардың негізгі бағыты халықтық педагогиканың үлгі - өнегелерін сабақта және сабақтан тыс тәрбиелеу мәселесінде тиімді қолдана білудің әдіс - тәсілдерін зерттеп, пайдалану деп білеміз

Кілт сөздер. ұлттық педагогика, ұрпақ тәрбиесі, білім мен өнеге берудің тиімділігі, студенттердің таным сапасы

Заман дамыған уақытында оқу тәрбие үрдісінде ұлттық педагогиканың тәлім – тәрбиесін пайдалана отырып, оларды еліміздің ежелгі тарихы мен салт - дәстүрлеріне, ұлттық дүние танымын негізге ала отырып жүргізу мәселелерін кошіліктің қызығушылықтарын туындататынын анық. Химияны оқыту кезінде білім алушылардың білім таным күзіреттілігінің сапасын арттыру мәселелері барысында халық педагогикасының үлгілі дәстүрімен шебер байланыстырылып, салт-дәстүріміздің дәстүрі мол, тәрбиелік қасиеті бар көптеген пайдасын жүзеге асыру мәселесі тікелей оқу үрдісінің бағыт бағдары болып отырған кезең. Ұлттық педагогиканың таусылмас қазынасы оның кез-келген тағылымын және де көптеген дәстүрлерін жете меңгерту масатында химия пәні бойынша байланыстырып өту, әрине өзіне тән ерекшеліктерімен танылып келеді. Қарастырылып отырылған ұлттық педагогиканы оқу үрдісіне толықтай енгізуге дейін жаратылыстану пәндері бойынша ғылыми қалыптастырылған түсініктерді көбірек меңгеруді ғана мақсат етіліп отырылды. Жаратылыстану саласы бойынша біраз уақытқа дейін ата- бабаларымыздың сол ғылымдардың зерттейтін түбегейлі мәселелеріне саналы түрде үй жағдайында үнемі

қолданылғанына аса мән берілмеді. Біздің бабаларымыз үй тұрмыс жағдайында тіршілік етуге қажетті заттарды ертеден-ақ қолдан жасап қолданылуын білген. Сол арқылы әр халық өмір сүрген ортасының географиялық жағдайына байланысты өздерінің материалдық, биологиялық және де әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандырып отырған. Қазақ халқының өмірімен тіршілік дүниесі табиғатпен тығыз байланысты болған. Олар табиғаттардағы заттарды өте ұқыпты пайдалануға ерекше мән берген. Табиғат өнімдерін бір-біріне қосу арқылы тұрмысқа қажетті заттарды алу жолдарын меңгерген. Өнімдерді қалдықсыз, үнемі пайдаланған. Ұлттық педагогика мен халықтық психология тағылымдарын қажетке асыру, химия пәнінің әр тарауларынан өткізген сабақ түрлері ақылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, белсенділігін дамытып, тарауларды пысықтау кезеңін сапалы өткізуге, материалдарды толықтай меңгеруге жәрдем етеді. Сонымен қатар білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, өзіндік пікір айта алуын қалыптастырады. Химияны оқыту кезінде білім алушылардың күзиреттілік сапасын жетілдіру мәселелері кезінде ұлттық педагогикасының үрдістерін химия сабағында қолдану арқылы - оның сапалы білім және саналы тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеп шәкірттерді ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеудің үлкен әсері болады. Халқымыздың біртіндеп жинаған оқу-тәрбие жұмысының мол тәжірибесін аса тиімділікпен, ұқыптылықпен, шығармашылықпен қолдана білу- әрбір ұстаздың мақсат міндеті болу керек. Ұлттық педагогиканың негізгі ұстаным мақсаттары- өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келешек ұрпақтарды еңбек сүйгіштікке, өнер білім үрдістерін меңгеруде, жанұясы, ауыл-аймақтың, отанымызды қастерлеуде, ар-намысын қорғауға және тағы басқа да ізгі адамгершілік қасиеттерді меңгертіп үйретуге толықтай болады деп санаймыз. Білім алушыларды халықтың салт-дәстүрлерін, әдет ғұрыптарын қастерлеп дәріптеуге, құрметтеуге үйреткеніміз дұрыс. Өз халқымыздың мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін оқып білудің мәнісі азамат болып қалыптасуына тигізер пайдасы көп [1].

Жастарымызды ұлтжандылыққа, халқымызды қастерлеп, оған ұдайы қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесінде ұлттық педагогиканың тағылымдарын енгізу ұдайы өріс алып келеді. Міне, өз келешек ұрпағымыздың өнегелі, өнерлі, еңбек сүйгіштік, тәрбиелі азамат болып өсуі үшін ұлт педагогикасының негізгі мақсат тілегі – жалпы халқымызды, ең алдымен баланы сұлулыққа, қадір қасиетке хабардар ете отырып тәрбиелеу үрдісі. Оқу мен тәрбие алдында ата-аналардың да, тәрбиеші мен ұстаздардың да, ұжымның да жауапкершілігі болып саналу керек.

Сол себепті химия пәнін оқытуға мысалы алыстан іздемей-ақ халқымыздың пайдаланып келген ұлттық құрал-саймандарын, ұлттық атауларын қолдануға болады. Жанартылған бағдарлама негізінде жасалынған оқу бағдарламасы бойынша Заттар. Химиялық қосылыстар тақырыбын өткен кезде оқушыларға қызықтыру мақсатында мысалды дәйектемелерді айтып кетсек болады. Ертеден бабаларымызда «зат» туралы ұғым және оның қасиеттері сипаттамалары жайлы және де құрамы, құрылысы, қасиеттері туралы білім мен біліктіліктері қалыптасқандығын дәйек ретінде келтірсек ұтымды болар еді. Қолданылып жүрген заттардың құрамында көптеген майда заттар болатынын білген. Мысал ретінде алатын болсақ, күнделікті тұрмыс жағдайларында пайдаланып жүрген сүттің құрамында көптеген заттардың болатындығын білу арқылы одан май, қатық, ірімшік, құрт ала білген. Сүттен пайда болатын сары суын шөлді қаңдыратын пайдалы сусын ретінде пайдаланған. Сол кездің өзінде заттардың майда бөлшектерден тұратынын білген – тұзды майдалап ұнтақтаса, сол тұзды құрайтын майда бөлшектердің түзілетіндігін аңғарған. Заттар түсінігі ерте кезеңнен бастап қазақ халқы «әрбір заттың құрамы және қасиеті болатындығын, және де олардан сол заттардың сапасы туындайды» деп жобалаған. Бабаларымыз кездескен заттарды келесідей жіктеді: - жай заттарға (алтын, күміс, мыс, темір); - күрделі заттарға (су, тұз, сірке қышқылы); - құймаларға (жез, қола). Қолданылған заттардың қасиеттерін және олардың күйлері (сұйық, қатты, бу), түстері (сары, ақ, қара, көк), иістері (өткір), дәмдері (қышқыл, тәтті, ащы), қату жағдайы (мұз), қайнау жағдайы (су) және ерігіштігі (тұз, қант) болатыны арқылы байқады және заттардың осы қасиеттерін өздерінің тұрмыс жағдайларында пайдаланды [2].


Тұжырымдай келе ертедегі қазақ халқының зат туралы түсініктерінің осы кездегі түсініктерге сәйкес келетінін аңғаруымызға болады. Біздің бабаларымызға мыс, күміс, алтын, темір, сынап, қорғасын, мырыш, қалайы металдары және олардан пайда болған құймалары жайлы түсініктер ертеден белгілі болған. Жоғарыдағы аталған бағытты басшылыққа ала отырып сабақтың алдына қойылған мақсаттарды дәйектелесек өте дұрыс болады. Мақсаттарға сай міндеттерінде қарастырып отыру керек - дидактикалық тапсырмаларды жинақтау, құрастырып алу (ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, басқада салт-дәстүрлер нысандары

- педагогикалық зерттеулер жүргізіп, этнопедагогика деректемелерін енгізіп, өткізілетін сабақтардың әдістемесін көрсету;

- этнопедагогикалық мәселелерін химия пәні сабақтарында пайдаланып, педагогикалық зерттеулерді сабақ барысында жүргізіп нәтижелееу.

Химия пәні сабақтарында этнопедагогика дәйектемелерін енгізіп өткізген сабақтар жоспарын ұсынуымызға болады. Металдардың жалпы қасиеттері атты сабақтарда білім алушыларға химияға деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру мақсатында халықтық педагогика материалдарын көптеп қолданудың маңызы орасан үлкен. Олар үй тұрмысында, зергерлік бұйымдар ретінде күнделікті өмірде таныс. Осы орайда металдар тарауын қортындылау сабағы халықтық педагогика элементтерін пайдаланып дәстүрден тыс пікір алмасу түрінде өткізіліп, халықтық педагогика негізінде меңгерілген білім деңгейін анықтау, бекіту білім алушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ұлттық сана сезімін ояту, тіл байлығын, ой ұшқырлығын, ізденімпаздылығын, арттыру көзделеді. Тас дәуірінде ертедегі ата-бабаларымыз пайдаланылатын тұрмыстық құралдары мен қажетті заттарды тастан әрлеп жасағандары белгілі және оның дәлелі ретінде Шақпақ, Арыстанды, Шілікті қорғандарынан табылған көне зат бұйымдарды айтып кетсек әбден болады. Қазақстан аумағында біздердің жыл санауымыз бойынша 4-1 мыңыншы жылдар аралығында қола дәуір болды деген жорамал бар. Сол дәуірдің өзінде ақ біздің ата-бабаларымыз қоладан қанжар, пышақ, кетпен, шот, найза, балта, сақина, сырға, және тағы басқада бұйымдарды жасай білгендіктері айтылған. Ертедегі кеншілердің шеберліктерінің арқасында мыс пен қалайы металдарын, сонымен бірге көп кездесетін жер бетінде жатқан кендерді (малахит, азурит, т.б.) балқыту арқылы арқылы өндіре білген. Орта ғасырда қазақ бабаларымыздың біршама отырықшы халыққа айнала бастады, қалалар пайда болып, шеберханалар, ұсталар жұмыс жасай бастады. Заман уақыты кезінде темірден, мыстан, қоладан – қолданыстағы бұйымдар шырағандар, сақиналар, білезіктер жасалынған болатын. Сауда саттық жасау мақсатында айналысқа көне бақыр тиындар енгізілді. Сол уақытта қазақтардың жерінде өндірілген металдардың сапасы өте жақсы болған, оның дәлелі олардан жасалған бұйымдар мен қару-жарақтың сапасы туралы тарихта өте құнды деректерді кездестіруге болады. Гректің танымал тарих ғылымдарын зерттеушісі-Геродот даланың көшпенділер тайпасы - скифтер жайлы мынандай дәйектемелерді жазған болатын: «Бұл елде мыс пен алтын ат көпір. Олар найза, жебе, айбалта сияқты қару-жарақтарды жезден соғып жасағанымен, оның есесіне орай бас киімдерін, белбеуінен бастап ат әбзелдеріне шейін алтынмен апталып, қапталған». Танымал тарихшы Геродоттың осы айтқан сөзіне Есік қаласы жаңындағы ескі қорғаннан табылған «Алтын адам» бейіті дәлел бола алады. “Ерітінділер” тақырыбын өткен кезде де білім алушыларға халықтық педагогикалық зерттеулерінде тоқталып айтып кетсек болады. Ерітінділер арналған сабағымызда түсіндірген кезде ерітіндінің көптеген компоненттерден


тұратындығын ата бабаларымыздың ертеден білетіндіктеріне көз жеткізуімізге болады. Сабақ барысында коллоидты ерітінділерге мысал ретінде сүт өнімдерін келтіре отырып, күбіге айран піскенде майдың түсуі қатты дене бөлшектерінің сұйықтағы қалықтаған қозғалысы екенін айтуымызға болады. Орын алған құбылыстардың химия пәні сабағымен тығыз байланыстыра отырып сабақ барысында қалай іске асатынын айта кеткен орынды болар еді. Біздің ата бабаларымыз ашыту үрдісінің қалай іске асатынын сол заманнан біле білген. Олар арнайы қалдырылған былтырғы жылғы қымыздың қалдығын дәкеге сіңіріп алып арнайы сорғызып даярлап қояды. Оны тобылғымен қолдан жасалынған арнайы күбіде салқын жеркепеді сақтаған. Ата бабаларымыз оны “ қор” деп атаған. Сақталынған дәкедегі түйілген қорды сабаға немесе күбіге салып, оның үстіне бір шелек әзірленіп қойылған саумалды құйып, дайындауға алынған ыдысты күннің көзіне қойған. Дайындалған қор езіліп саумал ерітіндісіне толығымен тегіс таралып, саумал ерітіндісінің дәмі қышқылданғандығын байқаған




сүт қанты сүт қышқылы

Білім алушыларды қызықтыру мақсатындағы мәселелер бойынша осы жылдары педагогикалық ақпарат таратушы беттерінде халықтық педагогика туралы көптеген әртүрлі алуан ой-пікірлер айтылып жүр. Себебі ақпараттар таратушы ғасырында білім жүйесінің алдында тұрған басты қастерлі міндет, ол білім мен тәрбиені ұлттық нақышта әлемдік деңгейге жақындастыра отырып, оның жүзеге асырылуына ықпал етіп, түрткі болу.

Біздің ата бабаларымыз көшпелі ел болғандықтан барлық тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас болғандығын тілге тиек етіп кетсек артық болмайды. Сонау ескі замандарда бабаларымыз қоршаған табиғаттың бәрінде жанды деп санаған. Табиғат құбылыстарының болып жатуын жанды құбылыс ретінде санап, өздерінің тағдырын, атқаратын істерін осылардың күші арқасында деп құлшылық еткен. «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деген ойлы сөздерді осылардың куәсі ретінде қарауымызға болады. Ата бабаларымыз отты, күнді қасиетті деп санап, құрметтеген, оған сиынған. Білім алушылардың құзіреттілігін арттырып дамыту мақсатында оларға сабақтарды қызықтыра түсіндіру ұлттық педагогика үрдісімен байланыстыра өту жақсы әсер қалдыратына толық сенімдеміз. Майлар тақырыбын өткен кездерде майлар күрделі эфирлерге жататын болу себепті, олардың негізгі химиялық қасиеттеріне негізделген гидролиздену реакция теңдеуін келтіру арқылы гидролиздену үрдісі қышқыл мен сілтілер немесе металл тотықтары қатысында жүретін алатын қайтымды үрдіс екендігін айта отырып келесідей реакция теңдеуін келтіреміз.




Келтірілген үрдісті пайдалана отырып, қазіргі өндіруші өнеркәсіптерде глицерин мен карбон қышқылдарын осылай алады. Сонымен бірге сілті ерітіндісін және де сода ерітіндісімен қоса қыздыра отырып, гидролиздеу реакциясы арқылы сабындар жасайды:




Майлардың сілтілер ерітіндісі қатысу арқылы жүретін гидролизденуі реакция теңдеуін сабындану деп аталу ұйғарылған. Біз қарастырып отырған гидрлеу реакциясы арқылы алынған қатты майлар тұрмыста қолданылып жүрген маргарин өндіруге, сабын жасау үшін қолданылып келеді. Біз талқылып жатқан сутектендіру реакциясы нәтижесінде алынған маргарин өнімінің дәмін, қоректік қасиеттерін жақсарту мақсатында сүт, жұмыртқа заттары сонымен бірге А витаминін қосылады. Бұл алынған өнімдерге Қазақстанда Алматы және де Қарағанды қалаларындағы маргарин өндіруші зауыттарының өнімдеріне сұраныс көбірек болуда. Әрине сабын алу үшін оны өндіруге майлар көбірек қажет етіледі. Сол себепті сабындарды май затынан басқа заттардан алу мәселесі барлығымызды өте жақсы қызықтырады, қазіргі уақытта, мұнай өнімдерін пайдалана отырып, сабын заттарын өндіру өнеркәсіпте кең жолға қойылып жүзеге асырылып келеді.


Біздерге керекті тұрмыста қолданатын сабын өнімін өндіруге, керекті карбон қышқылдарын мұнай құрамындағы көмірсутектерді тотықтыру арқылы ала аламыз, мысал ретінде



Түзіліп алынған қышқылдарды сілті ерітінділері қатысында бейтараптау реакциясы арқылы сабын алынады. Түзілген сабын өнімі жоғары C_{10} — C_{18} май қышқылдарының Na немесе K тұздары болып табылады



Өндірілген сабындардың жуғыштық тазалағыш қасиеттері мынандай болады айтатын болсақ, жуылатын материалдардың бетіне жабысқан кір бөлшектерін эмульсия, суспензия үрдісіне түріне ауыстыра отырып алатын мүмкіндігі жетерлік. Кейбір жағдайларда кермек суларында кальций, магний тұздарының түзіліп, сабын өнімдері тұнбаға түсетінін байқаймыз.



Сабынның суда еруі кезінде жоғары қышқылдар мен сілті түзе гидролиздену процесі бірге жүреді. Бұл жағдай көптеген маталарға зиянды әсерін тигізеді, сондай-ақ адам терісіне зиянды әсер етеді:



Осы сабақ барысын біз ұлттық педагогикамен байланыстыру мақсатында біздің ата тегіміз бұрынғы әжелеріміз өз қолдарымен қазанға бұлғап, қатырып алатын қара сабынды жасау үрдісін жақсы білгендіктерін айтып кетуімізге болады. Ол кездердегі өндірілген бабамыздың байырғы қара сабынын емге көбірек қолданған. Ерте кезде сабын заттарын дайындау үрдісі барынша қарапайым болып келген. Сабынның негізгі құрамында - алабота, түйеқарын, ермен, сексеуіл сияқты өсімдіктердің күлі және кәдімгі малдың майы болып келеді. Келтірілген бізге таныс өсімдіктерді күз айында жапырақтары сарғайған уақытта қиып алып, оны кептірген, және жандырып, соңғы өнімі күлге айналдырған. Алынған күл өнімдерін қазанда толтырылған суға қайнатып, күлдің құрамынан бөлінген сақарды мұқият тұндырып жүзеге асырған. Одан кейін оны қою болғанға дейін тоқтамай араластырып отырған. Ең сонында өсімдіктердің күлі ақ ұнтаққа айналады, сонымен ақ талқан тәрізді өнім пайда болады. Біз айтып отырған сақар деген затымыз осылай болады. Әрине бұл қазақ халқымыздың өсімдік күлін өңдеп сақар жасап алу өнері болып саналады. Алайда, сабынға айналдыру үшін бір шыны сақарға бір шыны май құйып, тағы да отқа тосып үздіксіз араластырады. Сақар мен май араласып, иленген қамыр формасына келгенде оның көлеміне қарай қойдың не түйенің жүнін қосады. Өйткені сабын өнімі бір-бірін мықты ұстап тұруымақсатында. Жақсы араласып болған сабын өніміне таза бұлға, керекті матаға жақсылап домалақтап орап, кептіріп алады. Кептіру үрдісі жақсы іске асса, сабыныңыз дайын болды деп есептеген. Қазіргі замандағы жоғары оқу орындары, ұлттық мәдениет ошағы болып саналады, жалпы адамзат өмірін ұлттық нышанмен және ұлттық нышанды жалпы адамзат мәдениетімен толықтырушы, үйлестіруші көпір деуге болады. Сол себепті оқу орындардың ең басты талап тілегі, өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін, дінін қастерлей алатын,

және де жалпы адамзаттық деңгейіндегі рухани жаңғыру құндылықтарына ұштастыра алатын, саналы тұлға тәрбиелеуді одан әрі дамытып жетілдіре берулері керек.

Ұлттық педагогиканың негізінде химияны оқыту барысында барлық білім алушылардың білім сапасын жетілдіру мәселелерінде, ұлттық педагогика деректерін пайдаланып, барлық білім алушыларға білім және өнеге берудің тиімділігін көтеру ұстаздық борышымыз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.. – Алматы: Атамұра. 1999. –б.125.
2. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. . – Алматы: Рауан. 1994. –б.77

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПЕДАГОГИИ

Аннотация

Использование элементов народной педагогики в повышении качества познания студентов в преподавании химии на основе отечественной педагогики. Мы считаем, что основным направлением работы педагогов, занимающихся воспитанием подрастающего поколения, является изучение и использование методов эффективного применения моделей народной педагогики на уроках и во внеурочной деятельности.

Ключевые слова. национальная педагогика, воспитание, эффективность обучения и пример, качество знаний студентов

EFFICIENCY OF CHEMISTRY TRAINING BASED ON NATIONAL PEDAGOGY

Annotation

The use of elements of folk pedagogy in improving the quality of students' knowledge in the teaching of chemistry on the basis of domestic pedagogy. We believe that the main focus of the educators involved in the upbringing of the younger generation is the study and use of methods for the effective application of models of folk pedagogy in the classroom and in after-school activities.

Keywords: national pedagogy, upbringing, teaching effectiveness and example, the quality of students' knowledge

ӘӨЖ 7.021.4

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДЕ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУДЫ ДАМЫТУ - КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРАУШЫСЫ

Боранбаева А.Р.¹, Искакаева А.С.², Шүкүрбаева Ғ.Ә.²

¹«Сырдария» университеті, Философия докторы (PhD)

²«Сырдария» университетінің магистранты

Аннотация

Мақалада болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу мақсаты, ақпарат алу көздері, қашықтықтан оқу мен жаппай ашық онлайн курстардан білім алудағы тиімділігі қарастырылып, Джерджа Сименса ашқан жаппай ашық онлайн курстар туралы мәліметтер айтылған. Өздігінен білім алу өмір бойы жүріп отыратын процесс екендігі белгілі, сондықтан да жаппай ашық онлайн курстарды меңгеру баршаға міндеттеледі. Заманауи технологияларды меңгеру, оны қолдана алу білім беру саласындағы ең басты міндет болып табылады. Мұны болашақ маманның бойында қалыптастыру қажеттігі айтылған. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерде өздігінен білім алуда қалыптасатын дағды, білік, қасиеттері көрсетіліп, ұсанатын қағидарлар тізімі берілген. Болашақ маман құзыретті болуы үшін ең басты мәселенің үздіксіз ізденуі. Сонымен бірге, кітапхана қорын пайдалану, тиімді қолдану, қажетті мәліметін таба білу болашақ маман үшін қажеттілік екендігі сөзсіз. Болашақ мұғалім өзінің бәсекеге қабілеттілігін көрсете білуінде екендігі айтылады.

Кілт сөздер: өздігінен білім алу, болашақ мұғалім, қашықтықтан оқу, онлайн курс, ақпараттық технология, ақпараттық кітапхана.

Адами капитал - жаңғыру негізі. Білім берусаласындағы жаңашаспаны қалыптастыру. Жоғары оқу орындарында білім беруде жасанды зияткерлікпен және «көптеген ақпараттармен» жұмыс жасау үшін цифрлық технологиялар арқылы білім алатын бітірушілер мен білім алушылар санын арттыру қажет [1].

Жаңғыру деп өткен күнімізден ажырамай, жаңаша құндылықтарға бастар жол көрсету ғана емес, шындығында, ұлтымыздың рухани мұраларын жаңа үлгіде жетілдіріп, ықпалдастыратын процесс [2].

XXI ғасыр - бұл цифрлы ғасыр. Еліміздің дамуы мен өсіп өркендеуін, әлемдік нарықтық экономикада өз орнын белгілеп, халқының өмір сүру сапасын

жақсарту көрсеткіші, тұлғаның білім деңгейімен, ақпараттық технологияны меңгере алуымен анықталады. Оның ішінде өмір бойы **білім** алу мәселесі. Алайда үздіксіз іздену қажеттіліктері мен жаңа өзгерген қоғам арасында қайшылықтар көптеп кездесуде.

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда білім беруде де жаңартулар мен жаңалықтар енуде, сондықтанда мұғалімнің білім беруінде де өзгерістер болатыны сөзсіз. Заман талабына сай мұғалімге қойылатын талаптар мен қажеттіліктердің да артуы заңды. Білім беру саласында кәсібилікті, біліктілікті, үздіксіз жетілуді, өздігінен ізденуді қажет етеді. Болашақ мұғалім өзінің ізденімпаздығымен, өздігінен білім алуымен үлгі көрсете білуі қажеттілік.

Жаһандану үдерісінде білім алу мүмкіндіктері кеңейуде: қашықтан **білім** алу, виртуальды кеңістіктегі әртүрлі тренингтер, онлайн-курстар, электрондық оқулықтар, бейнедәрістер, мобильдіоқыту, электрондық жәнсандық **білім** беруресурстары т.б.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру қазіргі таңдаеліміздің басты бағыттарының бірі болып табылады. Ақпараттық технологияларын қолдану**білім**сапасын жақсартуға, тиімділігін арттыруға, кәсіби маман даярлауда септігі мол.

Білім беру жүйесі көптеген мүмкіндіктерге ие. Бүгінді ЖОО-да озық технологиялар, әдіс-тәсілдер енгізіліп, игерілуде. Берілген мәліметтергесүйенсек цифрлық технологияларды қолданудаедәуір жетістіктерге жеттік. Болашақ кәсіби маман даярлауда өздігінен ізденіп, **білім** алатын ақпараттық технологияны меңгерген, бәсекеге қабілетті жастарды дайындауда да біршама жұмыстаратқарылып келеді.

Жаһандану әлемінде жоғары оқу орындары үшін басты проблема «XXI ғасырдың нағыз маманы қандай болу керек? Білім беруде нені үйтетуіміз керек? Қалай үйретуіміз керек?» деген сұрақтар туындайды. Бұл мәселенің шешімін цифрлық технологияны қолданаотырып, **білім** алуарқылы табуға болады. Қазіргі таңда ЖОО-да **білім** беру процесінде цифрлық технологияны кең көлемде қолдануда. Бүгінде білім алу цифрлық технологиялармен өте тығыз байланыста дамиды. Дәлірек айтсақ, интернет желісі, электронды оқу құралдары мен оқу үдерісі, онлайн түрдеашық курстарға қатысу, мобильді, компьютерлік қосымшалар мен бағдарламалар (MS Excel, CorelDRAW, MS PowerPoint, AutoCAD және т.б.) жатады. Білім беруде болашақ мұғалімдердің әлемде болып жатқан жаңалықтарға тез бейімделуі, өзгерістерді өзінің жұмысында тиімді пайдалана алуы, бәсекеге қабілетті маман болуымен өзара байланысты.

Болашақ мұғалімдер үшін өздігінен білім алуға басты қасиеттері 1-кестеде берілген.

Кесте 1 - Өздігінен білім алу даярлығына қажетті басты қасиеттер

Іс-әрекет сипаттамасы	Болашақ мұғалімнің білім, білік, дағдылары және қасиеттері
Өзінен, үздіксіз білім алу барысындағы эмоционалдық көзқарас	Болашақ маман үшін өздігінен білім алуға түрлі жағдайдағы мәселелердің шешімін таба білуі; дағдысының қалыптауы; оқытушы мен білім алушыларарасындағы өзара келісім; өзінің дербес және қоғаммен байланысын нығайта алу қасиеттері.
Қосымша білім алу	Болашақ мұғалімнің өздігінен білім алу барысында арнайы психологиялық және педагогикалық тұрғыда білімінің бар болуы, теориялық және практикалық тұрғыда байланыстаруы, кез келген жағдайда мәселенің шешімін таба білуі, жоба жасаудағы жетістігі, алға қойған мақсаттарға деген талпыныстың жоғары дәрежеде болуы, мотивациясы, түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана алуы.
Ресурстармен жұмыс жасау мүмкіндігінің болуы	Ақпараттық білім қорларын тиімді қолдану, жылдамдықтың болуы, арнайы кітапханалық бағдарламаларды пайдаланау, қисынды түрде шешімін таба білу (мәселен: кітаптар, журналдар, электронды оқу құралдары, электронды каталогтар).
Өзін-өзі басқару	Болашақ мамандар өздігінен үздіксіз ізденіп білім алу үшін алдына жоспар қойып, сол мақсатқа жетуде өз міндеттерін белгілеу қажет. Жұмыста өз іс-әрекетін ұтымды да тиімді тұрғыда қолдану басты міндет. Ел үшін өздігінен білім алу түрлерін мен әдіс-тәсілдерін таңдап, пайдалы тұстары мен тиімді жақтарын іздестіреміз. Талдап саралау барысында қандай нәтиже беретіндігін айқындап алып, жұмыс жүзгізіледі. Бұл өздігінен білім алуды ұйымдастыру іс-әрекеті деп аталады

Бүгінде білім беру процесінде қашықтықтан оқыту және білім алу қарқынды дамып отыр. Қашықтықтан білім алу екі түлі жүзеге асады: біріншісі -

онлайн және екіншісі - оффлайн. Онлайн білім алуды ұйымдастыру туралы айтатын болса, «Онлайн» сөзінің өзі желіде деген мағынаны береді [3].

Онлайнның түрлі жіктемелері бойынша батыс зерттеушілері жаппай ашық онлайн курсына (ЖАОК) баса назар аударды.

Жаппай ашық онлайн курсын (ЖАОК) ең алғаш Джерджа Сименса 2008 білім беру үдерісіне ендірі.

Онлайн оқытуда тұлға өз бойындағы әлдебір ерекшеліктеріне сәйкес шектеусіз өздігінен білім ала алады. Меңгере алмаған тақырыбын қайталап оқуына мүмкіндігі бар және бірнеше күннен соң да қайталап қарап шыға алады.

Жаппай ашық онлайн курсы білім берусапасының негізгі аспектісі болып табылады. Оқытушының қатысу оқу бағдарламаның мазмұнын, оқу іс-шаралары мен терминдерін әзірлеуді мониторингті және ынтымақтастықты басқаруды; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға деген көзқарасы білім беруді түрлерін түрліше сипаттауға қолайлы түсінік болып табылады.

Жаппай ашық онлайн курстар болашақ кез келген маман үшін өз білімін жетілдіруге түрлі әдістерді меңгеруге, тәжірибесін жетілдіруге ықпалы мол. Болашақ мұғалімдер өз тәжірибесінде, оқу үдерісінде, білімін шығдауда қолданаалады. Сонымен бірге, өздері деоқу үдерісіне қажетті бағдарламалар дайындап, жаппай ашық онлайн курстарға тіркелуарқылы жүктей алады. Жаппай ашық онлайн курстарарқылы біліктіліктерін арттырып, арнайы сертификаттар мен дипломдарға ие болады. Бұл күдізгі оқу түрінен ешқандай айырмашылығы жоқ білім алу түріне жатады және де сапалы білім алуға өз септігін тигізеді [4].

Жаппай ашық түрде білім алу - сапалы білім алу мен түзету үшін қоғамның қажеттіліктері емес, ұлттық рухымызды жоғарлатып, өзімізде бәскеге қабілетті маман дайындап, мемлекетіміз үшін сапалы қызмет көрсету арқылы көрініс тауып отыр.

Отандық ғалымдардың онлайн-курстарын әзірлеудегі мақсаты: өздігінен білім алуда Интернет арқылы қолжетімдіетуді көздейтін жоба. Платформада ұсынылатын онлайн-курстарға кез келген азамат кез келген уақытта жазылып, оларды меңгереалуында.

Бүгінде жаппай ашық онлайн курс: мектептің жоғарғы сынып оқушылары, колледж және жоғарғы оқуорындарының студенттері. Сонымен қатар, түрлі жағдайларға байланысты білім алуға мүмкіндіктері жоқ азаматтар және де онлайн-курстарға қызығушылық білдірген кез келген азаматтар үшін қолайлы

болып табылады, алайда, ғаламтор желісін қолдана алатын тұлғаның барлығы дерлік жаппай ашық онлайн курстары арқылы білім алуға мүмкіндігіне ие.

Онлайн курстар арқылы әрбір білім алушы тек ЖОО-да ғана емес, сонымен бірге, ақпараттық технологияларды қолдануда болашақ мұғалім, оқытушылар өздерінің игілігі үшін де қолдана алуы қарастырылған. Жаппай ашық онлайн курстар қашықтықтан білім алудың бір формасы. Мұндай курстарды болашақ мұғалімдер оқу процесінде цифрлық технологияны қолдану негізінде пайдалана алады. Атап айтқанда: мобилді құралдар, технологиялық құралдар, әлеуметтік желілер (Twitter, WhatsApp, Facebook, Instagram), интербелсенді тақталарды байланыстара отырып, видеодәрістер, онлайн-тақталар, блогтар, сайттар, YouTube-ті тиімді қолдана алады.

Жоғары оқу орындарында онлайн курс аталған оқу құралының негізінде және болашақ мұғалімдерге оқылған дәрістерге сүйене отырып дайындалды, *онлайн курстың ең басты элементі* - мазмұны жағынан теориялық деңгейі жоғары, аудиторияда отырып-ақ сынақтан өтіп, жақсы пікірлерге ие болатын *дәрістер* жинақталды.

Демек, жаппай ашық онлайн курстар келесідей нәтиже береді: арнайы төлемдерсіз сертификаттарға ие болуы; жоғары оқу орындарындағы үздік оқытушылардың дәрістеріне қатысуы; бәселелестікте белгілі бір еорны бар дәстүрлі оқыту жүйесінде кез келген алушы білім жоғары оқу орнының дәрісіне тегін қатыса алуы; ресми талаптарға сәйкес қоғамда өз орны бар кез келген тұлғаның курстан өтуі; серіктестік және ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы.

Өздігінен білім алу кез келген мәселенің шешімін табуда қолданылатын өмір бойы білім алу үдерісі. Демек, ешбір адамның ықпалынсыз, өздігінен іздену, оқу. Өздігінен білім алу болашақ мұғалімнің өз уақытын тиімді жоспарлауына, өзін өзі басқара алауына, баға беруіне септігін тигізеді. Өздігінен білім алу келесідей қағидаларды ұстанады.

- білім алу барысында жетістікке жетуге деген міндеттерінің болуы;
- білім алушыларды өздігінен білім алуға, ресурстарды еркін түрде қолдана біруге үйрету;
- өзінің алған біліміне сай бейнені қалыптастыру.

Тұлға дағдыларындағы білім алу деңгейі өздігінен білім алуы барысында көрінеді. Олар:

- білім алуға деген ұмтылыс;
- білім алуға деген нақты қалыптасқан мақсат;
- оқу материалдарын ажырата білу;
- даму стратегиясына білімінің сәйкес келуі;

- өздігінен білім алу нәтижесі [5].

Тұлға өздігінен үздіксіз іздену барысында қоғам, қоғам болып қалыптасады. Тұлғаның өздігінен білім алу қабілеттерінің қарқынды дамуы бүкіл әлемнің дамуына ықпал етеді. Өйткені өздігінен білім алушы өз іс-әрекетін басқарады және тандай алады. Өздігінен білім алумен айналысуда түрткілерге жауап қайтару мүмкіндіктері жақсы дамиды. Бұл өзгерістерге тез бейімделіп, жеңіске жетуге бірден бір жолы болып табылады [6].

Өздігінен білім алу білім алушының ерекше қабілеттерімен сипатталдады. Ең алдымен білім алушы өз ортасын, алға қойған мақсатын, әдіс тәсілдерін анықтап алуы тиіс. Сонан соң бірінен соң бірін өздігінен білім алу жоспары бойынша орындауы керек. Өздігінен білім алу көп еңбектенуді қажет етеді. Өздігінен білім алуда түрткі ең маңызды рөл ойнайды [7].

Ж.Аймауытұлы өз еңбегінде «өздігінен білім алу қиын екендігінің көп себептері бар. Бәрінен бұрын қиын болатын себебі: өз қылығын бақылау, қақ жарылу: әр адам амал ету керек, әрі сол кезде өз амалын зерттеп, қарастыру керек. Ондайда қақ жарылудың нәтижесінде мына екеуінің бірінен болып, амалымның әуенімен кетемін. Олай болғанда, өзімді сынауға мұршам да келмейді. Әйтпесем өзімді бақылауым, өзімді меңгеріп билеп әкетеді де, өзгенің бәрі мен үшін бітеді. Өзіңді бақылау деген ештеңеден қорықпай, бөгеттерге бой алдырмау» деп анықтама берген[8].

Ш.Т.Таубаева, үздіксіз білім алуда өздігінен білім алу маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бүгінде болашақ мұғалімдердің дағдысы өздігінен білім алу барысындағы практика кезінде қалыптасып, дамиды. Білім беру процесінде өздігінен білім алу маңызды іс-әрекет болып табылады. Цифрлы технологияларды қолдануда негізгі құрал екендігі сөзсіз және маңызды орынға ие [9].

К.М.Беркімбаев «Өздігінен білім алу - екінші бір адамның әсерінсіз жүзеге асатын бір жақты үдеріс. Студенттердің өздігінен білім алу біліктері мен дағдылары дегеніміз - болашақ мамандығы үшін білім алу үшін қажетті қалыптастыратын іс-әрекеті, яғни біліктілік пен дағды қабілетінің компоненттерін құрайтын күрделі құрылымдық дидактикалық категория» деп санайды. [10].

Болашақ маман иелері өмір бойы тек қана үздіксіз іздену, өздігінен білім алу арқылы ғана өз білімдерін жетілдіріп, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасап, сапалы нәтиже көрсете алады. Сондықтан да әлемдік жаңашылдықпен қатар дамып, өсіп отыруға міндетті. Болашақ мұғалім талмай ізденіп, әлемдік жаңалықтан қалыс қалмай, белсенділік көрсеткен ғана жағдайда өзінің қажеттілігін қанағаттандыра алады. Алайда, өздігінен білім алу немесе өзін-өзі дамыту тұлғалар үшін белсенді әрекет болып табылмайды.

Еуропалық білім беру кеңістігіне ену елімізді едәуір жаһандануға алып келгені белгілі. Жаңа талапта мен ережелерге сай әрекет ету оқу үдерісіне де ықпалын тигізбей қоймады. Оған себеп те жоқ емес. Жаңа технологиялардың оқу үдерісімізге енуі, технологияны жетік меңгерген мамандардың аздығы, сонымен қатар, бейінінің болмауы, үйрене алмау, білім алушылар үшін кедергінің себебі болды.

Бүгінде жаһандану - шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, өз ісінің нағыз маманы бөліп қалыптасқан, іскер, бәсекеге қабілетті, жауапкершілігі мол, кәсіби тұрғыда жетілген, құзыретті, дарынды да талантты, үздіксіз ізденумен шұғылданатын, өздігінен білім алатын тұлғаны тәрбиелеу.

ЖОО-да өздігінен білім алатын кәсіби құзыретті маман иесі болуда келесі міндеттерді орындауы тиіс: *біріншіден*, білім жүйесін заман талабына сай жетілдіру (цифрлы жүйеге көшу, компьютер, планшет, телефон және т.б. ақпараттық құралдарымен жабдықталу); *екіншіден*, үздіксіз өздігінен білім алуға жағдай жасау (барлық кітапхана қорына (отандық және шетелдік) еркін ену,); *үшіншіден*, әлемдік деңгейдегі білім кеңістігіне ену (бәсекеге қабілетті өздігінен білім алатын маман даярлау).

Білім берудегі басты мақсаттар мен құндылықтарды жариялады: адам құқықтарын, бейбітшілікті пен достықты нығайту мақсатында тұлғаның өмір бойы әлеуметтік әрекеті мен даму жағдайына мүмкіндіктер жасау, ғылым мен жаңа технологиялар, мәдени, әлеуметтік, экономикалық тұрғыда дамуына әсер ету білімді мамандар даярлау, олардың құзыреттілі мен біліктілігін арттыру, еркін түрде білім алуға тәрбиелеу, білім алу құқығының болуы, заманауи инновациялық әдістерді меңгеру, білім алуға ынталандыру, әдістемелерді жетік меңгеру, кәсіби жетілу [11].

Өздігінен білімін жетілдіруде басты мәселе ретінде ақпараттық кітапхана қорлары қарастырылады. Кітапхана орталықтарын пайдалану болашақ мамандардың ақпарат іздеу және алу көзі болып табылады.

Білім алушылар үшін кітапханада білім алу келесідей жолдармен жүргізіледі:

- көшбасшылардың топта кітапты насихаттаушы ретінде;
- жаңа әдебиеттер көрмесін тек кітапханаларда ғана емес, дәрістерде, семинарларда, конференцияларда ұйымдастыру;
- студенттермен, мұғалімдермен, кітапханашылармен әдебиеттерге шолу жасау;
- түрлі жанрдағы әдебиеттерді жүйелі оқытуды ұйымдастыру;
- оқу мәдениетіне тәрбиелеу және т.б іс-шаралар арқылы.

ЖОО-да ақпараттық-кітапхана орталықтары бұл бағытта үлкен мүмкіндіктерге ие: көркем әдеби, ғылыми және екі құралдары, түрлі аудио, видео жазбалар, анықтамалық қорлар, кітапханалық нұсқаулықтар, компьютерленген оқу залдары және т.б. Алайда, отандық және әлемдік кітапхана қорларын қашықтықтан пайдалану қазіргі таңда мүмкін болмай тұр.

Кітапханның басты міндеттері ретінде келесілер алынады: білім алушыларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету, рухани білім алуға баулу, ұлттық тәрбиені насихаттау, бос уақытты тиімді ұйымдастыра алуға үйрету.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу мен үздіксіз білім алуының жалпы оқу дағдыларын қалыптастыруға келесілер жатады:

- қызықтыратын сұрақ бойынша қажетті кітапты таба білу;
- кітаптан қажетті материалды іздей алу;
- оқыған кітаптан қисынды аяқталған бөліктерін бөліп алу;
- олардың арасында өзара байланыс пен өзара дербестікті белгілеу;
- оқу барысында мәтінге алдын ала қисынды талдау жасау;
- оқылған мәтінге жоспар құру;
- дәрісті жазып алу;
- оқу және өздігінен білім алу әрекетін жоспарлау;
- өзін-өзі бақылау және т.б.

Кітапханалармен көрсетілетін ақпараттық қызмет жиынтығына ақпараттың біріншілік және екіншілік көздерінен мағлұмат беру; көрмелерді көрсету (жаңа түсімдер мен тақырыптық); жаңа түсімдердің, библиографиялық бейнелердің, әдебиеттің тақырыптық тізімдерінің бюллетендерінің дайындығын; қашықтағы мәліметтер базасына қолжеткізу мүмкіндіктерін береді.

Білім алушылардың өздігінен білім алуына кітапханашылар көптеп әсер етеді. Оған төменде көрсетілген іс-әрекеттер себеп болып отыр:

- білім алушылардың каталогтар мен картотеканы қолдануы;
- ғылыми іздену жұмыстарын жазу (дипломдық жұмыс, мақала жазу, баяндама дайындау, СӨЖ және т.б.);
- ресурстармен танысу;
- библиография дайындауда талаптарды сақтау.
- кітаптан материалдарды іздестірудегі жылдамдықты үйрену.

Кітапхана жұмыстарымен білім алушылар жақын танысса, өздігінен білім алуды дамыту соғұрлым қолайлы болып табылады. Болашақ мұғалімдер кітапхана көмегімен өз білімдерін толықтырып, жетілдіріп, креативті ойлау қабілетін шыңдауға, өз әлеуетін көтеруге мүмкіндігі зор.

Құзытеті қалыптасқан білікті маман болып оқу үдерісі кезінде түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданып, мобильді құралдармен өзара байланыс жасап, кез келген жағдайдан шығудың әрқилы жолдарын қарастыруда болашақ мұғалімнің орны ерекше екендігін көрсетеді.

Мұғалім - ғылыми дүниетанымның иесі және оны жүзеге асырушы. Мұғалім педагогикалық және психологиялық білімді, рухани тұрғыда жан дүниесі бай, теорияны практикамен ұштастыра білетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан ұлы тұлға.

Қорыта келе, болашақ мұғалімнің өз ісінің нағыз маман болып қалыптасуына оның өзінше ізденіп, өздігінен білім алуы мен кәсіби құзыретті, білім білік және дағдыларышындалған білім иесі болып қалыптасу қажеттігін нақтылай түседі.

Сонымен, жаңа тұрпаттағы өз ісінің нағыз маманы заманауи қоғам талаптарына сәйкес, сыртқы ортаға бейімделген, өзінше іздену жұмысымен айналысатын, жаңа құбылыстар мен нәрселерді ашуға бейім, цифрлық технологияны жетік меңгерген, заманауи әдістер мен тәсілдерді оқу үдерісінде шеберлікпен қолдана алатын, білімді болуға міндетті тұлға. Білім нәрімен сусындатып, өз өмірін үйрету мен оқытуға арнаған мұғалім үшін өздігінен білім алу басты мақсат болып саналады. Өйткені өздігінен білім алу, білім алушының психологиясын, оның тәрбиесін, қабілетін, ынтасын толықтай тануға, сонымен бірге, оқыту мен тәрбие процесін, технологияларын тану мен қолдануда өзара тығыз байланысты мәселелердің бірі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. 10 қаңтар 2018 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың мақаласынан «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» Егемен Қазақстан. 09.01.2020.
3. Беркимбаев К., Бекбулатова И., Нышанова С., Ниязова Г. Болашақ маманның коммуникативтік әлеуетін дамытудағы интернет желісін пайдалану мүмкіндіктері // ҚазҰПУ Хабаршы Вестник «Физика-математика ғылымдары» сериясы. - 2015. - №2(50). - Б. 193-199.
4. Беркимбаев К.М., Нышанова С.Т., Мейрбекова Г. To the problem of training future ecologists in the conditions of globalization // Бюллетень лаборатории математического, естественно-научного образования и информатизации. Рецензируемый сборник научных трудов. - М., 2012. - Т. 2. - С. 196-197
5. Gizem Salas. Öğretmen adaylarının kendi kendine öğrenmeye hazirbulunuşluklari (Anadolu Üniversitesi örneği). Yüksek lisans tezi. Eskişehir.Anadolu Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü.Aralık 2010.- 96

6. Mehmet Eroğlu. Kendi kendine öğrenmeye ilişkin yapılan araştırmaların değerlendirilmesi evaluation of researches on self-directed learning. International academic research congress. Ines 2017
7. Mustafa Ulusoy. Yaşamboyu eğitim açısından verili eğitim ortamında kendi kendine öğrenme. A.Ü. Sosyal Bilimler Enstitüsü. 25 Ağustos 2010
8. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы: «Рауан», 1995, 312 бет. 49-51 б.
9. Ш.Т.Таубаева. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы / Ш.Т.Таубаева. – 2бас. Алматы: Қарасай, 2016.- 432б.
10. К.М.Беркімбаева. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі. Пед.ғыл.докт. дисс. Түркістан,- 2006.- 323 бет – 192б.
11. К.Т.Арынев. Проблема устойчивого развития непрерывного образования: поиск решений // Білім. Образование, 2004 №(16). – С.-85-93

РАЗВИТИЕ САМООБРАЗОВАНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ - СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

Аннотация

В статье рассмотрены проблемы самообразования будущих учителей, источники получения информации, эффективность дистанционного обучения и обучения на публичных онлайн курсах, раскрыты сведения е массовых открытых онлайн-курсах, открытых Джерджем Сименсем. Как известно, самообразование-это процесс, в котором происходит всю жизнь, поэтому всеобщее изучение открытых онлайн курсов обязывает всех. Освоение современных технологий, его применение является главной задачей в области образования. Это говорит о необходимости формирования у будущего специалиста. Кроме того, у будущих учителей представлен перечень принципов, в которых будут отражены навыки, умения, свойства, формируемые в самообразовании. Для того, чтобы будущий специалист был компетентным, главным вопросом является его непрерывный поиск. Следовательно, использование библиотечного фонда, эффективнее использование, умение находить необходимую информацию, безусловно, является необходимостью для будущего специалиста. Как говорится, будущий учитель способен показать свою конкурентноспособность.

Ключевые слова: самообразования, будущий учитель, дистанционное обучение, онлайн курс, информационные технологии, информационная библиотека.

THE DEVELOPMENT OF SELF-EDUCATION OF FUTURE TEACHERS IS A COMPONENT OF PROFESSIONAL TRAINING

Annotation

the article deals with the problems of self-education of future teachers, sources of information, the effectiveness of distance learning and training in public online courses, and discloses information about mass open online courses opened by George Siemens. As you know, self-education is a process that takes place all your life, so the universal study of open online courses obliges everyone. The development of modern technologies and their application is the main task in the field of education. This indicates the need to form a future specialist. In addition, future teachers have a list of principles that will reflect the skills, abilities, and properties that are formed in self-education. In order for the future specialist to be competent, the main issue is his continuous search. Therefore, the use of the library Fund, effective use, the ability to find the necessary information, of course, is a necessity for a future specialist. As they say, the future teacher is able to show their competitive ability.

Keywords: self-education, future teacher, distance learning, online course, information technology, information library.

АТА-АНАЛАРДЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ТАРТУ

Смагулова Г.Г.

№19 орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Рудный қаласы

Аннотация

Бүгінгі таңда ата-аналардың мектеп өміріне белсенді түрде араласпауы, балалардың оқу үлгеріміне көңіл бөлмеу мәселесі туындап отыр. Сол себепті бұл мақаладасұрақтарға негізделген зерттеуді ұсына отырып, мектеп оқушыларының оқу үдерісіне ата-аналардың қатысу тәжірибесін зерттеу және ата-аналарға әсер ететін факторлар туралы сөз қозғалады. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі қайткенде нәтижелі болмақ? Әрине, бұл сұраққа әркім әрқилы жауап беруі мүмкін, алайда олардың басым бөлігі «Мұғалім мен ата-ана бірлескен уақытта» дер еді. Шындығында, бала тәрбиесіне мектептен басқа оның қоршаған ортасы мен отбасының ықпал ететінін ескерсек, ол кезде мектеп пен ата-аналар арасында тығыз байланыс болуы өте маңызды. Алайда қазіргі кезде ата-аналардың мектептің тыныс-тіршілігіне белсенді түрде араласпау, балалардың оқу үлгеріміне көңіл бөлмеу сияқты мәселесі өзектілігін жоғалтпай отыр. Осыған орай мектебімізде ата-аналарға әсер ететін факторлар мен олардың балаларының оқу үдерісіне ете араласудағы қиындықтарынан анықтау мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеуге 1-11 сынып ата-аналары, мектеп ұжымы қатысты. Зерттеу кезеңдері нақтыланып, жұмыс жоспары жан-жақты қарастырылды.

Кілт сөздер: оқу үдерісі, мектеп, ата-ана, жаңартылған бағдарлама, коучинг

Ғылыми тұрғыдағы зерттеулердің мәселесін талдасақ, көптеген ғалымдар ата-аналарды мектептегі білім беру үдерісіне тарту үлгерімнің артуына, мектептегі мінез-құлқындағы қиындықтардың азаюына және тіпті білім алу үдерісін байытуға ықпал ететін маңызды фактор деп санайтынынанықтадық[1.б. 56].

Мектептегі білім беру саласына ата-аналардың қатысуы - кең таралған тақырып. Әлемдік білім беру саласында зерттеушілер мен педагогтер ата-аналардың білім беру үдерісіне қатыстыру мүмкіндігінің кеңейіп зерттеуде және әуел бастан-ақ ата-аналардың қатысуы балаларының мектептегі табыстылығының ең басты жолы деген пікірді ұстанады [2.б.103-113] екен. Ата-аналардың білім беру саласына араласуы балаларға да, сондай-ақ мектепке де әсер ететіні жалпы кең жайылған пікір, себебі ата-аналардың білім беру үдерісіне қатысуы мектептегі білім берудің ең құнды аспектісінің бірі болып саналады және ата-аналардың анағұрлым көп қатысуы білім алу үдерісін кеңейтуі мүмкін. Осы ретте ғалымдар ата-аналардың, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің қарым-қатынасын көтермелеу мектепте білім беру қоғамдастығының прогресі үшін маңызды деп болжайды.

Вилер мектепте ата-аналардың ең көп қатысатын бөлігі бастауыш деңгейде орын алатынын растайды [3.б.28-35]. Сонымен қатар, ата-аналар мен мектеп қызметкерлерінің арасында балалар есейген сайын ата-аналардың қатысуы аз талап етіледі деген жалпы түсінік қалыптасқан және бұл жоғары сыныптарда ата-ананың қатысуының азаюына әкеледі. Бірақ бұл пікір орта білім беретін мектеп оқушылары ата-аналарының мектептегі білім беруге қатысқылары келмейтінін білдірмейді, керісінше қатысу мүмкіндіктерінің неғұрлым шектеулі екендігін білдіреді.

Әлемдік білім беру саласында ата-аналардың қатысуы туралы сілтемелердің кең ауқымын пайдалана отырып, қазіргі таңда бұл тақырыптың бүкіл әлемдегі педагогтер мен ата-аналар үшін маңызды қызығушылығын тудыратыны туралы қорытынды жасауға болады. Зерттеу мәліметтері бойынша ата-аналарды мектептегі білім беру үдерісіне қатысуға шақыру жағдайын құру өте маңызды екендігін байқатады. Эпштейн ата-аналардың білім беруді жақсартуы бойынша жаңа бағыттарға негізгі қатысушылардың бірі болып табылатынын айтады [4.б.18-41]. Бірақ ата-аналар балалардың білім алу үдерісіне қатысуының маңыздылығын мойындау үшін түрлі себептері бар екенін біледі. Дегенмен қазақстандық орта мектептерде ата-аналардың қатысуын арттыру үшін пайдаланылатын тәжірибелерді әлі ешкім зерттеп, оны жариялаған емес.

Қазақстанда бүгінге дейін мектеп білімінде ата-ананың қатысуы тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізілген жоқ. Бұл мақалада осыған қатысты Қазақстандағы білім беру саласында ата-ананың қатысуы туралы қандай да бір мәселелер мен зерттеу мәселесінің нәтижелері берілді. Сонымен қатар мектеп өмірінде ата-аналарды осы проблемаға тартуда ақпараттық ортаның жетіспеушілігі ортағасалынды.

Қазақстан үкіметі келешек ұрпақты тәрбиелеуде биік мақсаттар белгілеп отыр, сондықтан аталмыш зерттеудің мақсаты білім беру өзгерістерінде ата-аналардың білім беруге қатысуы қалай іске асып, нені көздейтіндігін жеткізу болып табылады.

Жеке тәжірибеміз бойынша және бақылау-зерттеу барысында ата-аналар мен мектеп бір-бірімен өзара қарым-қатынас үшін қадамдар жасай алатыны айқын болды.

Бұл зерттеуде ата-аналардың қатысуы, негізінен, өз балаларының үйдегі оқуына қолдау көрсететін, мектеппен жақсы қарым-қатынасты құрайтын және мектепке өз уақытын бөлетін, мектеп қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар бірлестігімен тығыз жұмыс істейтін ата-аналардың дағдысын қарастырады.

Мектеп пен отбасының арасындағы өзара қарым-қатынасты орнату ата-ана үшін де, мектеп үшін де маңызды. Бұл балалардың академиялық үлгерімінің артуына және ата-ана мен мектептің арасында сенім орнатуға көмектеседі және «мектепті оқытатын қоғамдастық ретінде дамыту» үшін маңызды [5.б.117-129]. Осы себепті бұл тәсіл мектеп пен ата-аналардың қарым-қатынасындағы сыни аспекті болып саналады. Ата-аналар мен оқушылар бұл зерттеуде тиімді коммуникацияның маңыздылығын растайды, сондай-ақ ата-аналар мен мектеп үшін маңызды екендігі көрсетілді.

Мектептегі коммуникация ата-аналар жиналысына келу, мұғалімдергесирек телефон шалумен шектелген.

Мұғалімдер мен ата-аналар жиналысы - өзара қарым-қатынастың басқа тәсілі. Ата-аналар жиналысының тиімділігін мектеп пен ата-аналар арасында жағымды қарым-қатынастар орнатудың басқа жолы ретінде қарастырады. Бірақ зерттеулер қорытындысы ата-аналардың бұл жиналыстарда академиялық сұрақтарды талқылаумен шектелетіндіктен нашар коммуникацияны бастан кешетінін растайды. Бұл мәселені талқылай келе, ата-аналар жиналысын ұйымдастыруды қайта қарастыру қажеттілігін ұсынады және мектепте жұмыс істейтін идеяларды талқылайтын түрлі жиналыстарды ұйымдастыру қажеттілігі ұсынылды.

Мектеп пен отбасының арасындағы сындарлы қарым-қатынастың жоқтығы қатысушылар арасында мазасыздануды туғызды. Олар ата-аналар мен оқушылар қатысатын сабаққа жәнесынып сағаттарына және факультативтік сабақтарға қатысудың тиімді коммуникациясын арттырудың мүмкін болатын шешіміекенін көрсетті. Пейн балалар, мұғалімдер мен әкімшілер біргеоқуға және бір-бірін білуге мүмкіндікті қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізу қажеттілігін айтады[6.б.8-10]. Мұндай коммуникация ата-аналар мен мұғалімдер үшін балалардың білім алуын қолдау мақсатындағы қарым-қатынаста болуы үшін қажет.Ата-аналар мен мектеп арасындағы коммуникацияны жақсартуда түрлі іс-шаралар тәсілдерінің тиімділігі қарастырылды.


Жаңартылған білім мазмұнының ерекшелігін меңгертуде 2016 жылдан бері мектепте дәстүргеайналдырғаната-аналарға коучингтер өткізіледі.



Коучингтердеата-аналарға кері байланыс жасауды, өздігінен білім алу жолдары көрсетіледі. Коучингтер соңында рефлексия жүргізіледі.



Сонымен қатар, жыл сайын әр жарты жылдықта «Ашық есік» күніұйымдастырылады. Әр ата-ана өз таңдауы бойынша баласының оқу үлгерімі қолдауды қажет ететін пәнге қатысады. Дегенмен зерттеу барысында бастауыш сынып ата-аналарының «Ашық есік» күніне көбірек қатысатыны анықталды.Ал орта және жоғары буын ата-аналарыныңіс-шараға қатысу деңгейі төмендігінің себептерін талқыладық.



Анықталғаны: біріншіден, балалар ата-аналарының мектепке келгенін қаламайды, ата-аналарының қатысуы қажетті деп санамайды. *(ата-аналардың қатысу деңгейінің мониторингі)*

Екіншіден, ата-аналар өз балаларын өздері ересек деп санайтындықтан, тәуелсіздік ниетін қолдағылары келгенін көрсетті, бірақ ата-аналардың қатысуы әлі күнге дейін маңызды болып саналады. Балалар ересек жасқа жеткенімен, олардың жасында кең және терең өмірлік тәжірибелерінің жоқтығынан оңтайлы шешім қабылдау мен таңдауды жүзеге асыра алмайтындықтан, бақылау мен қолдауға мұқтаж екендіктерін қоса ескертілді.

Ата-аналар мен мектеп арасындағы бірлескен жұмысты ұйымдастыру мақсатында мектеп спортзалында барлық пән мұғалімдері жеке-жеке отырып, әрбір ата-анаға баласының оқу-үлгерімі жайында барынша толық ақпараттар берді. Зерттеу барысында осы іс-шара балалардың үлгерімін қолдаудағы және балалардың білім алуындағы маңыздылығынан хабардар болуын арттырудың жағымды тәсілі болып саналды. Осы зерттеу қорытындыларына сәйкес ата-ана мен пән



мұғалімі арасындағы талқылаулар (3-сурет, пән мұғалімімен жеке оқу нәтижесін арттыратынын әңгімелесу кезінде ата-аналар үй жұмысы маңызды бөлік екенін балаларға түрлі жолдармен тырысатынын білдірді. (4-сурет, жеке әңгіме)



Ата-аналар мен мұғалімдер балаларды оқыту үшін ұжымдық бірлескен жауапкершіліктің болуы керек екендігімен келісетіндіктерін білдірді.

Қорытындылай келе, мектеп пен ата-ана арасындағы оқыту мен оқу үдерісінде бірлескен жұмыс болғанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Эпштейн Дж.Л. мен Шелдон С. (2006). Алға жылжи отырып: Мектеп, отбасы және қоғамның серіктестігі бойынша зерттеуге арналған идеялар. В.С. Конрад және Р. Серлин, Білім беруді зерттеу үшін басқару: Идеяларды тарту. 56-бет.

2. Эпстейн Дж Л., Беккер Х.Дж. (1982). Ата-аналардың қатысуы туралы мұғалімдердің есептері. Мәселелер мен мүмкіндіктер/ «Бастауыш мектеп» журналы, 103-113-бет.

3. Вилер П. (1992) Жалпы білім беретін мектептерде ата-ананың қатысуын алға жылжыту/ Жалпы білім беретін мектеп директорының Ұлттық қауымдастығы бюллетені, 76 (546), 28-35

4. Эпстейн Дж Л.(1985) Болашақ мектептердегі үй мен мектеп байланыстары: ата-аналардың қатысу саласын зерттеу мәндері/ «Peabody» білім беру журналы, 62 (2), 18-41

5. Грэхем-Клей С. (2005). Ата-аналармен араласу: мұғалімдерге арналған стратегия. «Мектеп қоғамы үшін» журналы, 16 (1), 117-129

6. Пейн Р.К. (2006) Ата-аналармен жұмыс: оқушылардың табысы үшін қарым-қатынасты құру. Хайлендс. 8-10

УЧАСТИЕ РОДИТЕЛЕЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

Насегодняшний день назрела необходимость активного вмешательства родителей в школьную жизнь, так как мало внимания уделяется успеваемости учащихся со стороны родителей. Поэтому в данной статье речь идет об изучении опыта участия родителей в учебном процессе школьников и факторах, влияющих на родителей, предлагается исследование, основанное на вопросах.

Ключевые слова: учебный процесс, школа, родители, обновленная программа, коучинг

PARENTS 'PLACE IN EDUCATIONAL PROCESS

Annotation

Nowadays, there is a need for active intervention of parents in school life, not to pay attention to the progress of children. Therefore, this article is about studying the experience of parents ' participation in the educational process of schoolchildren and the factors that affect parents, offering a study based on questions.

Keywords: educational process, school, parents, updated program, coaching

ӘӨЖ 621.865.8-5:623.488

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН БАҒДАРЛАМАУҒА ҮЙРЕТУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Салихова Г.Қ.¹, Бекет С.Б.², Ермек Б.С.³

¹Ғылым магистр, «Сырдария» университеті, оқытушы

²Ғылым магистр, Ф. Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі, оқытушы

³«Сырдария» университеті, магистрант

Аннотация

Қазіргі таңда компьютерлік (мобильді телефондағы) ойындарды ойнап көрмеген, ойнауға қызықпаған балалар өте аз. Олардың мұндай түрдегі ойындарға қызығушылығы өте жоғары. Осы табиғи қызығушылықты оқыту саласында пайдалану бойынша соңғы уақытта отандық та шет елдік те зерттеулер жасалып жатыр. Цифрлық ойындар информатика ғана емес, балалардың жетілуі мен дамып қалыптасуына әсері тұрғысынан психология, педагогика және әлеуметтану салаларында да зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Ойындардың жағымсыз әсерін азайтып, тиімді жағын пайдалану осы зерттеулердің алға қойған мақсаттарының бірі. Бағдарламалау саласын да ойынға қызыққандай құштарлықпен игерер болса онда елімізде бағдарламашылардың тапшылығы мәселесі шешілер еді. Мұның өз кезегінде еліміздің экономикасының дамуына, сонымен қатар информатика ғылымының дамуына қосар үлесі орасан зор болмақ.

Кілт сөздер: компьютер, ғылым, ойын, бағдарлама, оқышы, мектеп

Оқыту мәселелерін шешуде компьютер ойындарын қолданудың тиімді ететін негізгі фактор бұл – мотивация.

Дәстүрлі оқытуда ойын элементтерін білім алу процессіндегі ынталандыру әдісі ретінде қолданды. Ойын арқылы оқытуды қолдану туралы қазақтың ұлы ғалымы, педагог-ағартушы Ахмет Байтұрсыновтабылай дейді: «... баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек»[1].

90-жылдары ағылшын тілді педагогикада «edutainment» термині пайда болды. Бұл education (білім) және entertainment (ойын-сауық) [2] сөзінен құралды. Оның мақсаты күрделі тақырыптарды ойын элементтері арқылы қабылдауды

жеңілдетуге бағытталды. Алайда, бұл әдістер арадан он жыл өтіп, сынға ұшырады; тиімсіз деп танылды [3].

Мектепте бағдарламалауды оқыту үшін цифрлық ойындарды құруды пайдалану оқушылардың ынталандырудың бірнеше түрін қамтиды. Соларға тоқталайық.

Ынталандыру – адамды қайсыбір іс-әрекетке итермелейтін және бағыттайтын факторлар комплексі. «Ынталандыру» термині арқылы 2 құбылысты белгілеуге болады:

- белгілі-бір адамның ынта-ниеттері жүйесі;
- қайсыбір адамның ынта-жігерін оятуға арналған әрекеттер жүйесі.

Компьютер ойындарын құру арқылы бағдарламалауды үйретуде Э.Десише іштен ынталану делінетін концепсия да назар аударарлық. Оны ол өз әдебиетінде басқаша «процесс туғызған ынталану» деп те атаған. Бұл – «іс-әрекет процессінің өзінде бар жетістік үшін әрекет теуге талпыныс» [4].

Бихивеораль теорияларға сүйенсек онда оқып-үйренуге деген ішкі түбегейлі ынта болмақ емес. Бірақ кішкентай балалар балабақшада да үйде де өздері кездескен нәрселерді тоқтаусыз зерттеп, басқарып көріп жатады. Олар өздерін-өздері істей аламын ба, білемін бе деп сынап көреді – олар үшін істей алудың, білудің өзі қызық. Күмәнсіз балаларда оқып-үйренуге деген іштей ынта бар [5]. Осыған қарағанда тәуелсіз болуға, өзін айқындауға деген ішкі қажеттілік бар.

Американдық зерттеушілер Хакман және Олдхем өз жұмысында [6] жұмысқа ынталану моделін айқындаған. Бұл оқыту жағдайында да нәтиже береді.

Жұмыстың кілттік мінездемелері	Негізгі психологиялық жай-күй	Жеке басы және жұмыстағы нәтижелері
Жасай алатын істерінің әртүрлі болуы	Жұмыс маңыздылығын сезіну	Іштен ынталану жоғары деңгейде
Тапсырманың белгіленіп отыруы		Жұмысты орындау сапасы жоғары
Тапсырма мәнділігі		
Автономдылық	Жұмыс нәтижесі үшін жауапкершілік сезіну	Жұмысымен

Жұмыс нәтижесі бойынша кері байланыс	Өз жұмысының нәтижесін білу	қанағаттану сезімі жоғары деңгейде
--------------------------------------	-----------------------------	------------------------------------

Бұл модель жалпы былай әрекет етеді. Жұмыстың 5 кілттік мінездемесі 3 психологиялық жағдайды тудырады. Олар өз кезегінде жеке басына да, жұмысқа да тиімді нәтижелерге алып келеді. Басқаша айтқанда адам жеке өзі (жауапкершілік сезімі) тапсырманы жақсы орындағанын (маңыздылық сезімі) білген (жұмыс нәтижесін білуі) кезде жағымды эмоцияны сезінеді.

Бұл тезисті компьютерлік ойындарды құру негізінде бағдарламалауды үйрену тұрғысынан түсіндірелік.

Қолынан түрлі іс келу түрліше көріністегі белсенділікті, басқаша айтқанда тұлғаның әр-түрлі қабілеттері мен дағдыларын қолдануды талап ететін процесс. Дж.Хакман және Дж.Олдхем қолынан түрлі іс келу бұл ойын тапсырмаларын орындауда қажет, сондықтан ойынды тартымды ететін негізгі себеп болып табылады деп есептейді. Егер процесс адамнан әр-түрлі іс-әрекетті жасай білуді талап етсе онда ол анағұрлым мәнді болып көрінеді [5, 716]. Осы тұрғыдан компьютерлік ойындарды оқытуда пайдалану ішкі ынталанудың табиғи бар болуы себепті жалпы оқу дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Тапсырмалардың белгіленіп отырылуы (идентификациялау) – мұнда берілген тапсырма толық аяқталуы немесе оның кезекті бір кезеңінің аяқталуы айқын (көрнекті) болуы керектігін білдіреді. Басқаша айтқанда көзге көрінетін нәтижесі болуы міндетті. Бағдарламауды оқыту тапсырмалары ретінде компьютерлік ойындарды құру осы критерийге сәйкес келетінін (егер нәтижесі болатын аяқталған этаптарға бөлінсе) байқаймыз.

Тапсырманың мәнділігі – оқушы үшін нәтиже қандайда бір мәнге, маңызға ие болуы керек. Біздің жағдайда оқушы өзін тек ойыншы ғана емес ойын құрушы ретінде сезінеді. Сондықтан бұл көрсеткіш әдетте өте жоғары болып келеді, өз ойынын «нөлден» бастап құру жасөспірім үшін маңызды да мәнді жетістік.

Автономдылық – басқаша айтқанда жеке даралық тапсырылған тапсырманы орындау, жүзеге асыру әдісін, жолын таңдау еркіндігі берілетіндігін білдіреді. Осы критерийді қанағаттандыру біршама қиындықтарға ие. Себебі бағдарламалау ортасын және бағдарламалау әдісін таңдауда еркіндік шектелген. Бағдарламалау ортасы мұғалім тарапынан таңдалады (оқушылар жеке жеке өзі таңдай алмайды) және сол ортаның ойынды жасақтау әдіс тәсілдері шектелген (тіпті нақты белгіленген). Алайда осы критерийді қанағаттандыру үшін құрылатын ойын мазмұнын яғни сюжетін өз еркінше таңдауға барынша жағдай

жасау және бағдарламалау құралдары тарапынан шектеуді азайтуға тырысу қажет.

Кері байланыс – бұл критерий бойынша жұмысты орындау барысында іс-әрекеттің туралығы, тиімділігіне тиісті тура жәнеанық мәліметті алып отыру назарда тұтылады. Компьютерлік ойындарды құруда білім алушыларда кері байланыстың негізгі 3 варианты бар:

- визуалды (бастапқы идеяға қатысты ойын қандай болып шығуы) – жасақтау барысында үздіксіз алынады;
- оқытушыдан – ойын құруда аралық нәтижелер бойынша түзетулер, бағалаулар;
- айналадан – класстастардың, ата-ананың, достарының бағасы.

Психологиялық жағдайлардың (кестеде көрсетілген) ішінен нәтижені білуге тоқтала кетейік.

Нәтижені білу – бұл критерий бойынша білім алушы жұмыс барысында оны қаншалықты дұрыс орындап жатқанын біледі және түсінеді.

Сонымен, ынталандыру күші осымен байланысты мәселені шешу яки тапсырманы орындау тиімділігі – бұл үш тәуелсіз шаманың өзараәрекеттесу нәтижесі; тұлғаның (ынта), тапсырма (мәнділігі, табысты болу ықтималы) және жағдайдың (жұмыстың тартымдылығы, өзге адамдардың жоғары бағасы, т.б.).

Осы факторлардың барлығы компьютер ойындарын құру процессінде және осы процесс негізінде бағдарламалауға үйретуде айқын көрініс табады.

Әдебиеттер

1. Калиев С., Иманбаева Б., А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын оқу тәрбие жүйесіне пайдалану. Алматы: «Өлке», 2002.
2. Egenfeldt-Nielsen, S. Beyond edutainment: Exploring the educational potential of computer games/ S7Egenfeldt-Nielsen. – Copenhagen: IT University of Copenhagen, 2005.
3. Games and Virtual Worlds
[Электрондыресурсы]/<http://www.uu.nl/faculty/science/en/organisation/depts/ics/research/gvw/Pages/default.aspx>.
4. Staw, B.M. Intrinsic and extrinsic motivation [Text] / B.M. Staw. –Morristown, NJ: Silver Burdett, 1976.
5. Deci, E.L. Why we do what we do? [Text] / E.L. Deci. – N.Y.: Grosset/Putnam, 1995.
6. Hackmann, J.R., Oldham, G.R. Work Redesign. – Readings, Mass.: Addison-Wesley, 1980.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР В ИЗУЧЕНИЯХ ПРОГРАММИРОВАНИИ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В настоящее время очень мало детей, которые никогда не играли в компьютерные (мобильные) игры и не интересовались игрой. Они очень заинтересованы в этом типе игр. В последнее время как отечественные, так и зарубежные исследования были проведены на использование этого естественного интереса в образовании. Цифровые игры рассматриваются как предмет изучения не только в области компьютерных наук, но и в психологии, педагогике и социологии с точки зрения их влияния на развитие и рост детей. Одна из целей данного исследования - уменьшить негативные последствия игр и использовать их преимущества. Если бы он освоил область программирования с таким же увлечением игрой, то проблема нехватки программистов в стране была бы решена. Это, в свою очередь, внесет значительный вклад в развитие экономики страны, а также в развитие информатики.

Ключевые слова: компьютер, наука, игра, программа, студент, школа

EFFICIENCY OF USING COMPUTER GAMES IN RESEARCH PROGRAMMING OF SCHOOLCHILDREN

Annotation

Currently, there are very few children who have never played computer (mobile) games and are not interested in the game. They are very interested in this type of game. Recently, both domestic and foreign studies have been conducted on the use of this natural interest in education. Digital games are considered as a subject of study not only in the field of computer science, but also in psychology, pedagogy and sociology in terms of their impact on the development and growth of children. One of the goals of this study is to reduce the negative effects of games and take advantage of them. If he mastered the field of programming with the same passion for the game, then the problem of the lack of programmers in the country would be solved. This, in turn, will make a significant contribution to the development of the country's economy, as well as to the development of computer science.

Keywords: computer, science, game, program, student, school

UDC 37.048.3, 376.545

SOCIAL ADAPTATION OF GIFTED CHILDREN IN FOSTER FAMILIES

Latyshev O¹. Yu., Luisetto M.², Ibrahim G. A. S.³

¹President of International Mariinskaya Academy named after M.D. Shapovalenko, ScD h.c.,
PhD

² Academician-secretary of International Mariinskaya Academy named after M. D. Shapovalenko, PhD

³Vice president of International Mariinskaya Academy named after M.D. Shapovalenko, MD, Professor

Guided by the postulate of universal giftedness of children as such, relevant to a number of educational concepts, we understand that the extreme living conditions of children brought up in foster families, before they get into boarding schools, can contribute to the emergence of a wide range of giftedness manifestations in each child brought up by a foster family, boarding institution. Sometimes, as a result of the harmful effects of social deprivation mechanisms, these children become hostages of frustration and deviant behavior. The methodological basis of this article was the scientific works of V.A. Podkopaeva, V.N. Ilyin, L.N. Makarova, E.V. Petrova and other domestic and foreign researchers.

Key words: *foster family, social adaptation, foster child care center.*

Well-coordinated and systematic efforts of the social and psychological services of a social service institution direct the necessary complex of positive impact on the psyche of a child brought up by a foster family, and eventually return it to the path where its giftedness in one direction or another of self-realization will be able to manifest itself. So, O.E. Kryukova is convinced that “the psychological service in the institution of social services can help to cultivate conditions for educating students to thirst for knowledge, the formation of ideas about the elements of reality that are not directly confirmed in their daily lives. For example, the exotic of the eastern world, pouring from the pages of “A Thousand and One Nights,” finds confirmation in the content of feature films and scientific and educational films about the countries of the East, rather than in the everyday practice of exploring the surrounding world for pupils of a social service institution in central Russia” [1]. Mindful of the need for a quick and high-quality formation in the minds of a child brought up by a substitute family, of rich associative ranks of the artistic plan, we hope that their appearance will be for many children an incentive for their own creativity - both artistic and life-creation itself. At the same time, given the existing practice of the work of social service institutions, it would be difficult for us to hope for the continued nature of the associative rows that arise in their minds, stimulating the pupils to creative activity, in which their talent is manifested. The clip nature of consciousness in most students of social service institutions for children brought up in foster families implies the need to use the richest arsenals of illustrative material in working with them. This can be useful for building vivid, yet predominantly fragmentary life impressions of children into unified logically

justified chains, which do not exclude, however, the child's chance of an original interpretation of certain phenomena or events imprinted in his developing consciousness. M.A. Chernyak claims that "the presence of mental injuries in many social orphans who end up in orphanages when their parents did not fulfill their parental obligations prompted the creation of many diverse services within the walls of orphan institutions, as well as outside them, specialized on a completely new basis. In view of these, as well as the mass of other changes that are not listed here in the system of orphan institutions in the country, there is a need to organize an information and educational space that is specially structured for children brought up in a foster family, or preparing to move into a family, and for those working with by specialists" [7]. Indeed, the combined efforts of diverse support services for pupils, teachers and potential adoptive parents (guardians) are most effectively implemented with the support of ICT and the holistic information and educational environment of the institution. This makes it possible to build in the minds of the child and adults in contact with him a fairly harmonious picture of the world in which the child's self-assertion, brought up by a substitute family, can and should take place, the most diverse aspects of his self-realization will be revealed, and also new levels of his internal self-organization will be revealed. We are close to the thought of T.D. Chernenok regarding the fact that "when conducting lessons, the use of information technology is not an end in itself. In each case, where it is possible to follow the traditional path in organizing educational activities, technical support resources and related educational technologies are accumulated for special cases. For example, participation in the work of distance learning schools - both by profile for students and to improve the qualifications of the teaching staff" [6]. Therefore, what do we do every time we strive to awaken in the mind of a child brought up by a substitute family giftedness in one aspect or another? Either we conduct interviews with science, culture and education figures, where children act as junior correspondents, or we organize a school for a young guide, for example, at the Taganrog Museum of History and Local Lore, located in the beautiful palace of Alferaki, or we find some other way to maintain maximum contact with the real world of child self-realization. However, if this is not possible, we use information resources of a virtual plan, capable of partially or completely replacing in the educational process certain direct references to the realities of the surrounding reality.

References

1. Крюкова О.Е., Латышев О.Ю. Социально-психологическая адаптация детей, воспитывающихся в замещающих семьях, средствами экскурсионно-туристической и краеведческой деятельности // Материалы Первой международной научно-практической

конференции «Внутренний туризм как фактор развития регионов в условиях рыночной экономики (на примере Самарской области)». – Тольятти, 2012. – С. 400-411.

2. Макарова Л.Н., Латышев О.Ю. Роль урока географии в социализации детей, воспитывающихся в замещающих семьях, средствами туризма и краеведения // Материалы Первой международной научно-практической конференции «Внутренний туризм как фактор развития регионов в условиях рыночной экономики (на примере Самарской области)». – Тольятти, 2012. – С. 417-428.

3. Максимова С.В., Латышев О.Ю. Аудио-визуальные средства повышения мотивации// Эхолот 2005 - conf.cpic.ru/echolot2005/rus/reports/theme_677.html - 20k

4. Пилюгина Е.В., Латышев О.Ю. Школа юного экскурсовода как средство развития социального туризма // Материалы Первой международной научно-практической конференции «Внутренний туризм как фактор развития регионов в условиях рыночной экономики (на примере Самарской области)». – Тольятти, 2012. – С. 199-208.

5. Цебулевская А. Г. Образование воспитанников Медведовского детского дома в контексте их социальной адаптации / Социальная педагогика. - 2012. - № 3. - С. 72-77.

6. Черненко Т.Д., Ильин В.Н., Латышев О.Ю. Экспериментальная работа в школе-интернате №1 г. Воронежа в 2007-2008 учебном году // Образовательные технологии XXI века. ОТ'09. Материалы девятой городской научно-практической конференции / Под ред. Гудиловой С.И., Тихомировой К.М., Рудаковой Д.Т. – М. 2009. – С.46-51.

7. Черняк М.А., Латышев О.Ю. Моделирование информационного пространства интернатного учреждения // Материалы XIII Конференции представителей региональных научно-образовательных сетей RELARN-2006. – Барнаул, 2006. – С.241-252.

СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ ОДАРЁННЫХ ДЕТЕЙ В ЗАМЕЩАЮЩИХ СЕМЬЯХ

Аннотация

Руководствуясь актуальным для ряда воспитательных концепций постулатом всеобщей одарённости детей как таковых, мы понимаем, что экстремальные условия жизни детей, воспитывающихся в замещающих семьях, до попадания их в интернатные учреждения могут способствовать возникновению широкого спектра проявлений одарённости у каждого ребёнка, воспитываемого замещающей семьёй, интернатного учреждения. Иногда же в результате пагубного воздействия механизмов социальной депривации эти дети становятся заложниками фрустрации и девиантного поведения. Методологической основой данной статьи послужили научные труды В.А. Подкопаевой, В.Н. Ильина, Л.Н. Макаровой, Е.В. Петровой и других отечественных и зарубежных исследователей.

Ключевые слова: замещающая семья, социальная адаптация, воспитанник, центр помощи детям.

ПАТРОНАТТЫҚ ОТБАСЫДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ

Аннотация

Бірқатар тәрбие тұжырымдамаларына қатысты балалардың жалпы дарындылығының постулатын басшылыққа ала отырып, біз интернаттық мекемелерге кірмес бұрын патронаттық отбасыда тәрбиеленетін балалардың экстремалды тіршілік жағдайлары интернаттық мекемелерге түскенге дейін әр балада дарындылықтың тәрбиелеп отырған орнын басқан жанұяларда, интернаттық мекемелерде тәрбиеленушілері кең көріністерінің пайда болуына ықпал ететінін түсінеміз. Кейде әлеуметтік депрессиялық механизмдердің зиянды әсерінің нәтижесінде бұл балалар көңілі мен девиантты мінез-құлқының барымталарына айналады. Бұл мақаланың әдіснамалық негізі В.А. Подкопаева, В.Н. Ильин, Л.Н. Макарова, Е.В. Петрова және басқа отандық пен шетелдік зерттеушілердің еңбектері болып табылады.

Түйін сөздер: патронаттық отбасы, әлеуметтік бейімделу, тәрбиеленуші, балаларға көмек беру орталығы.

ӘОЖ16.01.45

ҚОҒАМ ДАМУЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Масалиева Ж.А.¹, Нұрбек С.¹.

¹ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Аннотация

Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінің нормативтік базасында орын алған өзгерістер мен толықтырулар, Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған қадамы, оң өзгерістер, ізденістер мен бағдарламалық толықтырулардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне әсерін анықтауға қадам жасалды. Тәрбиелеу мен оқыту педагогикасындағы инновациялық реформалардың игі ықпалы білім алушылардың тұлғалық құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға түрткі боларлық өзектілігін дәлелдеп отыр. Барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінде білім беру процесін ұйымдастыру, жаңарту және жаңғырту бойынша инновациялық қызметтің перспективалық бағыттары ретінде айқындалады. Әлемдегі

ақпараттың қарқынды ағыны мен жоғары технологиялық инновациялар сипатындағы технологиялық революция кезеңі балалар қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында іздене зерттеу, өзіндік ой-пікірін қалыптастыру, ойлап шығару дағдысын меңгерту қажеттілігін туындатты.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім беру, білім беру стандарты, үлгілік бағдарлама, жаңартылған мазмұн, әлемдік білім беру кеңістігі, жаңа талаптар, зияткерлік әлеует.

Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы – білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Білім беру жүйесі үшін маңызды болып табылатын ғасырлық тарихта мектепке дейінгі білім беру саласындағы саясат мектепке дейінгі ұйым желісін дамытуға бағыттталып отыр.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету мақсаты айқындалуда. Республикада білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Ақпараттық кеңістікті кеңейту және әлемдік қоғамдастыққа кіру жағдайында адамзат ресурстарының қалыптасуындағы білім беру рөлінің өсуі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесін жаңа талаптар бойынша жоспарлауы үшін маңызды.

Қоғамымыздың барлық саласында болып жатқан жаһандық қайта құру мемлекетіміздің болашақтағы зияткерлік әлеуетін айқындайтын және оның өсіп-өркендеуіне жағдай жасайтын білім жүйесін де бейжай қалдырмады.

Білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру оқыту жүйесінде осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Атап айтқанда:

- Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

- Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

- Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына көшу [1].

Кез келген диалектикалық даму үрдісі секілді нарықтық экономика жағдайына байланысты білім беру жүйесін реформалау ісі де қарама-қайшылықтарсыз емес. Мұның өзі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті талап етеді.

Азаматтардың білім алу құқығын айқындайтын Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабының қағидасын толығырақ мазмұндап, білім берудің мемлекеттік емес секторларының орны мен рөлін, шетелдік, халықаралық, діни білім беру ұйымдарының құқықтық негіздерін нақтылап, білім мекемелерінің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы қызметтік міндеттерін белгілеу қажеттілігі туындады.

1999 жылы қабылданған «Білім туралы» Заңда құрылымы мен мазмұны жағынан да жаңартылған ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі жасалды [2]. Осы жаңа модельге сай білім беру жүйесі 4 деңгейге:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға;
- орта білімге;
- жоғары кәсіби білімге;
- жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беруге бөлініп, 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған халықаралық білім беру жіктемесіне мейлінше сәйкестендірілді [3].

Бұған дейін жарық көрген бағдарламалардың басым көпшілігінде білім берудің мектепке дейінгі сатысы жалпы білім беру жүйесінен жеке, өз алдына қарастырылып келген болатын. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың нормативті-құқықтық базасы да түрлі өзгертулер мен толықтырулар негізінде қалыптасып, дамыды. Соңғы уақыттарда бес күндік оқу жүйесі, 12 жылдық білім беру бағдарламасы, үштілділіктің жайы, оқу мерзімінің ұзартылуы, Ұлттық бірыңғай тестілеудің тың талаптары қоғамдағы басы ашық сұрақтарға айналғаны жасырын емес. Оң шешімдердің бірі ретінде білім беру мазмұнын жаңарту шаралары ұйымдастырылды. Педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісіндегі өзгерістер білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етуде.

Білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған жаңартылған білім бағдарламасы

негізінен үш құжаттан тұрады: оқу бағдарламасы, оқу жоспары және бағалаудың түрлері. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық тұрғыда пайдалана білу дайындығына бағытталады. Бағдарламаның ерекшелігі ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған, ақпаратты іздеу, талдау және қорытынды жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция кезеңінде ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларына өзгеріс ендіруде. Өйткені қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да жетіліп, өзгеруде. Жалпы білім беру жүйесі робототехника, құрастыру, бағдарламалау, үлгілеу, 3D-жобалау сынды балаларды қызықтыратын, жаңаша бағыттағы пәндермен толығуда. Балалар қажеттілігін қанағаттандыру, олардың бойында замана талаптарына сай іздене зерттеу, өзіндік ой-пікірін қалыптастыру, ойлап шығару дағдысын меңгерту қажеттілігі туындады. Оның шешімі ретінде STEM (science, technology, engineering and mathematics) оқытудың біріктірілген тәсілі қолданысқа енуде. Бұл тәсіл дамыған Австрия, Германия, Греция, Ирландия, Италия, Норвегия, Румыния, Түркия және Ұлыбритания сынды мемлекеттерде инновациялық әдістерді жинау және білім алушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын жоғарылату ғана емес, сонымен қатар мансап туралы көлемді ақпаратты ұсынуды да мақсат етеді. Бұл қызықтыра отырып оқыту желісіне негізделген, бала болашағын жоспарлауға бағыттаудағы таптырмас құрал.

Жалпы функционалдық сауаттылықтың оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану ғылыми сауаттылық деп аталатын үш түрі анықталған. Соның бірі қазақ, орыс тілі негізіндегі оқу сауаттылығы мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері ретінде анықталады.

Оқу сауаттылығының бастапқы баспалдағы білім берудің мектепке дейінгі деңгейінен басталады десек, бұл кезең баланың жеке әлеуметтік қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады. 5-6 жастағы балалардың мектепалды даярлығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің аяқтаушы буыны болып табылады, бұл бастауыш білім беруді алу үшін баланың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіреді.

Халықаралық тәжірибе заманауи білім берудің өзекті міндеттерінің бірі мектепке дейінгі жастағы зияткерлік тұрғыдан дамыған балаларды анықтау,

оқыту мен тәрбиелеу болып табылатынын көрсетеді. Білімнің мазмұны дидактиканың негізгі ұғымдарының бірі ретінде балаларға «Негізгі оқыту керек?» деген сауал аясында жұмыс жасайды. Өйткені бала тағдыры көбіне оның білімінің саны мен сапасына байланысты, яғни білімнің мазмұны жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамытуға бағытталған жағдайда ғана нәтижелі болады. «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» [4] мен мектепке дейінгі білім берудің базалық компоненті мектеп жасына дейінгі баланың ішкі жан дүниесі мен мүмкіндіктерін, яғни өзіндік ерекшеліктері мен қабілетін, физикалық және эмоционалдық тұрғыдағы танымдық процесін әр қырынан қарастыратын мәселелерді қамтиды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын қызметінен оқу қызметіне біртіндеп өтуге дайындығын ұйымдастыра отырып, балаға өмір бойы қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу жолдарын айқындау қажеттілігі кезек күттірмейтін процесс.

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында: «Білім берудің мектепке дейінгі сатысы дайындық кезең ретінде орта білім алудың үздіксіз жүйесіне енетіндігін айта келіп, тәрбиелеу ұйымдарының әр типтілігіне қарамастан олардың ортақ функциялары – баланың денсаулығын, психикалық санасын жетілдіру және қорғау, баланың ақыл-ойы мен тұлғасының дамуын қамтамасыз ету» [5] деп нақты атап көрсеткен. Бұл сана-сезімі ұлттық психология негізінде қалыптасқан, дені сау, білімге деген қызығушылығы жоғары, өздігінен іс-әрекет жасау дағдыларын меңгерген тұлға даярлап шығару мектепке дейінгі мекемелердің міндеті екенін көрсетеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем сөйлеуін дамыту мәселесі бағдарламаға сай дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алып жүргізіледі. Әсіресе, баланы мектепке даярлауда олардың байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын байыту, өз ойларын басқару, түсіндіре білу жақтарына баса көңіл бөлінеді.

2016-2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына [6], Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы [6] және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына [8] сәйкес ұйымдастырылады деп көрсетілген.

Қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылған стандартта мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие

мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар, мектепке дейінгі ұйымда балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру мәселелері айқындалған. «Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар», «Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар», «Оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар» деп аталатын бөлімдерге бөліп, әрбір баланың жетістіктерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы негізінде ұйымдастыру, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің нормативтік мерзімдері, балалардың міндетті түрде меңгеруі тиіс мазмұнның көлемі көрсетілген.

1996 жылдан қазақ балабақшаларына арналған «Балбөбек» бағдарламасы [9], 1999 жылдан «Балабақшада 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы» [10], 2006 жылдан балабақшаның 5 жастағы ересектер тобына арналған «Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы» [11], 2007 жылдан «Қайнар» [12], «Қарлығаш» бағдарламалары [13] және түрлі «Кемпірқосақ», «Даму», «Болашақ» сынды вариативтік бағдарламалар қолданыста болды. Вариативті компонент ұйымдастырылған оқу қызметтерінің бөлімі ретінде жоғары білікті мамандармен мектеп жасына дейінгі балалар үшін оқу жүктемесінің шекті деңгейінен асырмай күннің екінші жартысында ұйымдастырылады. Мектепке дейінгі ұйымның жасалған жайлы жағдайы әрбір баланың жақсы бейімделуіне және дамуына, қажетті білім, білік және дағдыларды игеруіне жәрдемдеседі. 2013-2014 жылдары қолданыстағы білім беру бағдарламаларының саны мен сапасы бойынша жүргізілген зерделеу жұмысы олардың атауы түрленіп, санының артып отырғанын көрсетті. Баламен ұйымдастырылатын жұмыс түрлеріне, тақырыптық жоспарлауға, қосымша білім беруге арналып, әр түрлі бағытқа ие бола бастағаны, жекеленген тақырып аясында әзірленген авторлық бағдарламаларға айналғаны анықталды.

Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар да бар. Сондықтан әртүрлі бағдарламалар мен оқыту технологияларын оқу мазмұны мен балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңыздылығы артты. Баланың жан-жақты дамуы үшін тиісті орта, яғни мектепке дейінгі зияткерлік ұйым қажеттілігі күн санап артып келеді. Мәселен, АҚШ-та тәжірибеге енгізілген «Тэй-тэй» технологиясы «step by step» немесе «0-12» жастағы балалар мен оның ата-анасына арналған. Бұл технологияда балаларға, оның ата-анасына және педагогтарға білім берудің арнайы академиялық вариантын ұсынады. Бұл технологияда демократиялық принциптер және дамудың адекваттық практикасы болады. Ол Э.Эрикон, Ж.Пиаже, Выготский,

М.Монтессори, И.Г.Пестолоци сынды ғалымдардың теориясынан алынған. «Step by step» өзінің алдына қойған мақсаттарында: бүкіл өмір бойы оқуға тырысатын адамдарды тәрбиелеу, бір-бірін құрметтеу мен демократиялық принциптер арқылы істелетін арнайы білім беру ортасын құруды көздейді.

Қазіргі кезде Қазақстанда бұл технологиямен: 420 мектепалды сыныптары, 2 ата-аналар ассоциациялары, 147 бастауыш сыныптары, 19 жоғары оқу орындары және колледждер, 11 тренинг орталықтары құрылған [14, 326.].

Білім беру жүйесін сапалы инновациялық даму қажеттілігі әлемдік бәсекелестік және жаһандану жағдайында сарапшы-талдамалық «ақыл-ой орталықтарының» мүмкіндіктерін белсенді қолдануды талап етті. Бүгінгі таңда мұндай орталықтар әлемнің барлық дамыған елдерінде табысты жұмыс істеуде. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мәселелеріне қатысты құжаттар, әдістемелік ұсынымдар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылады.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарты жанартылды, оның негізінде 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі құрылымды толық қамтитын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы (ҚР БҒМ №499 бұйрығы 2016 ж.) әзірленіп, еліміздегі мектепке дейінгі 77 ұйымда сынақтан өткізіліп, 2016 жылдан бастап, еліміздің барлық өңірлеріндегі мектепке дейінгі ұйымдарда қолданысқа енгізілді.

Қай ел, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу-білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Аталған Үлгілік бағдарламаның мазмұны ФГОС (Ресей), Мектепке дейінгі оқыту бағдарламасы (Финляндия), Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тәрбиелеу бойынша білім беру ұсыныстары (15 жасқа дейін) (Германия), Балалардың білім беру бағдарламасы (Ирландия), Балаларға күтім көрсететін орталықтарға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы (Жапония), Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы (Белорусь), Перинаталдық кезеңнен үш жасқа дейінгі (педагогикалық кадрлар үшін нұсқаулық), Жетістікке жету бағдарламасы (18 жасқа дейін) (Шотландия) зерделенген білім беру бағдарламаларының ұтымды тұстары мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін «Мәңгілік ел» идеясына негізделді, заман талабына сай баланың дамуына қажетті жағдай туғызуды қарастыратын дидактикалық ұстанымдарға сәйкес құрылды.

Қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асатындығы белгілі. Сол себептен де «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы тарапынан 2016 жылы жарияланған «Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін енгізуге әдістемелік нұсқаулықта» бүлдіршіндердің бойына қазақи құндылықтарды дарытып, рухани бай мұрамызды бойларына сіңіре тәрбиелеу – алда тұрған басты міндеттердің бірі ретінде сипатталады [15, 36.]. Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының көздегені де осы, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың басты тетігі ретінде білім беру ұстанымдарын анықтап, оларды үздіксіз білім беру жүйесінде үзбей іске асыру мәселесінде нақты іс-шаралар ұйымдастырылу қажет. Ең бастысы ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, ұстаз, тәрбиеші, білім беру ұйымдарын басқарушы әкімшілік өздері үлгі бола отырып жас өркенді ақпараттар ағымымен қаруландыруды ғана мақсат тұтпай, адами құндылықты, рухани адамгершілік тәрбиені жас ұрпақтың бойына сіңіруде нақты іске көшудің жолдарын қарастыру қажет [16, 166.]. Мұнда баланың рухани бастауын ашуда кемел мұғалім ретінде ізгілік стилін, ізгілік тәсілдемелерін пайдалану, ата-анамен ынтымақтастық орнату, әрдайым жағымды көңіл-күй туындату арқылы жас ұрпақтың бойына имандылық, ізгілік, кісілік, бауырмалдық, ұлтжандылық т.б. құнды адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру маңызды болмақ.

Білім жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі ретінде орын ала отырып, білім ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауына айналатындығын байқаймыз. Демек, отандық білім жүйесі өз қызметін «білім беруге салынған бүгінгі инвестиция – мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидатқа сүйеніп жұмыс жасау керек деген сөз. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеп, оқыту барысында бүлдіршіндердің қарым қатынас құралдарын және үлкендермен және құрдастарымен өзара іс-қимыл әдістерін меңгеруге, жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдылар қалыптасады. Жалпы балабақшаны білім бастауы, оның қайнар көзі деп нық сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Білім беру жүйесінің басты сипаты және жаңаша бағыттары // Қолжетімді түзім: zkoipk.kz/kz/2016smart1/2584-conf.html

- 2 ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы // Қолжетімді түзім: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
- 3 Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері // Қолжетімді түзім: www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=4&id
- 4 Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы// Қолжетімді түзім:<https://books.google.com/>
- 5 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қолжетімді түзім: www.enu.kz/downloads
- 6 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты // Қолжетімді түзім: adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080
- 7 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы // Қолжетімді түзім: adilet.zan.kz/kaz/docs
- 8 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары // Қолжетімді түзім: adilet.zan.kz/kaz/docs
- 9 «Балбөбек» бағдарламасы (қазақ балабақшаларына арналған бағдарлама). –Алматы: Республикалақ баспа кабинеті,1996
- 10 Балабақшада 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999
- 11 Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламсы (балабақшаның 5 жастағы ересектер тобына арналған). –Алматы, 2006
- 12 «Қайнар» бағдарламасы. –Алматы: Просвещение, 2007
- 13 «Қарлығаш» бағдарламасы. –Астана: Арман – ПВ баспасы, 2008ж
- 14 Жұмабекова Ф.Н Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері. Монография – Астана, 2010. 250 б.
- 15 «Мәңгілік ел»-патриоттық акт (толық мәтін) // Қолжетімді түзім: www.strategy2050.kz
- 16 Жұмабекова Ф.Н. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырудың шарттары // «Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» республикалық педагогикалық оқулары жинағы / «Летопись вековой истории дошкольного образования в Казахстане» сборник Республ. педагогическ. чтениях. Астана, 2017 жыл, 3 мамыр. – Астана, 2017. – 424 б.

***ВЗАИМОСВЯЗЬ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА И ДОШКОЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ***

Аннотация

В статье проанализирована сущность изменений и дополнений, произошедших на нормативной базе системы дошкольного образования. Речь пойдет о шагах казахстанской системы образования, направленных на вхождение в мировое образовательное пространство, позитивных изменениях. Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме инновационных реформ, способствующих повышению качества и конкурентоспособности высшего образования Казахстана. В работе рассматриваются перспективные направления инновационной деятельности по обновлению и модернизации педагогического процесса в образовательных учреждениях всех уровней подготовки. Основное внимание авторы акцентируют на инновациях в дошкольном образовании. Предпринята попытка показать, что в дошкольных учреждениях теперь больше занимаются обучением, нежели воспитанием. Период технологической революции в характере интенсивного потока информации в мире и высокотехнологичных инноваций вызвал необходимость приобретения навыков поиска и изучения, формирования собственного мнения, мышления с целью удовлетворения потребностей детей.

Ключевые слова: *дошкольное образование, образовательные стандарты, типовая программа, обновленное содержание, мировое образовательное пространство, новые требования, интеллектуальный потенциал.*

COMPLETENESS IN DEVELOPED SOCIETIES AND PRESCHOOL EDUCATION

Annotation

The article analyzes the essence of changes and additions that occurred in the regulatory framework of the preschool education system. We will talk about the steps of the Kazakh education system aimed at entering the world educational space, positive changes. The article is devoted to the current problem of innovative reforms that contribute to improving the quality and competitiveness of higher education in Kazakhstan. The paper considers promising areas of innovation for updating and modernizing the pedagogical process in educational institutions of all levels of training. The authors focus on innovations in preschool education. An attempt has been made to show that pre-school institutions are now more engaged in teaching than in education. The period of technological revolution in the nature of the intensive flow of information in the world and high-tech innovations has caused the need to acquire the skills of searching and studying, forming their own opinions, thinking in order to meet the needs of children

Keywords: *preschool education, educational standards, standard program, updated content, global educational space, new requirements, intellectual potential*

ӘОЖ 373.1.103

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ахынова Ұ.С.¹, Тас Ә.А.¹, Абдукадирова Г.А.¹

¹Сырдария университеті

Аннотация

Қазіргі кезде адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өрениеттің әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық қана емес, ол сондай ақ еліміздің экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарт. Адамдардың денсаулығы да сол елдің өркеніеттік деңгейін нығайтатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты. Сондықтан да Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты өмір салты – әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, тазалық пен сауықтыру шараларын сақтауымызға бағытталған» деп көрсеткен. Ғылыми – техникалық прогрестің және өндірістің қарқынды өсуі адамзаттың хал – ахуалының артуына әкеледі. Сонымен бірге техниканың өрлеуі планетаның бірқатар аймақтарында қоршаған орта және адам денсаулығына теріс әсерін тигізуде. Туындап отырған салауаттылық мәселелердің практикалық тиімді шешімін табу үшін жаңа бағытқа – экономика мен өндірістің адам денсаулығын сақтауға бет бұрысы, білім салаларында салауатты өмір салтын кең түрде жүзеге асырудың керектігін көрсетіп отыр.

Соңғы жылдардағы педагогикалық әдебиеттерде “салауаттылық сауаттылығы”, “салауаттылық білім”, “салауатты өмір сүруге тәрбиелеу”, “салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру” т. б. ұсынады. Бұлардың ішінде нақты, дәлірек термин “салауатты өмір салтын қалыптастыратын білім мен тәрбие беру” деп есептейміз, өйткені білім беру оқушылардың ғылыми білім және танымдық іскерлік пен дағдылар жүйесін меңгеру

нәтижесі және үрдісі, соның нәтижесінде олардың шығармашылық күштері мен қабілеттері дамып жеке адамның адамгершілік және басқа сапалары, дүниеге көзқарасы қалыптасады. Ал тәрбие беру – жеке адамның дамуына мақсатты түрде әсер ететін қоғамдағы мінез – құлық тәсілі, сенім, көзқарас, сапалық қасиеттер нәтижесі және үрдісі, жалпы олар бір – бірінсіз жүзеге асуы мүмкін емес.

Салауатты өмір салтын қалыптастыра тәрбие беру – денсаулықты қорғауға бағытталған қоғамға пайдалы еңбек ету, денсаулық туралы алған білімін құрбыларының және көпшіліктің арасында насихаттау, салауатты өмір сүру саласы бойынша ұйымдастырылатын істерге белсенді түрде араласу болып табылады.[1]

Салауатты өмір салты туралы білім берудің мақсаты- оқушылардың салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру, ғылыми білім беру негізінде дүниеге көзқарасын, өзіне, өмірге деген сенімін қалыптастыру болып табылады. Алға қойған мақсат бойынша салауатты өмір салты туралы білім берудің қазіргі заман педагогикасының теориясы мен практикасында екі түрлі үлгісі қалыптасып келеді. Бірінші- көп пәндік үлгі. Мұнда мектепте оқытылатын дәстүрлі пәндердің мазмұны салауаттылық туралы мәселелермен толықтырылып, байытылады. Екіншісі – бір пәнді үлгі, орта мектептің оқу жоспарына арнайы салауаттылық мәселелері қарастырылатын факультативтік курс енгізу арқылы жүзеге асады.

Зерттеуімізге байланысты медициналық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді саралап зерделеу негізінде түйіндегеніміз, оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыратын білім мен тәрбие беруде жеке адамның салауаттылық туралы ойлау қабілетін жетілдіру, қоршаған орта және оның денсаулыққа әсері туралы оң көзқарасын дамытудың қажеттігі. Бүгінгі күн талабы әрбір оқушының негізгі ғылым салаларынан білімді болуымен қоса, ізденімпаздығы, пікір алмасу, ой бөлісу қабілеті жоғарғы деңгейге көтеріліп, өзінің жеке бас сапасын, сауаттылығын күнбе - күн жетілдіріп отыру мүмкіндіктерінің артуы [2].

Салауаттылық жайында білім мен тәрбие беру және білімдері мен біліктерін қалыптастыру жалаң уағыздаумен жүзеге аспайтындығын біле отырып, мәселенің шешімін жоғары оқу орындарында Биология Білім беру бағдарламасында оқытылатын Өсімдіктер және жануарлар экологиясы пәнінің мазмұнымен байланыстыру арқылы жүзеге асыруды мақсат еттік. Сонымен қоса, бағдарламалық мазмұнын басқа да биологиялық пәндермен кіріктіре

отырып оқыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға болатындығын дәлелдемекпіз.

Осыған байланысты мысал ретінде пәнаралық мазмұны бар сабақта студенттерде салауатты өмір салты туралы білімнің қалыптасуын қарастырайық. Сабақтың тақырыбы: “Темекінің адам денсаулығына әсері”

Темекі – наркотикалық зат. Неге? Себебі ғалымдар темекі түтінін жетілдірілген химиялық әдіс – газды хроматография арқылы зерттегенде, оның құрамында көміртек оксидтері, алкан және алкендер, азот оксидтері, ауыр металдар бар екенін анықтаған. Темекінің басқа жанғыш отындардан ерекшелігі – құрамында никотин, оның туындылары, басқада алколоидті улы заттар болады.

Темекі түтіні не үшін улы? Бұл темекінің жану ерекшелігінде. Темекінің жану температурасы төмен, $700 - 800^{\circ}\text{C}$ – ға тең, сондықтан темекі толық жанып үлгері алмайды да, жанумен бірге булану, құрғақ айдалу үрдістері жүріп, нәтижеде күйе, көміртек оксидтері, альдегидтер, эфирлер түзіледі. Бұлар түтінінің улылығын асқындырады. Ал пиролиз үрдісінің нәтижесінде басқа отындар жанғанда түзілмейтін никотин, алколоидті заттар сияқты улы өнімдер бөлінеді. Құрамында осындай токсинді заттардың көп болуы темекінің адам өміріне деген аса қауіпті зат екенін аша түседі. Сүзгілі темекінің сүзгісі темекінің улылығын азайтпайды, қандай темекі болсын түріне, жасалу формасына байланыссыз улы болады.

Темекі түтінінің улы екенін қалай дәлелдейміз? Студенттер темекі түтінінің улы екенін көрсететін “Темекі түтінінің жәндіктерге әсері” тақырыбында зертханалық жұмыс орындайды. Бұл жұмыстың мақсаты – жәндіктердің мысалында шылым шегудің адам денсаулығына зиянын көрсету.

Биологияны пәнаралық мазмұны бар сабақтарды пайдаланып оқытуда сабақ нәтижесін тексеру үшін, **педагогикалық эксперимент кезінде** жоғары оқу орындарының студенттерінің салауатты өмір салты туралы білімдерінің қалыптасу деңгейлері тексерілді. Эксперименттің мақсаты төмендегідей болды: сабақтарға қатысу, мұғалімдермен пікірлесу және жазбаша сауалнама арқылы студенттердің салауаттылық бойынша білім деңгейлерін анықтау. Зерттеу жұмысымызды сапалық талдау негізінде оқушылардың салауатты өмір салты жүйесінің қалыптасу деңгейлерін анықтадық. Олар шартты түрде төмен, орта және жоғары деңгейлер болып бөлінді. Сауалнама сұрақтары студенттердің эксперименттік және бақылау топтарынан алынды [3].

Кестеде 2 берілген сауалнама нәтижесін талдау барысында, студенттердің жартысына жуық бөлігінің (50%, 54%) жауаптарының нәтижелерінің төмен екендігі анықталды. Студенттердің бір аз бөлігі (28%,

26%) салауатты өмір салты ұғымын арақ ішпеу, темекі тартпау, таза жүру деп түсінетіндіктерін, ал енді біреулері (22%, 20%) салауаттылықтың негізгі жолы спорт, денешынықтыру деп ұғатындықтарын көрсетсе, көпшілігі 4 – сұраққа «білмеймін» деп жауап береді, яғни салауаттылық туралы ұғымдардың эксперимент арқылы да қалыптасатынын ұғынбайтындықтарын көрсетті. Демек, қазіргі кезде жоғарғы оқу орындарының студенттеріне салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілуі керек. Соған орай, эксперимент барысында байқалған кемшіліктерді жою мақсатында эксперименттік сабақтар жүйесіжәне әдістемелік нұсқаулар дайындалды.

Кесте 1

Студенттердің салауаттылық сауаттылығы бойынша білім деңгейлерінің нәтижесі

	Деңгейлер	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
	<i>Жоғары</i>	28 %(42)	26 %(39)
	<i>Орта</i>	22%(34)	20%(31)
	<i>Төмен</i>	50%(76)	54%(82)
	<i>Студенттер саны</i>	152	152

Эксперимент барысында Биология білім беру бағдарламасының студенттеріпәнаралық негізде оқытуда салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мынадай жұмыстар жүргізілді:

1. Студенттердің меңгерген салауаттылық туралы білімдерін сабақта қолдана білу іскерліктерін қалыптастыру.
2. Салауаттылық аспектісін қамтитын ұғымдардың мазмұнын жете түсініп, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.
3. Оқу бағдарламалары, оқулықтар және әдебиеттердегі мәліметтерге негізделіп, салауаттылық бағытындағы биологиялық эксперименттердің әдістемелік нұсқауларын әзірлеу. Әдістемелік нұсқауларды сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда қолданудың тиімді жолдарын анықтау.
4. Салауаттылық бағытында тәжірибелер жасап, нәтижесінде студенттердің теориялық білімін практикалық іс - әрекетпен ұштастыру.

5. Салауаттылық бағыттағы шаралар жүйесін ұйымдастыру арқылы студенттердің өз денсаулығына саналы көзқарасын ояту.

Қалыптастыру эксперименті мынадай мақсатта ұйымдастырылды:

- студенттердің биологияныпәнаралық байланыс арқылы оқытуда салауаттылық ұғымдар жүйесін қалыптастырудағы әдістемесінің тиімділігін тексеру.
- зерттеу барысында дайындалған нақты әдістемелік материалдардың мазмұны мен сапасын анықтау.
- дәстүрлі оқыту әдістемесі мен эксперименттік оқыту әдістемесінің нәтижелерін салыстыру.

Кесте 2

Студенттердің салауаттылық туралы білімді меңгеру дәрежесін бақылау нәтижесі

№	деңгейлер	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
1	Жоғары	48% (78)	28%(44)
2	Орта	31,5% (51)	23,2%(36)
3	Төмен	20,5%(33)	48,8%(77)
4	Студенттер саны	162	157

Кесте 2 көріп отырғанымыздай студенттердің жалпы салауаттылық сауаттылығы бойынша білім деңгейі анықталғаннан кейін, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатымен әрбір топтармен іс – шаралар жүргізілді. Талдау нәтижесі эксперимент топ студенттерінің жоғарғы көрсеткішке жеткенін байқатты.

Кесте 3


студенттердің салауаттылық туралы білім деңгейлерінің салыстыру көрсеткіштері

№	деңгейлер	Эксперимент тобы		Бақылау тобы	
		Экспери м. Дейін	Экспер им. Кейін	Экспери м. Дейін	Эксперим. кейін
1	Жоғары	28%	48%	26%	28%

2	Орта	22%	31,5%	20%	23,5 %
3	Төмен	50%	20,5 %	54%	48,8%
4	Студенттер саны	314		309	

Сызбанұсқа 1

Студенттердің салауаттылық туралы білім деңгейлерінің салыстыру диаграммасы



Кесте 3 келтірілген мәліметтерге сүйенсек, эксперимент топ студенттерінің білім деңгейінің жоғарылағандығын көреміз. Салауаттылық туралы ұғымдарын студенттердің жете түсінікпен қабылдауы оларды белгілі бір пайымдауға, ой қорытындыларын жасауға үйретті. Ал бақылау топ студенттерінде мұндай қабілеттіліктер толық қалыптаспаған деп айта аламыз.

Қалыптастыру эксперименті нәтижелерін талдау, студенттерді эксперименттік әдістеме бойынша оқыту барысында, олардың салауаттылық туралы білімдерінде едәуір өзгерістер болғанын көрсетті.

Студенттердесалауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қорытынды бақылаулар нәтижесі арқылы олардың білім деңгейі анықталды. Бақылаулардың нәтижесі бойынша эксперимент топтардағы салауаттылық туралы білімді төмен меңгерген оқушылардың саны 50 ден 27,6 ға төмендеді, ал білімді жоғары деңгейде меңгерген студенттер саны экспериментке дейінгі білімдерімен салыстырғанда 28 дан 43,6 ға артты. Педагогикалық эксперименттің мақсаттарына сәйкес жоғары оқу орындарының студенттеріне салауаттылық туралы білім беруде оқытудың тиімділігі анықталды. Эксперименттің тиімділігінің көрсеткішін анықтау үшін білімнің абсолют өсімінің (А) мәні алынды .

$$A = n_2 - n_1$$

n_2, n_1 – эксперименталдық әдістеме бойынша студенттердің білім деңгейінің көрсеткіші

Кесте 4

Педагогикалық эксперименттің тиімділік көрсеткіші

Білімнің абсолют өсімі		Білім деңгейі %		тиімділігі
		Экспер. Дейін	Эксперим. Кейін	
А	Эксперимент тобы	28%	43,6%	15,6%

Педагогикалық эксперименттің нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Педагогикалық эксперименттің міндеттеріне сәйкес пәнаралық мазмұнды сабақтарды қолдана отырып, студенттерді салауатты өмір салтын қалыптастыра оқытудың тиімділігі анықталды (кесте 4).

2. Эксперимент топтардағы студенттерің салауаттылық жөніндегі білімдерінің жоғарылағандығын байқаймыз.

3. Оқытудың түрлі әдістерін , студенттердің салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастырып, таным әрекетін дамытты.

Әдебиеттер

1. Кертәева Ғ. Дамыта оқыту идеясын жүзеге асыру. Қазақстан мектебі 2002 жыл, №6 3-5 беттер.

2. Кеңесбаева С.М. Болашақ мұғалімді дайындаудың кешендік білім беру жолдары // Білім берудегі менеджмент 2004 ж. №140-41 б.
3. Боталханов Е. Инновациялық іс-әрекетке мұғалім даярлау жолдары// Қазақстан мектебі 2002 жыл, №3 74 бет.

ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ В ОБУЧЕНИИ НА ОСНОВЕ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ КОММУНИКАЦИИ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация

В настоящее время благополучие людей и общества приобретает социальный характер для всего мира. Сегодня человек не может считать себя образованным человеком, прежде чем освоить культуру здорового образа жизни и здоровья. Ведь здоровье каждого из нас это не только личное богатство, но и необходимое условие для роста экономической мощи страны. Здоровье людей также является одним из важных факторов укрепления цивилизованного уровня нашей страны. А основным условием здоровья является культурная среда, здоровый образ жизни. Поэтому глава государства Н.А.Назарбаев в Стратегии «Казахстан – 2030» указал, что «здоровый образ жизни-направлен на то, чтобы каждый из нас занимался физической культурой, правильное питание, соблюдение чистоты и оздоровительных мероприятий». Стремительный рост научно – технического прогресса и производства приводит к повышению состояния человечества. Вместе с тем, рост техники оказывает негативное влияние на окружающую среду и здоровье человека в ряде регионов планеты. Для практического эффективного решения возникающих проблем здорового образа жизни необходимо ориентироваться на новое направление – сохранение здоровья человека в экономике и производстве, а также на широкую реализацию здорового образа жизни в сфере образования.

FORMATION OF HEALTHY IMAGE OF LIFE IN TRAINING ON THE BASIS OF INTERDISCIPLINARY COMMUNICATION IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Annotation

At present, the well-being of people and society is becoming social for the whole world. Today, a person cannot consider himself an educated person before mastering the culture of a healthy lifestyle and health. After all, the health of each of us is not only personal wealth, but

also a necessary condition for the growth of the country's economic power. People's health is also one of the important factors for strengthening the civilized level of our country. And the main condition for health is a cultural environment and a healthy lifestyle. Therefore, the head of state N. A. Nazarbayev in the Strategy "Kazakhstan – 2030" indicated that " a healthy lifestyle is aimed at ensuring that each of us is engaged in physical culture, proper nutrition, cleanliness and Wellness activities." The rapid growth of scientific and technological progress and production leads to an increase in the state of humanity. At the same time, the growth of technology has a negative impact on the environment and human health in a number of regions of the world. For practical effective solutions to problems of a healthy lifestyle, you must focus on a new direction – the preservation of human health, the economy and production, as well as broad implementation of healthy lifestyles in education.

УДК 372.8:159.9

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шорабек Н.Ш.

ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ

Аннотация

Психологияда оқып зерделеудің негізгі объектілерінің бірі - жеке тұлға мәселесі болып табылады. Жеке тұлғаның психикалық ұйымдастырылуының құрылымы, оның қызмет етуі, жеке және толық қабілеттер жүйесінің қалыптасуы және даму процестері зерттеледі. Бұл мақалада зияты зақымдалған оқушылардың өзін-өзі бағалауының ерекшеліктері қарастырылған. Өзін-өзі жеке дара бағалау адамның өзінің қандай да бір нақты әрекетінің нәтижесіне байланысты қатынасын бейнелейді. Сонымен қатар мақалада зияты зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалаудағы қиындықтары қарастырылған.

Кілт сөздер: *зияты зақымдаған балалар, өзін-өзі бағалау, «Мен» концепциясы, талаптану деңгейі.*

Маңыздылығы сол, бұл зерттеулер адамның қоршаған ортада оңтайлы бейімделуін, мақсатты бағытта тәрбиеленуін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Алайда жеке тұлғаның жалпы адами, табиғи құрылымы биологиялық заңдар бойынша қалыптастырылған, бұл әлеуметтік өмірдің, оны талаптарының әсер етуімен орын алды.

Демек, адамның даму процесінде қоғам, әлеуметтік тұқым қуалаушылық та маңызды орында. Бірақ біздің өміріміз өзін - өзі танып білуге, жетілдіруге арналған. Сондықтан даму процесі айналада болып жатқанның бәрін пассивті түрде қабылдау кезінде емес, өзара белсенді әрекет ету нәтижесінде орын алады. Тек сол сәтте ғана «Мен» – дегенге тән кейіп қалыптасуы, өзін және айналасындағыларды сәйкесінше бағалау мүмкіндігі болады, яғни толыққанды еркін тұлғаның маңызды құрамдарының бірін қалыптастыру мүмкіндігі бар. Егер жоғарыда баяндалған өзара белсенді іс әрекет бұл күрделі әрі қарама қайшы әлеммен тиісті деңгейде жүзеге асырылмаса, егер «мен айналамдағыларды естімейтін болсам, ал олар мені түсінбейтін» болса, не істеуге болады? Белгілі бір тұрпаттағы адамзат қауымында Зияты зақымдалған балалардың қоршаған ортаға тиімді бейімделуі, олардың дамуы, оқып білім алуы және тәрбиеленуі үшін оңтайлы жағдай жасау, атап айтқанда олардың өзін-өзі баламалы бағалау қабілетін қалыптастыру айтарлықтай өзекті мәселе болып отыр.

Өзін-өзі бағалау – бұл адамның өзін, өз әрекетін, қарым-қатынасын, жетістігін бағалауы. Тұрақты өзін-өзі бағалау қоршаған ортасы жағының әсерінен және өзінің әрекеті мен оның нәтижесін өзбетінше бағалауынан қалыптасады.

Зияты зақымдаған балалардың өзін-өзі бағалауын Б.В.Зейгарник, Б.С.Братусь, С.Л.Рубинш және т.б.зерттеген. Барлық зерттеушілердің пікірінше зияты зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауы дұрыс емес, тұрақты емес, аффективті сипатқа ие. Оның реттеуші және мобильдеуші қызметі зардап шегеді, яғни тәртібі мен іс-әрекетін реттеуші мен ынталандырушы қызметтері.

Зияты зақымдаған балаларда өзін-өзі ұғыну деңгейі төмен, оған өз әрекеті мен қылығын бағалауда сынмен қарамау тән. Осыған сәйкес жұмысының нәтижесін дұрыс бағаламауы, өз әрекетін дұрыс талдай алмауы пайда болады. Зияты зақымдалған бала әр түрлі таңдау жағдаларында өзгеретін жағдайларды толық есепке алып, талдай алмайды. Бұл өзін-өзі жеделбағалау қызметінің жеткіліксіз тиімділігін көрсетеді. Осы жерде әрекеттің қандай да бір тапсырмасында толық бадарлана алмауы пайда болады. Аталған ерекшеліктер зияты зақымдаған балалардың өзін-өзі бағалауының дамуының өзіндік өзгешелігін көрсетеді.

Зияты зақымдаған балалардың өзін-өзі бағалауы көмекші мектепте түрлі оқу кезеңінде әр түрлі:

1. Бастауыш сынып жасында – төмен немесе жоғары
2. Орта сынып жасында – кишкене адекватты
3. Жоғарғы сынып жасында – өте жоғары.

Бастауыш мектеп жасында өзін-өзі бағалаудың бұзылуы тұлғаның жетілмеуінен, әрекеттің алға қойған мақсаттарын түсінбеуінен, әрекет барысында

қол жеткізіген нәтижелерді бастапқы деректермен салыстыру және талдай алмауынан туындайды.

Зияты зақымдаған жоғарғы мектеп жасындағы балалардың өзін-өзі бағалауының жоғары болуы кемістіктерін компенсациялауға ұмтылумен және өз мүмкіндіктерін объективті бағалай алмауымен түсіндіріледі.

Өзін-өзі бағалауға байланысты талаптану деңгейі де бар. Зияты зақымдаған балаларда талаптану деңгейінің бұзылуы байқалады. Бұл бұзылыстың сипаты кемістіктің сипатымен анықталады. Осылайша қозу және тежелу үдерістерінің тендесіп жүруімен жеңіл дәрежедегі олигофрендерде осы жағдайда біртіндеп адекватты талаптану деңгейін өндіруге болады. Имбецилдік деңгейдегі олигофрендерде талаптану деңгейі өндірімейді. Ауыр эмоционалды бұзылысы бар зияты зақымдалған балаларда тапсырманың қиындығы мен талаптану деңгейі арасындағы қандай да бір тәуелділік бұзылған.

Зияты зақымдаған балалардың талаптану деңгейінің бұзылуы өз мүмкіндіктерін бағалай алмауымен, өз әрекетін жоспарлай алмауымен, оның нәтижелерін болжай алмауымен түсіндіріледі.

Зияты зақымдалған балалардың зият ауытқушылықтары баланы жиі жағдайда оқшаулайтындығына орай Зияты зақымдалған балалардың отбасы мен мектептің, қоғамның жағдайының эмоционалды және тәрбиелік жағдайына тәуелділігі байқалады.

Зерттеушінің пайымдауынша, Зияты зақымдалған балаларның өзін-өзі бағалауының қалыптасуының бастапқы кезеңінде отбасының ықпалы зор болатындығын айтқан. Ата-анасының махаббат сезімінің бөлінбеуі тұлға дамуының түрлі деформациясына әкелуі мүмкін екен: өзін толыққанды сезінуінің жетіспеушіліктері, ашушаңдық т.б. Ғалымдардың пайымдауынша, екі жастан соң балалар түрлі әрекет түрлерін меңгере бастауына байланысты баланың өзін-өзі жеке бағалауы қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала өзінің жетістіктерін өз әрекетінің шынайы нәтижелеріне қарамастан жоғары бағалауы да кездесіп жатады. Бірақ аталмыш кезеңде баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасу үрдісі бастау алып жатқандықтан, ересектер тарапынан болатын жиі бағытталған жағымсыз бағалаулар мен ескертулер тәрбиелік мән бермей, тек баланың келесі ретте өзге әрекет түрлерінен бас тартуына әкелуі мүмкін.

Зияты зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауының жағымды түрінің қалыптасуына балалардың өз жолдастарымен бірге ойнауы, әрекетке түсуі де маңызды болып саналады. Бала өзінің әрекет түрлерін өзімен жасты балалардікімен салыстыра отырып бағалай бастайды. Балалардың жеке өзін-өзі

бағалауы негізінен ересектердің бағалауы мен баланың өз тәжірибесі негізінде қалыптасады.

Ғалымдар балалардың өзін-өзі бағалауының қарқынды қалыптасу кезеңі көбінесе жасөспірім шақта болатындығын айтқан. Сондықтан да жасөспірім балалар өздерінің сәтсіздіктерін өздерінен басқа себептерге итермелеп жатады. Бұл жағдайлар балалар тарапынан ашушандық, қырсықтық сияқты қатынастарды туындатып, тәрбелеу мәселесін де қиындыққа бағыттап жатады. Бұндай әрекеттердің ұзақ уақыт бойы қайталануы бала бойында бекітіліп, мінезінің бір болмысқа айналып кетуі де мүмкін. 14-15 жастағы балалар негізінен өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіруге қабілетті болып саналады (қалыпты балалар). Тұлғаның қоршаған ортада бейімделу процесінің тиімділігі даму процесіндегі белгіленген ауытқуларға қарағанда барынша өзекті. Себебі әлеуметтік бейімделу – бұл әлеуметтік ортаның жағдайына белсенді түрде бейімделудің тұрақты процесі және бұл әртүрлі қызмет түрлері, оның ішінде қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылады. Тап осы қарым-қатынас процесінде қалай болса да өзін-өзі бағалау қалыптасады. Бала ең алдымен, үлкендердің бағалау сипаттамасын өзінен өткізеді, сонан соң «өзіндік» бейінені қалыптасу шамасына қарай қоғамның және өзінің қойған талаптарына сәйкес өзін өзі бағалайды.

Осылайша, тұлға өз - өзін, өзінің мүмкіндіктерін, қабілеттерін және өзге адамдардың арасындағы орнын бағалайды – яғни бұл өзін - өзі бағалау. Бұл оның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әлемінде өзін-өзі сезінуін, оның сыни көзқарасын, өзіне қоятын талабын, өз жетістіктеріне және сәтсіздіктеріне деген қарым-қатынасын жан-жақты анықтай отырып, адам мінез-құлқының маңызды реттеушісі болып табылады. Өзін-өзі бағалау даму кезеңінің барлық сатысында, атап айтқанда даму барысында кемшілігі бар баланың тұлғалық қалыптасуына және қызмет ету тиімділігіне едәуір әсер етеді.

Өзін - өзі жеке дара бағалау адамның өзінің қандай да бір нақты қызметінің нәтижесіне байланысты қатынасын бейнелейді. Өзін-өзі жеке дара бағалау қызығушылық деңгейімен байланысты, яғни адам өзі үшін осы немесе басқа салада тапсырмалардың күрделі болуы дәрежесімен таңдап алады: ол өзінің мүмкіндігін неғұрлым жоғары бағаласа, соғұрлым ол өзінің алдына қиын міндеттер қояды. Өзін-өзі жеке дара бағалау адамның нақты жетістіктерімен әртүрлі үйлесуі мүмкін. Ол төмендетілген, аса жоғары және сәйкес болуы мүмкін.

Осылайша, адамның нақты мүмкіндіктері, оның ішінде даму қабілетінің бұзылуы және оның өз -өзін бағалауы арасындағы алшақтық айтарлықтай күрделі қиындықтарға жетелеуі мүмкін.

Өзін -өзі аса жоғары бағалаған жағдайда қандай да бір қызметтегі сәтсіздіктер эмоционалды ренжулерге, көңіл күйдің бұзылуына, қызметтен бас тартуға жетелесе, ал өзін- өзі аса төмен бағалау өзіне деген сенімділіктің болмауына, тынышсыздыққа, әлсіздікке және үрейленуге жетелейтіні белгілі.

Олигофренопедагогтар мен психологтар Зияты зақымдалған балалардың тұлғалық ерекшеліктерін, олардың эмоционалды құбылыстарын сипаттау үшін танымдық қабілеттерінің, сөздік қорының, ойлау қабілеттерінің жеткіліксіз екені байқалатынын және тұлғалық қабілеттерді қарама-қарсы бағалау басымдылығын белгілейді. Бұл Зияты зақымдалған балаларда моральдік-этикалық көзқарастардың қалыптасу, әлеуметтік-эмоционалды кемелдену, балалардың өз-өзіне және басқаларға қатысты өзінің қатынасын, құрдастарының арасында және барынша кең әлеуметтік ортада өзінің жай-күйін сезіну процесін баяулатады. Жоғарыда аталған ерекшеліктердің барлығы, ең алдымен, атап айтар болсақ, Зиятының зақымдалу себебінен басқа адамдармен байланысының бұзылу, әлеуметтік байланысы кем болу, ойлау және сөйлеу қабілеті бала кезіндегі ерте жаста бастапқы және екінші тұрғыда жетілмеу, сонымен қатар әлеуметтік ортаның жағымсыз әсерлері мен дұрыс тәрбие бермеу салдарына байланысты. Зият функциясы бұзылған бала үнемі өзінің пайдасы жоқ күйін сезінеді, бұл оның толыққанды емес күйде екенін сезінуіне жайсыз әсер етуі мүмкін. Бұл оның тұлғалық қабілетінің дамуы артта қалуына жетелеуі мүмкін. Алайда, кейбір уақытта астамшылық сезімі туындайды.

Зияты зақымдалған балалар белгіленген нормаларға, болжамдарға, талаптарға «тап болады», немесе қалыпты адамдармен өзін жиі салыстырады. Соның салдарынан, толыққанды болмау сезімі ұлғаяды, бұл өз кезегінде өзін - өзі бағалауға және тұлғаның қалыптасуына кері әсер етеді. Өзін- өзі үнемі және айқын түрде төмен бағалау және құрметтеу Зияты зақымдалған баланың өмірге белсенді бейімделуде және сыртқы тіршілік жағдайлары мен тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда тұлғалық қабілетін, жағымды сәттерді және жағдайларды және т.б. әлсіретеді. Мұның нәтижесі көбінесе тұлғаның патологиялық белгілерінің және барынша терең бұзылуларының туындауына әсер етуі мүмкін. Осылайша, Зияты зақымдалған балаларға ең алдымен, қоғам мен олардың айналасындағы ортаның көзқарасының маңызы зор. Зияты зақымдалған бала мен оның социумы арасында белгіленген ақаудың орын алуына байланысты өзіндік сипаты бар арнайы өзара әрекеттесу құрылады. Ауытқушылық баланы оқшаулайды, оны тағдырдың және ортаның тәлкегіне қалдырады. Сондықтан Зияты зақымдалған баланың отбасында, мектепте және қоғамға бірігу процесінде

эмоционалдық және тәрбиелік қарым-қатынасқа түсудің тәуелділігі сау адамға қарағанда едәуір жоғары болып келеді.

Зияты зақымдалған балалардың тұлғалық ерекшеліктерінің және психикалық жағдайының дамуы қалыпты балалардың тұлғалық даму факторларымен анықталады. Адам қоршаған ортамен сезім мүшелері арқылы байланысады. Зият анализаторы үнемі ақпаратты қабылдау каналы болып табылады. Егер зият түйсігі мен қабылдауы жеткіліксіз немесе шектелген болса, адам қоршаған ортадағы болып жатқан маңызды ақпараттардан шектеліп қалады. Көп жағдайда қоршаған ортамен үздіксіз байланысы бұзылады. Баланың Зиятын жоғалтқан уақыты мен деңгейі маңызды рөл атқаратыны белгілі.[5] Зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің өзіндік және баяу дамуы салдарынан сөздік-логикалық ойлау қабілетінің қалыптасуы қиындайды (Р.М.Боскис, Т.А.Власова, Т.В.Розанова және т.б.).

Зияты зақымдалған тұлғаның өзге адамның ішкі дүниесін елестету қабілеті қалыпты тұлғаларға қарағанда кеш дамиды (М.Н.Нудельман). Адамның тұлғалық сапаларын сипаттайтын сөздерді меңгерудегі қиындықтар, оның қобалжуын, моральдық-этикалық қарым-қатынасын, қарым-қатынас барысында сөйлеу тілінің интонация жағын қабылдау мүмкіндігі Зияты зақымдалған баланың тұлғалық қалыптасу процесін тежейді.

Зияты зақымдалған балаларда тұлғалық сапалар, этикалық ұғымдарды меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға кездеседі. Олар бұл сөздерді қалыпты балалардан кейін кешгіп меңгереді. Тәжірибе жүзінде дәлелденгендей Зияты зақымдалған балалардың адамгершілік түсініктерінің даму деңгейі төмен болады. Күрделі емес жағдайда балалар ненің жақсы, ненің жаман екенін түсінеді, бірақ өз беттерінше адамның қарым-қатынасын сипаттап бере алмайды. Мысалы: суретте бейнеленген жағдайды, қарапайым жағдайда олар адамның арасындағы қарым-қатынастың күрделі екенін түсінбеуі мүмкін (Э.Н.Хотеева). Зияты зақымдалған 14-15 жастағы балалар әр түрлі мағынаны білдіретін сөздерді, мысалы, «әдемі», және «жақсы», «мейірімді» және «көңілді», «ұқыпты» және «сыпайы», «жақсы оқушы» және «жақсы дос» сияқты ұғымдарды бірдей ұғымдар деп қабылдайды (Л.Н.Носкова, В.Г.Петрова).

Бастауыш және орта сынып жастағы Зияты зақымдалған балалар сезім және эмоциялық түрлерге байланысты атауларды аз қолданады. Өртүрлі эмоциялық жағдайлардың пайда болу себебін түсіндіре алмайды. Жоғары сынып жасында әлеуметтік-адамгершілік сезім мен эмоциялық жағдайға байланысты түсініктері кеңейеді (В.Петшак). Сонымен қатар Зияты зақымдалған жоғары сынып оқушылары әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің адамгершілік қарым-

қатынасын түсінуде, сөзбен сипатталған жағдайлардағы адамдардың тұлғалық сапаларын түсінуде қиындықтарға тап болады (Л.А.Головчиц).

Зияты зақымдалған балалардың тұлғалық ерекшеліктерінің дамуын шектейтін маңызды факторлардың бірі - қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынастың бұзылысы, әлеуметтік қарым-қатынастың шектелуі. Ақыл ой дамуының жеткіліксіздігінен жақын адамдарымен қанағаттанарлық қарым-қатынас жасау мүмкіншілігінің жоқтығы эмоциялық бұзылыстың пайда болуына әкеліп соғады. [3]

Зияты зақымдалған бала наразылығын сөзбен жеткізе алмағандықтан, ол сол сезімдерін іс-қимылмен, мінезі арқылы көрсетеді. Зияты зақымдалған балаларда бір қарағанда көзге көрінбейтін кемістік болады. Бұл да оның өзге адамдармен қарым-қатынасын қиындатады, әртүрлі проблемалар туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайдың әсерінен көптеген ата-аналар, әсіресе бұрын отбасында Зияты бұзылған бала болмаған ата-аналар, баладағы ауытқушылықты кеш біліп, онымен арнайы түзету жұмыстарын жүргізуді бастайды. Бір жағынан Зияты зақымдалған балалардың мінез-құлқы қоршаған ортада түсінбеушілік туғызуы мүмкін.

Әлеуметтік қарым-қатынаста ең маңыздысы отбасының балаға деген қарым-қатынасын Американдық зерттеушілердің пікірінше 90%-ы Зияты зақымдалған балалардың ата-аналарының Зияты қалыпты. Ата-аналарда қалыптасқан факті егер баласы кемістікпен туылса, ол баласының қалыпты дамуы үшін міндетті болып табылады. Көптеген ата-аналар бұл жағдайды естігенде қиналып (шок), баласының алдында өздерін кінәлі сезінеді. Ал кейбір ата-аналар бұл ақаулықты емдеуге болады деп үміттенеді, кемістік жойылмайды деген пікірді теріске шығарады. Егер ата-аналар өз сезімдерімен жеткілікті тез және нәтижелі жеңе алатын болса, балаларға қойылған талапқа байланысты бір-бірімен келісімге келсе, бұл айқын ерекшелік.

Зияты зақымдаған балалардың тұрақты өзін-өзі бағалауын қалыптастырудағы маңызды да жиі анықтайтын рөлі оның айналасындағы ересек адамдарға тиесілі. Тәрбие және оқыту процесін жүзеге асыра отырып, зияты зақымдалған балалардың әрекетін, қылықтарын, пікірлерін бағалай отырып, олармен жұмыс істейтін мұғалімдер мен басқа да мамандар зияты зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауына бағыттаушы әсер етеді.

Л.С.Выготский, В.И.Лубовский, М.С.Певзнер, С.Л.Рубинштейн және басқа да ғалымдардың пікірінше олигофрениясы бар баланың тұлғасының құрылымдық компоненттері қалыпты баланыкіндей. Алайда танымдық қызметтің, жоғарғы психикалық функциялардың кемшіліктері, эмоциялық-еріктік сферасының дамымауы, мотивациялық-қажеттілік сферасының жетілмеуі, әрекетке

ұмтылудың әлсіз айқындылығы мен қысқа мерзімділігі, дамудың әлеуметтік жағдайының төмендігі мен ерекшелігі салдарынан зияты зақымдаған тұлғалардың жеке басының компоненттерінің өзіндік өзгешелігі болады. Көптеген жағдайларды өзін-өзі тану деңгейінің төмендігі олардың іс-әрекеттерін орындауға дейін емес, кейін ойластыра бастауына әкеледі. Бұл өз кезегінде қате әрекеттерге және алдағы әрекетті жоспарлай алмауға әкеледі. Зияты зақымдаған балалар өз мүмкіндіктерін, бейімділігін, өз еңбегінің нәтижелерін сыни бағалай алмайды. Зияты зақымдаған балаларға тән ойлаудың реттеуші функциясының әлсіздігі жиі олардың өзінің және басқаның іс-әрекеттері мен қылықтарына қатысты сыни еместігін негіздейді. Оларға өз мінез-құлқының өзін-өзі реттеу қиындықтары тән. Әсіресе бұл алыс мақсаттарға қатысты. Жақын алдағы мақсаттар тіпті оның құндылығы аз олса да, алыс мақсатқа қарағанда тартымды болып көрінеді. Бұл мағынада зияты зақымдаған баланың мінез-құлқы - ситуативтілігімен, ішкі түрткі мотивтерінің әлсіздігімен, қанықсыздануымен және сарқылуымен ерекшеленеді. Зияты зақымдаған жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының өзіндік дамуы, жалпы интеллектуалдық дамымауы, жалпы тұлғалық жетілмеушілігімен, сондай-ақ осы жасөспірімдердің әлеуметтік ортасындағы қолайсыз қарым-қатынастарымен байланысты.

Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии. М.: Академия, 1995-864с.
2. Сембаева А.М. Педагогические условия формирования самооценки учащихся. Алматы 2006
3. Чеснокова И.И. Проблема самосознания в психологии М.-1977
4. Лубовский В.И., Л.С.Выготский и специальная психология// Вопросы психологии.- 1966- №6
Соколова Е.Т. Самосознание и самооценка при аномалиях личности. М-1989
5. Власова Т.А, Певзнер М.С – О детях с отклонениями в развитии, М. Просвещение, 1973-175с
6. Бернс Р. Развитие Я- концепции и воспитание- М. Прогресс 1986

ОСОБЕННОСТИ САМООЦЕНКИ УЧАЩИХСЯ С НАРУШЕНИЯМИ ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

Одним из основных объектов изучения психологии является проблема личности. Исследуются структура психической организации личности, ее функционирование, формирование и развитие системы личности и полных способностей.

В данной статье рассмотрены особенности самооценки учащихся с нарушениями интеллекта. Индивидуальная самооценка отражает отношение человека к результатам какого-либо конкретного действия. Кроме того, в статье рассматриваются проблемы самооценки детей с нарушениями интеллекта.

Ключевые слова: умственно отсталые дети, самооценка, концепция «Я», уровень притязаний

INDIVIDUALS OF SELF-EVALUATION INVOLVED IN INTELLECTUAL DISORDERS

Annotation

One of the main objects of the study of psychology is the problem of personality. The structure of the mental organization of personality, its functionality, formation and development of personality systems and full abilities are studied.

This article discusses the features of self-assessment of students with intellectual disabilities. Individual self-esteem reflects a person's attitude to the results of a particular action. In addition, the article discusses the problems of self-esteem of children with intellectual disabilities.

Key features: *mentally retarded child, self-rating, concept «I am», the level of claims*

ӘӨЖ 372.8:159.9

ЕСТУІ НАШАР БАЛА ӨМІРІНДЕГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ешманова Ж.А.

ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ

Аннотация

Нашар еститін оқушыларға арналған мектеп бұл сөйлеу тілі өзгеше мектебі, мұнда оқушылар тек сөйлеуге ғана үйренбейді, сонымен бірге өздеріне бағытталған сөйлеу тілін түсінуге де үйренеді. Арнайы мектептің міндеті, нашар еститін оқушыларға шындықты ауызша сөйлеу тілінің көмегімен бейнелей лау икемдігі дамитындай етіп тілді үйрету керек. Бұл дегеніміз, олар түзету процестерінде, көрнекі-бейнелі ойлауға тән талдап оқытудан өзгеше, біздің тілімізге тән талдап оқытуды игере алулары керек. Осымен нашар еститін балалар тілді игеру үшін ұсынылатын тілдік материалдарды таңдау ерекше қиынға түседі.

Бұл мақалада естуінде ауытқуы бар балалар сөйлеу тілін тек арнайы оқыту арқылы меңгере алатындығы, сонымен қатар, естуінде ауытқуы бар балалар көрнекі-әсерлі ойлау арқылы тапсырмаларды орындау қабілеті қалыпты балаларға қарағанда кеш және қарапайым тәсілдер арқылы қалыптасатындығы сөз болады.

Кілт сөздер: *психология, балалар, есту қабілеті, сөйлеу тілі, дыбыс.*

Естуінде ауытқуы бар оқушылардың есте сақтауы сөйлеу есте сақтауын дамыту негізінде нәтижелі.

Нашар еститін оқушылардың ойлау процестері де өзгешеліктерге ие. Естуінде ауытқуы бар балалар көрнекі-әсерлі ойлау арқылы тапсырмаларды орындау қабілеті қалыпты балаларға қарағанда кеш және қарапайым тәсілдер арқылы қалыптасады [6,18].

Көрнекі-бейнелі ойлау сөйлеу тілінің дамуына тәуелді. Нашар еститін және қалыпты балалар арасындағы көрнекі-бейнелі ойлаудағы айырмашылықтар бастауыш мектеп жасында байқалады. Ал 7 мен 10 жас аралығында көрнекі-бейнелі ойлауы жылдам дамиды. Логикалық ойлау көрнекі-бейнелі ойлау негізінде дамиды. Естуінде ауытқуы бар оқушылардың көрнекі-бейнелі ойлауы баяу дамуына тәуелді логикалық ойлауыда тежеледі.

Бастауыш мектеп жасындағы ауытқуы бар балалар мәтінді оқыған соң оны нақты елестетуде қиналады және көрнекі жағдайда қажетті көрсеткіштерді анықтай алмайды. Жасөспірім жасында сөйлеу тілі арқылы ұсынылған деректерді талдау, жинақтау бұл бұл балаларды қиналдырады. Ал 13 пен 17 жас аралығында логикалық дамуы толық дамиды. Т.В.Розанованың зерттеулері көрсеткендей естуінде ауытқуы бар балалар арасында ойлау даму деңгейі қалыпты балалармен бірдей балалар кездеседі [7, 68]. Бұл жағдай естуінде ауытқуы бар балалардың арнайы оқыту жағдайында зият дамуы орнын толықтырудың жоғары мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

Қалыпты балаларға қарағанда, нашар еститін оқушылар айналасындағылардың сөздерін қабылдаудағы қиындықтарға байланысты, ерте жаста сөйлеу тілін жеткілікті мөлшерде игере алмайды. Айналасындағылардың сөйлеуін толық қабылдамаған, сөздің дыбыстың құрылымын есту мүмкіндігінен айырыды. Бұл балаларға сөйлеу тілі түсініксіз, сөйлем мүшелеріне бөлінбеген, бұрмаланған, сонымен қатар тұрақсыз дыбыстық комплекс түрінде естіледі. Бұл жағдайда айналасындағылардың сөйлеу тіліне еліктеп игеруге олардың мүмкіндіктері өте аз.

Естудің бұзылу деңгейіне, баланы дамытудың педагогикалық шарттарға, есту кемістігінің пайда болу уақытына байланысты нашар еститін балалар мектепке сөйлеу тілі әртүрлі деңгейдегі бұзылысымен барады.

Мұғалімнің алдында нақты заттарды, қимылдарды, заттардың белгілерін білдіретін сөздердің мағынасын түсіне алуын ғана емес, сонымен қатар тұрақты жиналып отыратын сөздердің абстрактылы мағыналарын түсіне алуында қамтамасыз ету міндеті қойылады. Дәл сондықтан, сөйлеу тілімен жұмыс жүргізу тек тіл сабағында ғана қолданылумен шектеліп қана қоймай сонымен қатар барлық басқа пәндерінде де жүргізіледі. Сөйлеу ең алдымен ішкі және сыртқы сөйлеу болып екіге бөлінеді.

Ішкі сөйлеу адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауға арналмаған. Оны адам өзінің ойлау әрекетінің ішкі мақсаты үшін пайдаланады және сыртқа шығарылып айтылмайды, жазылмайды. Сыртқы сөйлеу басқаларға бағытталған сөйлеу. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог болып екіге бөлінеді. Ауызша және жазбаша сөйлеу - бұл адамдардың бір-бірімен тіл көмегі арқылы қарым-қатынас жасауының бір-бірімен байланысқан екі түрі. Ауызша сөйлеу есту арқылы, ал жазбаша - көру арқылы қабылданады. Олардың әрқайсысының өз ерекшеліктері бар. Тек ауызша және жазбаша сөйлеуді ғана емес, сонымен қатар нашар еститіндерге спецификалық болып келетін, сөйлеу тілінің әрбір түрі, анықталған әдістер арқылы қабылданады және сыртқа шығарылады. Жазбаша мен дактиль тілі көру арқылы қабылданады және өз қол қимылдарының көмегімен жүзеге асырылады. Сөйлеу тілінің осы түрі балалармен көбірек қолданады.

Кемістіктің зардаптарын толығымен жою мақсатында нашар еститін оқушылар сөйлеу тілінің жазбаша және дактиль тілдерін ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынаста ең көп қолданылатын ауызша сөйлеу тілін де қолдана алуы қажет. Сөйлеу тілін қолдану - бұл нашар еститін оқушының жан-жақты дамуына қажетті шарт болып табылады. Бұл оқу процесінің ең маңызды міндеті болып табылады. Сөйлеу тілі нашар еститін оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді, оның көрнек -бейнесін ойлаудан сөздік

- логикалыққа біртіндеп ауысуын қамтамасыз етеді, баладағы барлық тұлғаның қасиеттердің қалыптасуына, еститіндер қоғамына қосылуына үлкен әсер етеді. Нашар еститіндерге қарағанда, еститіндердің сөйлеу тілдері, есту анализаторының сақталған қызметтерін қолдану шарттарында дамиды. Бұдан, нашар еститін оқушының сөзді бұрмаланған түрде қабылдайтыны көрінеді. Бұрмаланған сөздер нашар еститін балаға тән, ал сөйлеулері естудің қатысуынсыз дамиды естімейтіндер де болмайды. Сөздік қордың шектеулі, тілдің

грамматикалық құрылымын жеткілікті игере алмау оқылып отырылған мәтін мен ауызша сөйлеу тілін түсіне алуын шектейді[8,136].

Нашар еститін оқушы тілдің грамматикалық құрылымын жеткіліксіз игергендігіндегі жеткіліксіз сөйлеу қоры болуынан,өтінішін,тілегін,сұрағын жеткізу тағы басқа жағдайда өзінің барлық сөйлеу мүмкіндігін жұмылдыруға тырысады. Егер де ол сөзді толығымен білмесе, айналасындағыларға түсінікті болып келетін сөздердің бөлігін айтады.

Нашар еститін оқушылар оқу кезінде қиыншылыққа кезігеді. Сөздердің дыбыстық құрылымын жеткіліксіз білгендіктен, олар мәтіндегі таныс сөздердің өзін түсінбейді.Мысалы:нашар еститін бала"усін"деп қолданып жүрген сөзін, кітапта"жүзім"екенін оқығанда оның мағынасын түсінбейді. Нашар еститін оқушыға сөйлеу тілінің даму деңгейі тек есту қабілетіне ғана емес, сонымен қатар басқа да себептерге,әсіресе есту кемістігінің қай жаста пайда болуына да байланысты.

Егер есту қабілеті 3 жастан кейін пайда болса онда, оқушының сөздік қорында, грамматикалық құрылым, айтылуында аз ғана кемшілігі бар фразалық сөйлеу тілін көруге болады. Егер оқушы естуін мектеп жасында жоғалтса,онда нашар еститін оқушы грамматикалық толық дұрыс тілді,аз ғана айтылу кемшілігімен игерген болып келеді.Нашар еститін оқушының сөйлеу дамуының деңгейі,көп жағдайда оларды тәрбиелеу шарттарымен анықталады. Сонымен қатар,жеке ерекшеліктерге де байланысты: біршама белсендірек және біршама зерегірек балалар өзіндік сөйлеу тілін жақсы игереді, өйткені ерінді оқудың көмегімен сөйлеуді қабылдауды ерте бастайды.

Нашар еститін оқушының сөйлеу тілін қалыптастыру оның тілдік даму спецификасын ескеріп отыруымен, әсіресе меңгерілген тілдік материалдарды:көбінесе оның қолданылуы,сәйкес келушілікке және тағы басқа да ескерумен құрылуы қажет [9,97].

Сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас (коммуникация)іс-әрекеттің айрықша түрі болып табылады, оның мақсаты ойларын алмастыру, бір-бірін түсінуді орнату.Сөйлеу арқылы қарым-қатынаста адамдар әртүрлі ақпараттарды айтады, сұрайды,бір-бірін іс-қимылға итермелейді, пікірлерге өз ойын білдіреді. Сөйлеу қарым-қатынасының тәсілі тіл болып табылады. Коммуникативті әрекет ете алу, айналасындағылардың сөйлеуінде көрінетін тілді игеру жолында жүзеге асырылады. Тіл күрделі құрылым, оның құрамына бірліктер-белгілер және жүйелі қарым-қатынастағы өзінің қасында болатын тәсілдердің әртүрлі қызметтері кіреді. Тілдік белгілердің маңызын, олардың сәйкес келу тәсілдері, формаларын баланы мектепке дейінгі дамыту кезеңіндегі жүйеде қолданса, ол оған қарым-қатынаста

тілді қолдануға, айналасындағыларды түсініп, оларға да түсінікті бола алуға көмектеседі.

Сөйлеу тілінің дамуы мен бұзылуын түзету және сақтандыру логопедиялық ықпал жасау барысының негізгі бағыты болып есептеледі. Логопедияның мағынасы тілдің әлеуметтік маңызымен байланысты. Өзімізге белгілі біздің тіліміз екі міндетті атқарады. Біріншісі адам мен адамды өзара қатыстыру, байланыстыру құралы ретінде қолданылса, екіншісі айтайын деген ойларын бір-біріне жеткізіп түсінісу үшін қолданылады. Онсыз адамдар күресе алмас еді, өзара түсінісіп, дегеніне жете алмас еді. Сондықтан да біздің тіліміз адам қоғамының өсіп-өнуі үшін ең маңызды құрал.

Тілдің сөйлегенде бұзылып, дыбыстың дұрыс қолданылмауы адамның әлеуметтік белсенділігіне, жеке басының қызметіне, сонымен бірге психикалық дамуына әсерін тигізуі мүмкін. Күрделі тіл мүкістіктері немесе тұтықпа сияқты кемістіктер мектепте баланың оқу үлгерімінің төмендеуіне себебін тигізсе, өзіндік мамандық таңдауына да әсер етіп, қиындық туғызады.

Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланысты. Баланың тілін дамытумен бірге біз оның ойын да дамытамыз. Тіл ойдың құралы деп аталады. Біз сөздің жәрдемімен ғана ойлай аламыз. Адамның ойлауы тек тіл арқылы ғана туып және де сол арқылы қолданылады. Олай болса, баланың таза, дұрыс сөйлеуінің оның ойының дамуы үшін де үлкен маңызы бар.

Тіл арқылы балаға ата-аналарымыздың асыл мұрағаттары, өмір тәжірибиелері, нақыл сөздері ұғындырылады. Бұл ұлттық қалыптасуы мен өмір сүруінің жеке ұлт ретінде өмір сүруінің алғы шарты.

Сонымен бірге, тіл – бүкіл адамзаттың жеткен жетістіктерінің жиынтығы мен білім қайнарының бұлағы. Тілді үйрену арқылы балалар, білім негізінің ұңғыл-шұңғылдарын үйренеді.

Тілдік қарым-қатынаста берілетін ақпараттарды адамдар қабылдау, түйсіну, ойлау, секілді психикалық процесс негізінде сөйлеу процесі арқылы меңгеріп, оны қайтадан сыртқа шығарады.

Бұл бағыттар тілді әр қырынан: тілдің теориясы (лингвистика), тілдің психикалық ерекшелігі (психоллингвистика), тілдің әлеуметтік ерекшелігі (социоллингвистика) туралы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бізге қажеттісі психоллингвистикалық бағыт. Себебі тілді меңгеру психикалық ойлау, қабылдау, қиял, зейін т.б. процестер арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан тіл психикалық зерттеудің объектісі болып табылады.

Сөйлеу қарым-қатынасын қамтамасыз ететін маңызды шарт, ол баланың әртүрлі сөйлем модельдерін қолдана алуы болып табылады. Ол соның үлгісі

бойынша қажетті жағдайда нақты фразаларды құрастырады [10, 168].

Тілдегі пікірлердің әртүрлі функционалды бағыттылығын көрсететін сөйлемдердің үш түрі бар: сұраулы, хабарлы. Олар лексико-грамматикалық тәсілдері мен тыныс белгілерін қолдану ерекшеліктері конструкциясы бойынша бөлінеді.

Еститін оқушы үшін сөйлеу әрекеттерінің әр түрін, тілді қолданудың деңгейі тек қана белсенділігімен ғана анықталмайды, сонымен қатар оның сөйлеуін қалыптасу процесіне айналасындағылардың әсер ету деңгейіне де байланысты. Сондықтан қалыпты дамып келе жатқан оқушыны қоғам мен отбасы да тәрбиелеуде осы прцесті тездететін әртүрлі тәсілдер қолданылады. Нашар еститін оқушыларға арнайы құрылған сөйлеу ортасында сөйлеу материалы жөнге келтіріліп, жүйелендірілген түрде болуы қажет. Тілдік материалды игеру процесінің барлық ұйымдастыруы, оны меңгерудің белсенді шартын құруға бағытталған болуы тиіс, сонымен бірге өзіндік сөйлеу әрекетін қамтамасыз ететін механизмдерді қалыптастыру керек.

Нашар еститін оқушыларға арналған мектептің қазақ тілі бағдарламасында, (оқытудан ең көп сағат бөлінеді) сөйлеу тілін қалыптастыру жүйесіне сәйкес қабылданған бөлім бар "Тіл дамыту", "Қоршаған ортамен таныстыру", "Сөйлеуге үйрету және есту қабілетін дамыту" көрсеткен бағыттың екеуінде жүзеге асырып отырады [11, 75].

Әдебиеттер

- 1 “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау” туралы №343 Қазақстан Республикасының Заңы
- 2 Ананьев Б.Г. Анализ трудностей в процессе овладения слабослышащими детьми чтением и письмом // - АПН РСФСР, 1989.
- 3 Нейман Л.В. Слуховая функция и тугоухих и глухонемых детей - М, 1961
- 4 Боксис Р.Ф. Глухие и слабослышащие дети. – М.: Академия педагогических наук, 1963.
- 5 Багрова И.Г. Обучение слабослышащих учащихся восприятию речи на слух. - М.: Педагогика, 2001.
- 6 Запорожец А.В. Избранные психологические труды. Т.1. – М., 1986. – 63 ст.
- 7 Розанова Т.В. Возрастные особенности соотношения ориентации на самооценку и на оценку другими людьми // В кн.: Изучение мотивации поведения детей и подростков. - М., 1978. - С. 81-111.
- 8 Березовский Б.Л. К методике выявления музыкальных особенностей у детей. // вопросы психологии. 1992 .№5

- 9 Боксис Р.М. Учителю о детях с нарушениями слуха. М.: 1998
10 Боксис Л.М., Фингерман Л.Е. Развитие письменной речи в начальных классах школы слабослышащих. М.,2004.
11 Егоров Т.Г. Психология овладения навыком чтения. М.,1993.

ОСОБЕННОСТИ ГОВОРЯЩЕГО ЯЗЫКА В ЖИЗНИ СЛУХОВОГО РЕБЕНКА

Аннотация

Школа для студентов с нарушениями слуха - это другая школа речи, где студенты не только учатся говорить, но и учатся понимать язык, который им адресован. Задача специальной школы состоит в том, чтобы научить глухих учащихся языку таким образом, чтобы они развили способность выразить истину устно. Это означает, что в процессе коррекции они должны овладеть аналитическим обучением нашему языку, в отличие от аналитического обучения визуальному мышлению. Это особенно затрудняет детям с нарушениями слуха выбор языковых материалов, которые им предлагается изучать.

В этой статье будет обсуждаться, что дети с нарушениями слуха могут выучить речь только с помощью специального обучения, а также что дети с нарушениями слуха могут выполнять задачи с помощью зрительного и эмоционального мышления позже и легче, чем нормальные дети.

Ключевые слова: психология, дети, слух, речь, звук.

FEATURES OF THE SPEAKING LANGUAGE IN THE LIFE OF THE HEARING CHILD

Annotation

A school for students with hearing impairments is another school of speech where students not only learn to speak, but also learn to understand the language that is addressed to them. The goal of a special school is to teach deaf learners the language in such a way that they develop the ability to express truth verbally. This means that in the process of correction, they must master the analytical teaching of our language, in contrast to the analytical teaching of visual thinking. This makes it especially difficult for children with hearing impairment to choose the language materials they are invited to learn.

This article will discuss theoretical work on modern phraseology and its objects, and that words and phrases are the main building blocks of a sentence.

Key features: syntax, sentence, complex collocate

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

ӘӨЖ 597.82:591.5

СЦИНКТИ ГЕККОННЫҢ – TERATOSCINCUS SCINCUS SSHLEGEL, 1958 ҚАЗІРГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сартаева Х.М.¹, Жанысбек А. Ә.²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Химия»
кафедрасының доценті

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Химия»
кафедрасының магистранты

Аннотация

Бұл мақалада бауырымен жорғалаушылар класының өкілі - сцинтилляциялық гекконның - Teratoscincus scincus Sshlegelb қазіргі заманғы биологиялық жағдайы туралы ғылыми зерттеулер жүргізілді. Түркістан аймағында сцинтилляциялық гекконның биологиясы мүлдем зерттелген жоқ. Авторлар географиялық таралуы, мекен ету ортасы, белсенділігі, молдығы, тығыздығы, тамақтануы, морфометриясы және осы түрдің шектеуші факторлары туралы бастапқы мәліметтер береді. Зерттеуге сүйене отырып, авторлар зерттеу аймағында тыртық гекконның фондық түр екенін анықтады; жеке адамдар арасында жыныстық диморфизм болмайды; тамақтанудың негізі зиянды омыртқасыздар; өсіру кезінде аналықтарда 2-4 жұмыртқа, т.б.

Кілт сөздер: *популяция, бауырымен жорғалаушылар, тырнақша, фон түрлері, белсенділік, тығыздық, жыныстық диморфизм.*

Бауырымен жорғалаушылар тіршілік ететін орындарын, репродукциялық жерлерін таңдағанда өте көп талғам жасайды, яғни экологиялық популяциясына байланысты тіршілік етуге қолайлы орындарды, репродукциялық жерлерді таңдайды, әртүрлі техногенді факторларға тіршілік еткен ортаның өзгерісіне тұрақты болады.

Бауырымен жорғалаушылар тірі табиғаттың объектісі ретінде физиологиялық жағынан адамға жақын. Оларда жүрген реакциядан қоршаған ортаның ластануы ғана емес, адамның денсаулығы үшін ластанудың соңына алып келетіндігін көрсетеді.

Түркістан облысының территориясында тіршілік ететін бауырымен жорғалаушылардың таксономиялық жағдайын анықтау, Сцинкті гекконның таралуын зерттеу, олардың тіршілік етуінің эколого-морфометриялық ерекшеліктерінің ғылыми заңдылықтарының жағдайын биоценоздың продуктивтілігін анықтайды.

Бауырымен жорғалаушылардың адам өмірінде және табиғатта маңызы өте көп, себебі олар зиянды омыртқасыздармен және омыртқалылармен қоректенеді және өздері басқа жануарларға қорек ретінде пайдасын тігізеді. Сонымен қатар, бауырымен жорғалаушылардың кәсіптік маңызы өте жоғары және көптеген өкілдері Халықаралық және Қазақстан Қызыл Кітабына енген, осыған байланысты оларды зерттеу қажеттілік етеді.

Геккондар тұқымдасынан Түркістан облысында көптеген өкілдерінен бір өкілі сцинкті гекконы тараған, саны жағынан өте көп, әртүрлі тіршілік орталарда кездеседі және олар табиғатта өте маңызды қызмет атқарады, себебі зиянды насекомдармен қоректенеді, биологиясы толық зерттелмеген.

Сцинкті гекконның экологиясына қатысты сұрақтарды зерттеу, дәлірек айтқанда таралуын, стациональды бөлінуін, санына, тәуліктік белсенділігіне, популяциясының жастық құрылымына, қоректенуіне зерттеулер жүргізілді.

Сцинкті геккон Түркістан облысының құмды шөлдерінің фондық түрі болып табылады. ОҚО аудандарынан ұсталған аналық және аталық даралардың кеуде, құйрық ұзындықтары және салмағы анықтаулар бойынша: аталықтарында дене ұзындығы – 59 мм, салмағы 4,9 г, жалпы 35 аталық зерттелді. Аналықтарының дене ұзындығы – 60 мм, салмағы 5,3 г, жалпы 39 аналық зерттелді. Кеуде ұзындығының құйрық ұзындығына қатынасы 0,86, жыныстық деморфизм байқалмайды немесе нашар байқалады.

Әдебиет мәліметтері бойынша (Шаммаков С., 1981 [1]; Щербак Н.Н. соавторларымен, 1986 [2]) сцинкті геккондар 3 жас ерекшеліктегі топтар құрайды: дене ұзындығы 40 мм қысқа – juv (сол жылы туылғандар), дене ұзындығы 40-60 мм – sad (қыстап шыққан, бірақ жыныстық жағынан жетілмеген даралар) және 60 мм ірі даралар – ad (ересектер).

Зерттелген территорияларда орташа есеппен жастарының пайызы – 27,1, жыныстық жетілмегендер – 32,9, ересектері – 40 пайызды құрайды.

Біз зерттеген территориялар Қызылқұмның оңтүстік бөлігі аласа таулы, Арысқұмда орналасқан құмды массивтер, тау үсті жазықтар, Қаратау және Талас Алатуының баурайлары болып табылады.

Зерттелген территориялар туралы әдебиеттерде мәліметтер жеткіліксіз. Сцинкті геккон Орталық Қызылқұмда Богдановтың М.Н. [3] анықтауынша

Алтынқұдық құдығының айналасынан, Аяз құдық және Төреқұдық елді-мекендірі арасында Андрушко А.М. және Остапенко М.М. (Богданов М.Н., 1960 [3]) анықтаған. Захидов Т.З. (1971, [4]) бұл түрді Аяз құдық елді-мекенінен ұстады және Сағындыққұдық және Сарыбұлақ аймақтарынан да ұстады.

Біздің зерттеуімізше біз қарастырған барлық территорияларында таралған. Тек аласа таулар және олардың тау етегіндегі сазды-ұсақталған тасты жазықтарында ерекшелік байқалды (оларды кездестірмедік).

Көптеген авторлар (Богданов, 1960 [3]; Банников соавторларымен, 1977 [5]; Шаммаков С., 1981 [1]; Щербак Н.Н. соавторларымен, 1986 [2]) ойлары сәйкес: псаммофильді өсімдіктері сирек әлсіз бекінген және бекінбеген (сусымалы) құмның кең таралған мекендеушісі ретінде Қызылқұм және Арысқұм жағдайында, біздің анықтауымызша, бұл түр іс жүзінде барлық территорияларда кездеседі. Бірақ, қарастырылған таулы аудандарында – Төлеби, Түлкібас аудандарында сцинкті гекконды кездестірмедік. Қалған Шардара, Ордабасы аудандарында кең таралған және тығыздығы жоғары, ал Шымкент қаласы мен оған жақын орналасқан Ақсу елді-мекендерінде олар аздық-көпті кездеседі.

Сцинкті гекконның санын анықтау үшін түнгі сүтқоректілер үшін, әдетте қолданылатын қосымша фанармен тіркеудің автокөлік әдісі қолданылды. 30 м жолақтағы барлық даралар белгіленді.

Жалпы тіркеу ұзақтығы 748 км құрайды. Барлық зерттелген территория үшін даралардың орташа саны 1 га-да 0,7 дараны құрайды; Арысқұм үшін кішкене төмен – 1 га-да 0,6 дара.

Тығыздықтың бөлінуі өте біркелкі емес және 1 га-да 0,2-ден 1,2 дара дейін өзгермелі. Біз зерттеген территориялардың кішкене локустарында олардың саны 1 га-да 2,8-5 дараға дейін жетеді. Оңтүстік Қызылқұмда сцинкті гекконның мекен ортасы үшін жарамды алаңдар 30 мың км² жоғары немесе 3 млн. га жетеді. Осы мәліметтер негізінде бұл түрдің жалпы саны 1,5-2 млн дара деп бағалауға болады.

Мекен ортасы:біз қарастырған территориялар бойынша бөліну біркелкі емес. Сцинкті гекконның оптимальды мекен ортасы болып адырлы құм жазықтары немесе бұталары сиретілген кедір-бұдырлы жартылай бекінген құмдар табылады. Жусанды жерлерден сцинкті гекконды кездестірмедік.


Біздің ойымызша, сирерілген бұталы өсімдіктер жасырынатын орын және айналасын шолып қарауға оптимальды, ал жусанды тоғайлардың болмауы – кедергісіз жылдам қозғалуға мүмкіндіктер береді.

Сонымен қатар, сцинкті геккон топырақты, шоссе және темір жолға жанасқан аймақтарды мекендейді. Бұны ол жергегі түрлі омыртқасыздардың жоғары

концентрациясымен түсіндіруге болады. Осы себепке байланысты сцинкті геккон шопан тұрақтары айналасындағы мал қора аймағында көпсанды кездеседі.

Шопандар тұрағының айналасында шоссе жолдарының бойында сцинкті геккондар концентрациясы жоғары, біздің көзқарасымыз бойынша, бұл жағдай ұсақ құм тышқандары індерінің жоғары тығыздығымен түсіндіріледі. Көпшілігі бос қалған, ешкім мекендемейтін бұл көпжылдық індер сцинкті геккондар үшін берік тұрақ болып табылады.

Белсенділігі: біздің бақылауларымыз бойынша шілдеде сцинкті геккондар ігінен күн батқаннан кейін ымыр түсе бастағаннан шыға бастайды. Бастапқыда жануарлар өздерін байқап ұстайды, өздерінің індері жанында немесе індерінде бастарын гығарып жүреді. Сағат 21.00-00.00 аралығында олардың ең жоғары саны байқалады. Осы уақытта сцинкті геккондар территориясы бойымен айтарлықтай кең ауқымда қозғалады. Сағат 00.00-03.00 дейін белсенділікте үзіліс байқалады. Кейін, тек жеке даралар таңғы уақытта белсенді болады. Көрсетілген уақыт аралықтары ауа-райына байланысты күшті өзгереді. Мысалы, салқын, желді кештерде оларда кешкі белсенділіктің толық тоқтауы байқалады. Геккондар қапырық желсіз түндерде максимум белсенді болады. Белсенділіктіі аяқталу сигналы – біріншіден, ауа температурасының төмендеуі, екіншіден, қоректік объектілер – омыртқасыздар белсенділігінің тоқтауы болып табылады.



Карта 1 .Сцинкті геккон - *Teratoscincus scincus Sshlegel, 1958*

таралуы

Зерттелген территорияларда жоғарыда айтылған кезеңдерде 375-тен көп сцинкті геккондар даралары тексерілді (аталықтар 185, аналықтар 190).

Мінез-қылық ерекшеліктері: бақылаулар жүргізу барысында, сцинкті гекконның түнде қорегін аулап жүріп, дембіл-дембіл жылы құмға көмілетіндігін байқадық, яғни оның белсенділігі бірқатар кезеңдерде ыдырап кетеді.

Кешкі ымыртта немесе түн түсер алдын өздерінің тұрағының алдында отырып, сцинкті геккондар әуен шығарады. Олар дыбысты құйрығының үстінгі бетінде тігінен черепица тәрізді бір-біріне жапсарлана орналасқан қабыршақтары арқасындағы дыбыс шығаратын аппараты көмегімен тұтқыр саусақты жануар құйрығын жан-жаққа қозғалту арқылы шығарады. Құйрықтың осындай қозғалысынан туындаған дыбыс шегірткелер мен шырылдауық шегірткенің шырылына ұқсайды. Осылайша, түнгі шегірткелерді еліктіріп, олармен қоректенеді.

Біздің бақылаулар бойынша сцинкті гекконның негізгі қоректік объектілеріне түрлі қабыршаққанаттылар, есек құрт, құмырсқалар және басқа несекондар жатады.

Көбеюі: маусым айынан сцинкті гекконның аналықтары 2 жұмыртқадан көп емес жұмыртқа салады, бірақ 1 маусымда 2-4 реттер кем емес жұмыртқа салады. Жұмыртқаларының диаметрі 2,4 x 1,8 мм, күнге жақсы қызатын құмның кішкене қабаттарына салады.

Геккондардың түлеуі 1 маусымда кем дегенде 3 рет жүреді. Табиғи жағдайда геккондар індерінде түлейді, бірақ террариумда түлеу жануар үшін өте жалықтыратын және кейде 4-5 тәулікке созылатын үрдіс.

Қызылқұмды меңгеру белгілі-бір мөлшерде олардың түр санының жоғарылауына әкеп соғады. Жиі, бұл мал шаруашылық әрекеттерге байланысты. Олардың жоғары санды кездесетін аймақтары мал шаруашылық фермалары маңдары, темір жол бойының төсемдері, шосселер және т.б.

Негізгі лимиттеуші фактор, біздің көзқарасымызша, мол жауын-шашын. Көпқарлы қыс және жауынды көктемнен кейін аталған түр санының бірден азайғанын байқадық.

Еріксіз ұстау объектісі ретінде түрге коммерциялық қызығушылықтың артуын есепке алғанда, оларды саны жоғары аймақтардан ұстауды ұсынамыз. Осылайша, үздіксіз кәсіпшілік варані ұдайы өсу үшін қажетті геккон басы сақталады.

Әдебиеттер

1. Шаммаков С. Пресмыкающиеся равнинного Туркменстана. Ашхабат, 1981, с.33.
2. Щербак Н.Н., Голубев М.Л. Гекконы фауны СССР и сопредельных стран. — Киев: Наукова Думка, 1986. — 232 с.
3. Богданов О.П. Земноводные и пресмыкающиеся. Фауна Узбекской ССР. Т. I. — Ташкент, Изд. АН Узб. ССР, 1960. — 260 с.

4. Захидов Т.З. Биоценозы пустыни Кызылкум. Ташкент, 1971, с.20.

5. Банников А.Г., Даревский И.С., Рустамов А.К., Щербак Н.Н. Определитель земноводных и пресмыкающихся фауны СССР. — М.: Просвещение, 1977. — 414 с.

ЦИНК ГЕККОН - ТЕРАТОСИНКУС SCINCUS SSHLEGEL, 1958 СОВРЕМЕННАЯ БИОЛОГИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ

Аннотация

В данной статье проведены научные исследования по изучению современного биологического состояния представителя класса пресмыкающиеся – сцинкового геккона – TeratoscincusscincusSshlegelb 1958. Биология сцинкового геккона на территории Туркестанской области вообще не изучена. Авторы приводят оригинальные данные по исследованию географического распространения, местам обитания, активности, численности, плотности, питания, морфометрии и лимитирующим факторам этого вида. На основе исследования авторы выясняют, что на исследуемой территории сцинковый геккон является фоновым видом; между особями нет полового диморфизма; основу питания составляют вредные беспозвоночные; во время размножения самки откладывают 2-4 яйца и т.д.

Ключевые слова: популяция, пресмыкающиеся, сцинковый геккон, фоновый вид, активность, плотность, половой диморфизм.

ZINC GECKO - TERATOSYNCUS SCINCUS SSHLEGEL, 1958 MODERN BIOLOGICAL SITUATION

Annotation

$\overline{x_j}$ белгісіздері алғашқы жүйенің белгісіздері x_j мен төмендегідей қатынаста болды:

$$\overline{x_j} = x_j + 1 \quad j = 1, 2, 3, 4 \quad (1.6)$$

Шындығында да (1.6) формуласын (1.5) теңдеуіне қойып, (1.1) және (1.4) формуласын қолдансақ, тепе – теңдік аламыз:

$$\sum_{j=1}^4 a_{ij} \overline{x_j} = \sum_{j=1}^4 a_{ij} (x_j + 1) = \sum_{j=1}^4 a_{ij} x_j + \sum_{j=1}^4 a_{ij} = \sum_{j=1}^4 a_{i5} + \sum_{j=1}^4 a_{ij} = \sum_{j=1}^4 a_{ij} \equiv a_{i6} .$$

Практикада әрбір жолдағы есептеуді бақылау үшін, кестеде тағы бір тік жол қолданылады. Ол жол «жолдық бақылау» деп аталады. Ол тік жолдың элементтері әрбір бөлімнің элементтері қалай анықталса, сондай әдіспен анықталады. Нәтижелері S бағанына жазылады.

Егер ағымдық жолда ешқандай қателер пайда болмаса, онда осы жолдағы Σ мен S бағандарының элементтері бірдей болады (белгілі бір дәлдікке дейін).

Кестеде үш теңдеулердің жүйесін қарастырайық [2].

Кесте 1 Гаусс сызбасы

Бөлімдер	x_1	x_2	x_3	Бос мүше	Бақылау қосындысы	Жолдық қосынды
A	a_{11}	a_{12}	a_{13}	a_{14}	a_{15}	$\sum_{i=1}^4 a_{1i}$
	a_{21}	a_{22}	a_{23}	a_{24}	a_{25}	$\sum_{i=1}^4 a_{2i}$
	a_{31}	a_{32}	a_{33}	a_{34}	a_{35}	$\sum_{i=1}^4 a_{3i}$
	1	b_{12}	b_{13}	b_{14}	b_{16}	$\sum_{k=2}^4 b_{ki} + 1$
A_1		$a_{22}^{(1)}$	$a_{23}^{(1)}$	$a_{24}^{(1)}$	$a_{25}^{(1)}$	$\sum_{i=2}^4 a_{ki}^{(1)}$
		$a_{32}^{(1)}$	$a_{33}^{(1)}$	$a_{34}^{(1)}$	$a_{35}^{(1)}$	$\sum_{i=2}^4 a_{ki}^{(1)}$
		1	$b_{23}^{(1)}$	$b_{34}^{(1)}$	$b_{35}^{(1)}$	$\sum_{k=2}^4 b_{ki}^{(1)} + 1$

A_2			$a_{33}^{(2)}$	$a_{34}^{(2)}$	$a_{35}^{(2)}$	$\sum_{k=3}^4 a_{ki}^{(2)}$ $\sum_{k=3}^4 b_{ki}^{(2)} + 1$
B		1	1	x_3	$\overline{x_3}$	$x_3 + 1$
	1			x_2	$\overline{x_2}$	$x_2 + 1$
				x_1	$\overline{x_1}$	$x_1 + 1$

Гаусс әдісінің көмегімен анықтауышты есептеу

$$A = \begin{bmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & a_{n2} & \dots & a_{nn} \end{bmatrix} \quad (1.7)$$

сызықтық теңдеулер жүйесінің коэффициенттерінің анықтауышы.

$$\Delta = \det A \quad (1.8)$$

Сызықтық теңдеулер жүйесін

$$Ax = 0 \quad (1.9)$$

қарастырайық. (1.9) жүйесін Гаусс әдісімен үшбұрышты матрицасына түрлендіреміз, яғни

$$Bx = 0 \quad (1.10)$$

мұндағы B :

$$B = \begin{bmatrix} 1 & b_{12} & b_{13} & \dots & b_{14} \\ 0 & 1 & b_{23} & \dots & b_{24} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & 0 & \dots & 1 \end{bmatrix}$$

B матрицасының элементтері A матрицасының элементтерінен және A_1, A_2, \dots, A_{n-1} көмекші матрицаларынан төмендегідей элементарлық түрлендірулердің көмегімен анықталады[3]:

1) $a_{11}, a_{22}^{(1)}, \dots, a_{nn}^{(n-1)}$ жетекші элементтерге бөлу. Мұнда жетекші элементтер нөлге тең емес.

2) A матрицасының сәйкес элементтерінен тік жол мен жатық жол элементтерінің көбейтіндісі игеріледі.

Мұндай операциялар нәтижесінде:

- а) A матрицасының анықтаушысы да сәйкес жетекші элементтерге бөлінеді.
- б) екінші операцияда A анықтаушысы өзгермейді.

Олай болса, $\det B = 1 = \frac{\det A}{a_{11} \cdot a_{22}^{(1)} \cdot \dots \cdot a_{nn}^{(n-1)}}$; бұдан

$$\det A = a_{11} \cdot a_{22}^{(1)} \cdot \dots \cdot a_{nn}^{(n-1)} \quad (1.11)$$

Сонымен, жүйенің анықтаушы жетекші элементтердің көбейтіндісіне тең. Ал жетекші элементтерді анықтау үшін арнайы жоғарыда қарастырылған Гаусс кестесін қолдану тиімді.

Егер белгілі бір қадамдарда $a_{ii}^{(i-1)} = 0$ немесе нөлге жуық сандар болса, онда жатық және тік жолдарын ауыстыру керек.

Мысал 1: Төмендегі анықтаушының мәнін есептеңіз:

$$\Delta = \begin{bmatrix} 7,4 & 2,2 & -3,1 & 0,7 \\ 1,6 & 4,8 & -8,5 & 4,5 \\ 4,7 & 7,0 & -6,0 & 6,6 \\ 5,9 & 2,7 & 4,9 & -5,3 \end{bmatrix}$$

Анықтаушының мәнін есептеу үшін Гаусс әдісін қолданамыз.

Кесте 2 Анықтаушыты есептеу кестесі

x1	x2	x3	x4	S	Σ	
----	----	----	----	---	----------	--

Кесте 3 жалғасы

7,4	2,2	-3,1	0,7	7,2	7,2	A
1,6	4,8	-8,5	4,5	2,4	2,4	
4,7	7	-6	6,6	3 12,	12,3	

5,9	2,7	4,9	-5,3	8,2	8,2	
1	0,29729	-0,41891	0,009459	0,887839	0,887839	
	4,32343	-7,82974	4,34866	0,84235	0,84235	
	5,600274	-4,03112	6,15543	7,724584	7,724584	
	0,9599	7,37157	-5,85808	2,47339	2,47339	
	1	-1,81062	1,00562	0,195	0,195	A1
		6,11331	0,05212	6,16543	6,16543	
		4,0844	-6,80939	-2,72499	-2,72499	
		1	0,08526	1,08526	1,08526	A2
			-7,58393	-7,58393	-7,58393	A3

$\Delta = -1483,61867$ - анықтаушының мәні.

$$M = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1j} & \dots & a_{1q} & \dots & a_{1n} & a_{1,n+1} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2j} & \dots & a_{2q} & \dots & a_{2n} & a_{2,n+1} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{i1} & a_{i2} & \dots & a_{ij} & \dots & a_{iq} & \dots & a_{in} & a_{i,n+1} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{p1} & a_{p2} & \dots & a_{pj} & \dots & (a_{pg}) & \dots & a_{pn} & a_{p,n+1} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & a_{n2} & \dots & a_{nj} & \dots & a_{nq} & \dots & a_{nn} & a_{n,n+1} \end{pmatrix}.$$

М матрицасынан бос мүшелер бағанында жатпайтын, модулі бойынша ең үлкен, нөлден айрықша элементті таңдаймыз. Ол a_{pq} элементі болсын, оны негізгі элемент деп атайды ($q \neq n + 1$). Ал сәйкес жатық жол – негізгі жол деп аталады. Барлық жатық жолдар үшін көбейткіштерді есептейміз[3]:

$$m_i = -\frac{a_{iq}}{a_{pq}}, \quad i \neq p.$$

М матрицасымен төмендегідей амалдарды орындаймыз. М матрицасының әрбір негізгі емес жатық жолдарына негізгі жолдың сәйкес көбейткіштерге көбейтіп қосамыз. Нәтижесінде q - ші бағананың a_{pq} - дан басқа элементері нөлге айналады. q - тік жолмен негізгі жолды алып тастасқ, бір жатық, бір тік жолға кем $M^{(1)}$ матрицасын аламыз.

$M^{(1)}$ матрицасымен жоғарыдағыдай операцияларды жасасақ, $M^{(1)}$ матрицасының орнына бір жатық, бір тік жолдары кем болатын $M^{(2)}$ матрицасын аламыз. Осы үрдісті әрі қарай жалғастыра отырып, $M, M^{(1)}, M^{(2)}, \dots, M^{(n-1)}$ тізбегін аламыз. Ең соңғы $M^{(n-1)}$ матрицасы екі элементті, бір жатық жолдан тұратын матрица. Бұл жатық жолда негізгі жол ретінде қарастырамыз.

Енді барлық матрицалардағы негізгі жатық жолдарды жинап жазсақ, белгісіздерді анықтауға мүмкіндік беретін үшбұрышты матрица аламыз.

Әдебиеттер

1. Атанбаев С.А. Сандық әдістер курсы / С.А. Атанбаев.-А.:Рауан, 2011.-78-100б.
2. Сұлтанғазин Ө. Есептеу әдістерінің қысқаша теориясы / Ө. Сұлтанғазин, С.А. Атанбаев -А.: Білім, 2011.-102-108 б.
3. Бахвалов Н.С. Численные методы / Н.С. Бахвалов.- М.: Наука, 1973.-93 с.

ФОРМИРОВАНИЕ ПУТЕЙ РЕШЕНИЯ СИСТЕМ АЛГЕБРАИЧЕСКИХ ЛИНЕЙНЫХ УРАВНЕНИЙ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ ДЛЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

Аннотация

В этой работе говорится, каким способом можно решить задачи для нестандартных алгебраических систем линейных уравнений в школьной математике. Рассмотрены задачи на алгебраические уравнения, а также пути определения разницы между уравнений систем и уравнений. Определение коэффициентов треугольной матрицы и определение неизвестных систем называется обратным ходом. Для решения системы уравнений с применением метода Гаусса необходимо и достаточное условие-это отсутствие равного нулю всех ведущих элементов.

Ключевые слова: Метод Гаусса, итерационный метод, матрица треугольника, обратная матрица, итерационный процесс, эффективность, метод приближения.

FORMATION OF WAYS TO SOLVE SYSTEMS OF ALGEBRAIC LINEAR EQUATIONS IN MATHEMATICS LESSONS FOR HIGH SCHOOL STUDENTS

Annotation

This paper describes how to solve problems for non-standard algebraic systems of linear equations in school mathematics. Problems for algebraic equations are considered, as well as ways to determine the difference between system equations and equations. Determining the coefficients of a triangular matrix and determining unknown systems is called a reverse course. To solve a system of equations using the Gauss method, a sufficient condition is necessary-the absence of all leading elements equal to zero.

Keywords: *Gauss Method, iterative method, triangle matrix, inverse matrix, iterative process, efficiency, approximation method.*

ӘӨЖ: 14.25.09

ХИМИЯДАН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдуразова¹П., Джанмулдаева²Г., БекмырзаО.³

¹«Сырдария» Университеті PhD-доктор

²«Сырдария» Университеті магистрант

³«Сырдария» Университеті, студент

Аннотация

Мақалада химиядан ағылшын тілінде электронды оқулықтарды қолданудың тиімділігі, ерекшелігі қарастырылған. Электронды оқу құралын қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, ойлау қабілетінің артатындығы, мұғалімнің жекелеген оқушылардың нәтижелерін қарастыра отырып, әрбір жеке оқушы бойынша ұқсас қорытынды жасауға және жеке жұмыс жоспарында тиісті әдістемелік-дидактикалық материалдарды, техникалық құралдарды қолдану тиімділігі келтірілген. Оқулықтар мен оқу құралдары орта мектептегі оқу үдерісінің оқу ақпараттарының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Заманауи оқулықтар мен оқу

құралдарынсыз жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және нәтижеге жету мүмкін еместігі белгілі. Жаңа түрдегі заманауи оқулықтарды дайындап, шығару авторлардың психологиялық-педагогикалық, арнайы дайындығы мен ауқымды күш және құралдарды қажет етеді. Оқулықтың қазіргі таңда бірнеше түрі бар. Олар қағазға басылған түрімен қатар, электронды тасымалдағыш түрі де болуы мүмкін. Білім беру сапасын заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану есебінен арттыруға болады. Олар ақпаратты іздеу мен өңдеудің қуатты құралдарын қолға береді және бұл білім беру мазмұнына әсер етпейді. Дәстүрлі оқыту технологиясының орнына: оқыту технологиясының орталығында-мұғалім, оқушылар сабақта пассивті, оқытудың мәні – білімді (фактілерді) беру; оқытудың жаңа моделі келуі тиіс: оқушы технология орталығында, оқушы оқуда белсенді, технологияның мәні-өздігінен білім алу қабілетін дамыту.


Кілт сөздер: электрондық оқулық, білім, ақпараттық технология, органикалық химия.

Химиядан электронды оқулықтарды даярлау елімізде жүріп жатқан білім беру реформаларының іске асыруын көздейтін маңызды құралдардың бірі. Оқушыларды білім беру мен тәрбиелеуде және дамытуда электронды оқулықтың орнын және маңызын көптеген ғалымдар мен әдіскер зерттеушілеріміз айтып кеткен. И.Я.Лернердің айтуынша, оқулық оқыту үдерісін жан-жақты ұйымдастырушы ретінде қызмет атқарады [1].

Электронды оқулықтар мен оқу құралдары орта мектептегі оқу үдерісінің оқу ақпаратының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі заман талабына сай электронды оқулықтар мен оқу құралдарынсыз жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және нәтижеге жету мүмкін еместігі белгілі. Жаңа түрдегі заманауи оқулықтарды дайындап, шығару авторлардың психологиялық-педагогикалық, арнайы дайындығы мен ауқымды күш және құралдарды қажет етеді [2]. Электронды оқулықтар мен оқу құралдары білім трансферінің, стереотиптік қабілеттің, мәдени және эмоционалды-бағалы қызметтің негізгі құралы болған және солай болып қала береді. Оқулықтың сапасы білім беру ортасының құрамдас бөлігіретінде оқушылардың интеллектіалды-танымдық даму қажеттіліктеріне сәйкес сезімдік құндылықты, әлеуметтік жеке және эстетикалық дамуын қамтамасыз етеді[3]. Химия оқулығының ақпараттық қызметі мен меңгеруді ұйымдастыру аппаратының үйлесімділігі оқушыға танымдық және өз бетінше білім алу әрекеттерін құруға мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім беріп қана қоймай, сонымен бірге меңгерген білімдерінің деңгейін тексеруге, оқу үдерісін жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы құруға көмектеседі [4].

Электронды оқулықты дайындау технологиясы қазіргі таңда өз алдына жеке ғылым ретінде дамып келеді. Бұл жағынан авторлық ұжымның, оқулықтар конструкторларының оқулықты құрастыруда оны педагогика тұрғысынан да, кітаптану тұрғысынан да қарастыруын талап етеді. Осылайша, оқу кітабының теориясы – өз мақсаттарына сай және өз құралдарының көмегімен арнайы компоненттерді бойына қабылдаған педагогикалық ғылым жүйесі ретінде де, кітаптану ретінде де түйістірілген ғылым болып табылады [5].

Электронды оқулықты жаңа материалды оқу және оны бекіту кезінде қолдануға болады (1-сурет). Оқушылар алдымен дәстүрлі әдіс бойынша немесе баспа мәтіндерінің көмегімен сұралады.



1-сурет. 11 сынып Химия (Chemistry). Органикалық химияның теориялық негіздері бөлімі ағылшын тілінде (Theoretical Foundations of Organic Chemistry)

Жаңа материалды зерделеуге көшкен кезде оқушылар компьютерден жұптасып отырады, оны қосады және мұғалімнің басшылығымен және жоспары бойынша құрылымдық формуламен және параграфтың құрылымдық бірліктерімен жұмыс істей бастайды (2-сурет).

THEORETICAL FOUNDATIONS OF ORGANIC CHEMISTRY

ELECTRONIC STUDY GUIDE

PREFACE CONTENTS EXERCISES TEST LITERATURE


LESSON 1. ALKANES

STRUCTURE OF ALKANES

The simplest organic compounds are those composed of only two elements: hydrogen (H) and carbon (C). These compounds are called hydrocarbons. The valence of carbon is always equal to IV in all the organic substances. Hydrocarbons themselves are separated into two types: aliphatic hydrocarbons and aromatic hydrocarbons. Aliphatic hydrocarbons are hydrocarbons made from chains of C atoms. There are four types of aliphatic hydrocarbons traditionally studied in the course of the introductory organic chemistry: 1) *alkanes* are aliphatic hydrocarbons with single covalent bonds only; 2) *alkenes* are hydrocarbons that contain one C=C double bond; 3) *alkynes* are hydrocarbons that contain two C=C double bonds; 4) *alkynes* are hydrocarbons that contain one C≡C triple bond. There are also aliphatic hydrocarbons with at least one ring of C atoms; these hydrocarbons are called cycloalkanes. Aromatic hydrocarbons also contain at least one ring of carbon atoms, but that ring must have so-called π-system explained in Lesson 5.


The simplest alkanes have their C atoms bonded in a straight chain; these are called *normal* alkanes. They are named according to the number of C atoms in the chain. The smallest alkane is called methane:

$$\begin{array}{c} \text{H} \\ | \\ \text{H}-\text{C}-\text{H} \\ | \\ \text{H} \end{array}$$



2-сурет. Жаңа сабақты түсіндіру

Электронды оқулықты оқушылардың түсініктерді меңгеруін бақылау құралы ретінде қолдануға болады. Әрбір пән бойынша оқушылардың тестілеу нәтижелері тіркеледі және компьютермен өңделеді (3-сурет). Мониторинг мәліметтерін оқушы, мұғалім, әдістемелік қызметтер және әкімшілік пайдалана алады. Дұрыс шешілген міндеттердің пайызы оқушыға оқу материалын қалай меңгергені туралы түсінік береді, бұл ретте ол қандай құрылымдық бірліктердің толық көлемде игерілмегенін көре алады және кейіннен бұл материалды пысықтай алады. Осылайша, оқушы қандай да бір дәрежеде оқу процесін басқара алады.



3-сурет. Тест тапсырмаларының (Test for classwork)

Пән мұғалімі, берілген ақпарат негізінде оқыту үрдісін басқаруға мүмкіндігі бар. Мазмұны бойынша сынып нәтижелері жалпы мұғалімге осы немесе басқа құрылымдық бірлік бойынша оқуды ұйымдастыру қажеттілігін көруге мүмкіндік береді. Тест тапсырмалары бойынша жекелеген оқушылардың нәтижелерін қарастыра отырып, әрбір жеке оқушы бойынша ұқсас қорытынды жасауға және жеке жұмыс жоспарында тиісті әдістемелік шешімдер қабылдауға болады. Компьютер мұғалімді де, оқулықты да алмастырмайды, мұғалім мен оқушыға жаңғыртылған оқу үрдісіне араласуға көмек көрсете алмайды, оның тиімділігін арттырады, оны қызықты, әрі түсінікті етеді.

Химияны оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың маңыздылығы жоғары. Оқу үрдісінде электронды оқулықты қолдану бірнеше мәселелерді шешеді: біріншіден, видео- бейне және дыбыстық фрагменттерді қолдану арқылы көрнекі және ақпараттық болады. Екіншіден, электронды оқулықты пайдалану оқушылардың сабақта белсенділігін, тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады. Заманауи электронды оқу материалдарын қолдану пәнге деген студенттердің қызығушылығын, білім сапасын арттырады.

Әдебиеттер

1. Ильясова Г.У. Химияданоқулықтар меноқу құралдарын құрастырудың дидактикалық негіздері // философия докторы (PhD)... дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2018. - 119 б.
2. Шоқыбаев Ж. А., Ильясова Г.У. Оқулықтар меноқу құралдарының дидактикалық қағидалары мен ережелері // Қазақстанның ғылымы менөмірі - Астана, №2(44) . - 2018.- Б. 271-273
3. Буга П.Г. Создание учебных книг для вузов: справ.пособие. – М.: Изд-во МГУ, 1993.
4. Шоқыбаев Ж. А., Ильясова Г.У. Применение электронных обучающих программ на уроках с углубленным изучением химии. // Вестник Академии педагогических наук Казахстана – Алматы, №3 (71). - 2016. - С. 73- 77.
5. Беркимбаев К.М., Сарыбаева А.Х., Ташимова А.Л., Миндетбаева А. Электронный учебник как средство совершенствования профессиональной подготовки будущих учителей // «Академия естествознания» Международный журнал экспериментального образования. - 2012. - №8. С.13-16.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНИКОВ ПО ХИМИИ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация

В статье рассмотрены особенности использования электронных учебников по химии на английском языке. С использованием электронного учебного пособия увеличивается интерес учащихся к предмету, возрастание мыслительной способности, эффективность применения соответствующих методико-дидактических материалов, технических средств в индивидуальном плане работы и аналогичное заключение учителя по каждому отдельному ученику, рассматривая результаты отдельных учащихся. Учебники и учебные пособия являются основной составляющей учебной информации учебного процесса в средней школе. Известно, что без современных учебников и учебных пособий реализация новых образовательных программ и достижение результата невозможно. Разработка и выпуск современных учебников нового типа требует психолого-педагогической, специальной подготовки авторов, масштабных сил и средств. В настоящее время существует несколько видов учебников. Они могут быть как на бумаге, так и на электронном носителе. Качество образования можно повысить за счет эффективного использования современных информационных технологий. Они поддерживают мощные средства поиска и обработки информации, и это не влияет на содержание образования. Вместо традиционной технологии обучения должны быть: в центре технологии обучения-учитель, учащиеся пассивно на уроке, суть обучения – дать знания (факты); новая модель обучения: ученик в центре технологии, ученик в обучении, суть технологии-развитие способности к самообразованию.

Ключевые слова: электронный учебник, образование, информационные технологии, органическая химия.

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF ELECTRONIC TEXTBOOKS IN CHEMISTRY IN ENGLISH

Annotation

The article discusses the features of using electronic chemistry textbooks in English. With the use of an electronic textbook, students' interest in the subject increases, their thinking ability increases, the effectiveness of applying appropriate methodological and didactic materials, technical means in an individual work plan and a similar conclusion of the teacher for each individual student, considering the results of individual students. Textbooks and manuals are the main component of the educational information of the educational process in high school. It is known that without modern textbooks and manuals, it is impossible to implement new educational programs and achieve results. The development and production of modern textbooks of a new type requires psychological and pedagogical, special training of authors, large-scale forces and resources. Currently, there are several types of textbooks. They can be both on paper and on electronic media. The quality of education can be improved through the effective use of modern information technologies. They support powerful tools for searching and processing information, and this does not affect the content of education. Instead of traditional learning technology needs to be: in the center of technology of education teacher, the students passively in the classroom, the essence of teaching is to give knowledge (facts); a new model of learning: the student in the technology center, the learning, the technology-the development of the ability to educate themselves.

Keywords: electronic textbook, education, information technology, organic chemistry.

ӘӨЖ: 14.25.09

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА РЕФЛЕКСИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қобланова¹О., Абдуразова²П., Төрегелдиев³Б.

¹«Сырдария» Университеті, х.ғ.к., доцент

²«Сырдария» Университеті, PhD-доктор

³«Сырдария» Университеті, магистрант

Аннотация

Қазіргі заманғы білім беру оқушыларды әртүрлі ғылыми пәндер бойынша белгілі бір білім жүйесімен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар оларды болашақ

қызметте жаңа ғылыми білімдерді өз бетінше қолдана білуге, сатып алуға және өңдеуге, яғни оқуға үйретуге арналған. Оқу іскерлігі басқа жалпы оқу іскерліктері арасында бірден ерекшеленеді. Кең мағынада "өзін-өзі үйрете білу" адамның нақты білім мен дағды саласында ғана емес, сондай-ақ кез келген қызмет пен адами қарым-қатынас саласында да өзінің шектеулігін еңсеру қабілетін білдіреді. Өзінің шектеулілігі туралы білім және оны жеңе білу рефлексивті білім болып табылады, олар оқушылардың өздерінің пәндік және ойлау әрекеттерін (оларды қате орындау негіздері және оларды түзету мүмкіндігі) қарауға сүйенеді. Оқу қабілетіне дербестік пен бастамашылық компоненті бар, ал оқу дербестігінің маңызды компоненттерінің ішінде жаңа тапсырманы өзі түсіну үшін қажетті рефлексивті біліктер бөлінген, оны шешу үшін білім, құралдар, іс-әрекет тәсілдері жетіспейді. Мектепте оқыту практикасы оқушылардың рефлексия қабілеттілігінің дамымағандығынан көптеген қиындықтарды жеңе алмайтынын көрсетеді. Осы мақаланың міндеті рефлексия және оның механизміне негізделген рефлексивті біліктерді білім беру процесінің мақсаты, құндылығы және проблемасы, соның ішінде химия бойынша қарастыру.

Кілт сөздер: химияны оқыту әдістемесі, педагогикалық технология, рефлексивтік қабілеттер.


Қазіргі білім берудің міндеті білім алушыға белгілі бір білім, білік, дағды көлемін беру ғана емес, жеке тұлғаның өз қабілеттерін белсенді дамытуға, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі анықтауға, әртүрлі қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете отырып, әртүрлі танымдық міндеттерді өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді [1].

Бұл міндетті іске асырудағы мүмкіндіктердің резерві оқушылардың рефлексивті іскерліктерін дамытуда көрсетілген. Оқушылардың дербестігін дамыту, оқуға саналы көзқарас, оқу-танымдық үдерісте оқушылардың белсенділігін арттыру, өзін-өзі реттеу, яғни оқушылардың өздігінен білім алу қызметіне жауап береді [2]. Рефлексия оқу-танымдық қызметінде оның серпінділігі, көп ахуалдығы, үнемі өзін-өзі бағалау қажеттілігі, тұлғаны өзін-өзі дамыту тәртібіне көшіруге әкелетін тұлғаның терең құрылымдарын өзектендіру үдерісі болып табылады [3].

Рефлексивті білім беру мазмұнының өзара шарттас бірлігі ретінде жүзеге асырылады және рефлексивті іскерлікті дамыту үшін технологиялар білім беру кеңістігінің сапалы жаңа мазмұнын болжайды. Сонымен қатар, рефлексия мәселесі бойынша жарияланымдардың көп санына қарамастан, көбінесе олар практикалық емес, теориялық - бағдарлы сипат, яғни химияны оқытудың өңделетін жүйелері мен технологияларында химияның әртүрлі сабақтары жүйесінде рефлексиялық біліктерді қалыптастыру мен дамытудың нақты әдістемелері жеткілікті дәрежеде емес, химия курсының дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру тетіктері

әзірленбеген, бұл химия бойынша білім беру процесінде оқу қызметінде рефлексиялық біліктердің гносеологиялық мүмкіндіктерінің әлсіз іске асырылу себебін түсіндіреді [4].

Химияны тану үрдісі негізінде жатқан рефлексивті іс-әрекет механизмдері, түрлі мәселелер мен міндеттерді шешуге бағытталған белсенді ізденісте анықталады. Рефлексивті функция санаға немесе әрекетке енгізілмейді, ол білім берудің ерекше мазмұны ретінде болмайды, демек, оқу процесінде оқушылардың рефлексивті біліктерін қалыптастыру мен дамыту траекториясы де жоқ. Рефлексия пайда болу үшін тапсырмада қиындық болуы керек, яғни, олардың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу мүмкіндіктері арасындағы "келісу" жағдайы тәжірибе рефлексиясы арқылы қызметтің дамуына мүмкіндік береді [5]. Әдебиетті талдау көрсеткендей, бұл мәселені әзірлеу рефлексияның 3 саласы негізінде үш бағытта жүргізіледі (1-сурет).



Сурет 1 – Рефлексияның әрекет ету аймақтары

1. Міндеттерді шешуге бағытталған ойлау өз іс-әрекетінің негіздерін түсіну үшін рефлексия қажет. Дәл осы саладағы зерттеулерде рефлексия өзін-өзі, өз процестеріне бағыт ретінде түсініледі.

2. Байланыс және ынтымақтастық, онда рефлексия серіктестердің іс-әрекеттерін үйлестіруді және өзара түсіністігін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін "жоғары", "тыс" позицияларына шығу тетігі болып табылады.

3. Өзін-өзі тану, субъектіні өзі туралы өз көзқарасының ішінде өзін-өзі анықтау кезінде рефлексияны қажет ететін, өзіндік мен және мен емес шектеудің ішкі бағдарлары мен тәсілдерін белгілеу.

Рефлексивті механизмді қарастырудағы мұндай тәсіл оны мұғалім мен оқушылардың табысты өзара іс-қимыл құралы деп есептеуге мүмкіндік береді, ал оны мақсатты пайдалану оқытуды ұйымдастыру үшін маңызды.

Білімнің, құралдардың, материалдың жоқтығынан немесе қандай да бір басқа себептермен оны жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда қызмет шеңберінен рефлексивті шығу бастапқы кезең болып саналады. Келесі кезең-интенционалдылық-өз қызметін меңгеруге, оның өзгеруі мен дамуына ішкі бағыттың пайда болуымен сипатталады, бұл рефлексивті процесті басқа саналы процестерден ажыратады. Әрбір қызмет онда пайдаланылатын мақсаттар, құралдар, білім тұрғысынан ұсынылуы мүмкін. Осыған байланысты рефлексияның тағы бір сатысы - бастапқы категориялау атап өтіледі. Жекелеген құралдар кейбір конструкцияда өзара байланысты болуы қажет. Конструкциялау кезеңі рефлексия механизмінің ерекше компоненті ретінде анықталады, ол рефлексиялық талдау мәніне қызметтің қандай да бір элементтерін (шарттар, мақсаттар мен құралдар) қосу шекарасын анықтайды.

Әдебиеттер

1. Пак М.С. Роль и место познавательных заданий в формировании мотивации учения // Химия в школе. - 2009. - №2. - С.15 -20
2. Пак М.С. Дидактика химии: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: ВЛАДОС, 2004. - 315 с.
3. Педагогические технологии: что это такое и как их использовать в школе: Практико -ориентированная монография/ Научные редакторы Т.П. Шамова, П.И. Третьяков. - М. - Тюмень, 2004. -277 с.
4. Кривых С.В. Использование программированных лекций поорганической химии как средства развития интеллектуальных умений обучающихся // Этюды по методике естествознания. /Ред. С.В. Телешов, -СПб.: АкадемПринт, 2008. - С. 9 -12.
5. Кулюткин Ю.Н., Муштавинская И.В. Образовательные технологии и педагогическая рефлексия. - СПб: СПбГУПМ, 2003. - 48 с.

ЗНАЧЕНИЕ РАЗВИТИЯ РЕФЛЕКСИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ПРИ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

Аннотация

Современное образование предназначено не только для обеспечения учащихся определенной системой образования по различным научным дисциплинам, но и для обучения их самостоятельному использованию, приобретению и обработке новых научных знаний в будущей деятельности. Учебная деятельность сразу отличается от других общих учебных умений. В широком смысле "самообразование" означает способность человека преодолеть свои ограничения не только в сфере конкретных знаний и навыков, но и в любой сфере деятельности и человеческих отношений. Знания о своей ограниченности и умение его преодолеть являются рефлексивными знаниями, которые опираются на рассмотрение учащимися своих предметных и мыслительных действий (основы их неправильного выполнения и возможность их коррекции). К учебной способности относятся самостоятельность и инициативный компонент, а среди важных компонентов учебной самостоятельности выделены рефлексивные умения, необходимые для самостоятельного понимания нового задания, для решения которого не хватает знаний, средств, способов действий. Практика обучения в школе показывает, что учащиеся не справляются со многими трудностями из-за неразвитости рефлексивной способности. Целью данной статьи является рассмотрение рефлексивных умений, основанных на рефлексии и ее механизме, по цели, ценности и проблеме образовательного процесса, в том числе по химии.

Ключевые слова: методика преподавания химии, педагогическая технология, рефлексивные способности.

THE IMPORTANCE OF DEVELOPING REFLEXIVE ABILITIES IN TEACHING CHEMISTRY

Annotation

Modern education is intended not only to provide students with a certain system of education in various scientific disciplines, but also to teach them how to independently use, acquire and process new scientific knowledge in future activities. Learning activities immediately differ from other General learning skills. In a broad sense, "self-education" means the ability of a person to overcome their limitations not only in the field of specific knowledge and skills, but also in any field of activity and human relations. Knowledge about their limitations and the ability to overcome them are reflexive knowledge that is based on the students' consideration of their subject and mental actions (the basis for their incorrect implementation and the possibility of correcting them). The educational ability includes independence and initiative component, and among the important components of educational independence are the reflexive skills necessary for independent understanding of a new task, for which there is not enough knowledge, tools, and ways of action. The practice of teaching at school shows that students do not cope with many difficulties due to the lack of development of reflexive ability. The purpose of this article is to consider reflexive skills based on reflection and

its mechanism, the purpose, value and problem of the educational process, including chemistry.

Keywords: *methods of teaching chemistry, pedagogical technology, reflexive abilities.*

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

ӘОЖ94(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІН ТАРИХИ- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТ ТҰРҒЫСЫНАН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Алдабергенова А.К.¹, Жадраева Г.А.²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доцент
м.а., PhD

²Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті, аға оқытушы

Аннотация

Мақалада Кеңестік дәуірде ғылымда қалыптасқан теория мен әдіснаманың ұлттық тарихты бұрмалаушылықтарға әкеліп соққандығы айтылады. Идеологиялық қатаң қағидалар мен марксистік-лениндік әдістеме тарихи-демографиялық сипатындағы жұмыстарда көшіп-қону процестерін теориялық тұрғыдан объективті талдауға нұқсан келтіргендігі де сөз етіледі. Қазақтардың демографиялық дамуындағы апат алып келген көріністер де сөз етіліп, қазақ тарихында елде орын алған үдерістер мен оның маңыздылығы деректер негізінде айқындалады. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тарихи оқиғаларды бағалауға деген көзқарас түбірімен өзгергендігін келтірілген мәліметтерді саралау арқылы анықтауға болады. Тарих ғылымының дамуында қоғамдық өмірдің барлық салаларына терең тамыр жайған маркстік-лениндік әдіснама Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін арыла бастайды. Тарихи құбылыстарды өркениеттілік және ұлттық тұрғыда жазуға ден қойылады. Қазақстан халқының демографиялық дамуының тарихи үдерістермен тығыз байланыстылығы тұжырымдамалық тұрғыдан қайтадан зерделене бастағандығы мақаланың өн бойында сөз болады.

Кілт сөздер: *көші-қон үдерісі, тарихи-демографиялық аспект, көші-қон үдерісін кезеңдеу мәселелері*

Көшіп-қону процестерін тарихи-демографиялық тұрғыдан зерделеу тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымындағы ішкі өзгерістермен бірге тарихи білім беруде жаңарту процесін бастарынан өткеріп жатқан тұтастай тарих ғылымындағы өзгерістерге қатысты жүруде. Осындай жағдайда ұлттық тарихты оқшауламай,

мазмұны ұлттық тарихтың шындығын қайта жаза отырып, оны зерттеуде қолданылатын әдістер мен әдістемелердің ғылымдағы ортақтығына көңіл бөлеміз. Кеңес дәуіріндегі тарихи білімдердің вакуумын толтыру объективтілікті, шынайылықты, тарихилық пен нақтылықты субъективизмнің жетегінде кетіп қалмай, нақтылау негізінде жүзеге асырылады. Сонымен бірге, нәтижелері мен зерттеу әдістерін пайдалану үшін басқа тарихи мектептердің ғылыми әлемдегі танымал тұжырымдамалары мен бағыттарының жетістіктерін есепке аламыз. Мұндай ұстаным ұлттық тарихты әлемдік құбылыстардан оқшауламауға, ұлттық деңгейлермен шектелінбей, қазақ тарихының зерделенбеген бос аумағын толықтыруға жол ашады.

Қазақстан тарихының демографиялық проблемаларын зерделеудің жекелеген өзгешеліктері анықталды. Мәселен, аталмыш уақытқа шейін жарық көрген зерттеу жұмыстарында кеңестік билік кезіндегі Қазақстан территориясындағы көшіп-қону үдерістері біртұтас одақ мемлекеттерінің аумағындағы процестің құраушы бөлігі болып табылады. Ал, біздің зерттеуімізде республикадағы көші-қон құбылыстары республикалық үрдістер тұрғысынан ғана қарастырылды. Көші-қон тақырыбындағы маркстік-лениндік әдіснамаға негізделген бағалаулардың нақты бейнесі көрсетіліп, мәселе өркениеттілік әдіснамаға [1, с. 17] сүйенген ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырылады. Диссертацияда өткеннің жетістіктерін жоққа шығармай, кемістіктерін көрсете отырып, елдің тарихын тұжырымдамалық тұрғыдан қайта пайымдау әрекеті жасалады. Осы мақсатта, **біріншіден**, кеңес дәуірінде Қазақстанда жүрген көші-қон үдерістері мен оның *категориялдық ұғымдары* нақтыланды. КСРО-ның құрамындағы Қазақстандағы барлық үдерістер одақтық мәселелердің жиынтығында ұлттық түрден ада, одақтық маңызды мәселелердің бір бөлігі ретінде баяндалатын. Көші-қон мәселесіне тікелей және жанамалай түрде қатысты осы кезге дейін жарияланған зерттеулерде кеңес дәуірі кезіндегі көші-қон қозғалысының түрлері *одақтық көзқарас* тұрғысынан республика аралық және республика ішіндегі және халықаралық деңгейде деп бөлшектелсе, қазіргі жағдайда дербес *мемлекеттің көзқарасы* тұрғысынан көшіп-қону қозғалысы сырттай және іштей деген екі топқа бөліп қарастырады екенбіз. Сырттай көшіп-қонуға басқа мемлекеттермен арасындағы көшіп-қону және КСРО территориясынан шеткері елдермен көшіп-қону қозғалыстарын қордалаймыз. Содан кейін олар әр қайсысы бағытқа қатысты топтастырылып, әрбір топқа көшіп-қону түрлерінің тарихи кезеңдегі өзгешеліктерін, ортақ белгілерін және қорытындыларын анықтап белгілейміз. Бұл кеңес дәуірі тұсындағы Қазақстандағы көші-қон тарихының шынайы мәнін ашып, оның халықтың сандық

және сапалық құрамындағы өзгерістеріне әсерін анықтауға және әрбір кезеңдегі көші-қон үдерістерінің халықтың этнодемографиялық дамуындағы негізгі үрдістері мен заңдылықтарын талдауға ықпалын тигізеді.

Екіншіден, көшіп-қону процестерін кезеңге бөліп қарастыру мәселелерін байланысты ойымызға тоқтала кетейік. Қазақстан территориясында XVIII-XXI ғасырларда жүріп өткен көшіп-қону процесін үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) XVIII ғасырдың ортасы мен 1917 жылдарға дейінгі кезең – Ресей империясының отарлауында болған кезеңдегі қоныс аударушының Қазақстан территориясына бағытталатын көшіп-қону процесі. Атап айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысынан ағылған келушілер көшіп-қону қазақтардың территориясын көптеген ұлттардың өкілдері қоныстанған мемлекетке айналдырады. 1916 жылы Ұлт азаттық көтерілістің басып-жаншылуы және жазалаушы шаралардан қашқақтаған қазақ халқының сырт аймаққа көшіп-қонуы жүрмесе, аталмыш кезеңде қазақ хақы сырт аймақтарға шыққан жоқ;

2) 1917-1991 жылдардағы *кеңестік кезең* – түрлі саяси және экономикалық реформалардың және науқандардың негізінде қазақтардың территориясына келушілердің жаппай көшіп-қонуы мен күштеп жүргізілген көшіп-қонулардың арқасында Қазақстан Республикасы көпұлтты халқы бар мемлекетке айналады. Кеңес дәуіріндегі таптық мәнді ту етіп, ұлттық ерекшеліктерді елеусіздендірген мемлекеттік көші-қон саясатының нәтижесінде қазақтарға ұлт ретінде құрып кетудің қауіптілігі арта түсті. 1916 жылы Ұлт азаттық көтерілісті жазалаудың шараларынан қашқақтаған қазақ халқының көшіп-қонуы кеңес дәуірінде өршіп кеткен қазақ халқының сырт аймақтарға көшіп-қонуының бастауы болатын. Аталмыш кезеңде болып өткен саяси және демографиялық катаклизмдер нәтижесінде қазақ халқының арасындағы өлім-жітімдер мен сырт аймақтарға көшіп-қонуы, сонымен қатар бастысы, қазақ мемлекетіне ауыл шаруашылық, өндіріс, қуғын-сүргін салдарынан орын алған көшіп-қонулардың толқындарының арқасында басқа ұлттың өкілдерінің келуінен жергілікті ұлттар өздерінің тарихи отанында аз санды ұлттарға айналады;

3) *Қазақстан тәуелсіздік алған* жылдары – көшіп-қону қозғалысы нәтижесінде ғасыр көлемінде Қазақстан территориясына көшіп келген ұлттардың тарихи жеріне қайтуы көшіп-қонуды күшейтіп, керісінше, ғасыр бойында сырт аймақтарға қашып кеткен қазақ халқының тарихи жеріне қайта көшіп-қонуы жандана түскен. Қазақстанға кері оралғандардың Қазақстан жеріне қайта келуі республиканың саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық мен қауіпсіздігі мен тұрақтылығының негізі болып саналатын халықтардың демографиялық мінез-

құлықтарындағы негізгі шешуші ұлт – қазақтардың сандық және сапалық мәнін көтерді. Қазақтардың сыртқа көші-қоны еңбек көші-қонымен байланысты.

Кеңестік дәуірдегі көші-қон үдерістері қазақстандық тарих ғылымының тұжырымдамалық ұстанымы тұрғысынан қалыптасқан жаңа көзқарастарға сәйкес жеке өзгешеліктері жүйеленген *алты* кезеңге бөлінді: 1) 1917-1926 жж. – *саябырсу* кезеңі, 2) 1926-1939 жж. – *қайта өрлеу* кезеңі, 3) 1939-1945 жж. – *мәжбүрлі* кезеңі, 4) 1946-1959 жж. – *өрістеу* кезеңі, 5) 1959-1970 жж. – *бәсеңдеу* кезеңі мен 6) 1970-1991 жж. – *кері бұрылу* кезеңі.

Кезеңдерге бөлуде назарда ұстанған ұстанымдар – көшіп-қону процесінің тарихи құбылыстар мен көшіп-қону толқындарының маңызды бағыттарына қатысты негізгі процестер мен демографиялық салдарлар болып табылады. Көшіп-қону процесі халықтардың құрамы мен сандық көрсеткіштерінің өзгерістеріне, табиғи қозғалыстардың негізгі процестеріне ықпал жасайтын факторлар ғана емес, сонымен қатар ол мемлекетте қоғам дамуының салалары мен ұлттық даму деңгейінің құлдырауы мен өрлеуіне негізделген өзгешеліктердің қалыптасуына ықпал еткен негізгі фактор болып саналады.

Үшіншіден, көшіп-қону процестерінің тарихи-демографиялық аспектілерін зерделеу барысында осы үдеріске байланысты өзгерістерге ұшыраған *терминдерді* жаңаша тұжырымдамалық тұрғыдан нақтылауға көңіл бөлінді. Себебі, халықтың көші-қоны ұғымын айқындауда әдістемелік тосқауылдардың бірі – термин шекараларының бұл мәселені зерттейтін ғылымдардың қалыптасу мен қалыптануының күрделі үдерісімен шектеулі айқындықсыздығы байқалды. Яғни, көші-қонның алуан түрлі аспектілерін зерттеудің, сайып келгенде бұл ұғымды теориялық әзірлеудің де тарихы бар. Сондықтан, көші-қонға қатысты терминдердің мәні айқындалып, оның негізгі түрлері бөліп көрсетілді. Сонымен бірге, қазіргі ғылыми әдебиетте пайдаланылатын көші-қон үдерісіне қатысты терминдердің жүйесі талданды.

Төртіншіден, тарихи демографияның жаңа теориялық ұстанымдарын қалыптастыру үшін халықтану мәселесіне қатысты тарихи материалдарды қайта қарап, ой елегінен өткізіп, тарихи дәуірлерді қайта анализ жасап, басты пікірлерді тиянақты етіп қорытындылап, әрбір кезеңдерге сай басты заңдылықтар мен өзгешеліктерді көрсетуге басты көңіл аударылды. Мұнда мәселе жаңа теориялық қағидалар мен жауаптары дайын сызбаларды ойлап табу жайында еместігі анық. Аталмыш жағдайдағы барлық туындаған проблемалар қолда бар деректер мен материалдарды жинақтап, сыни көзқараспен жүйелей отырып, тарихи шындықты жалған деректерден айырып, жаңа көзқараспен тұжырымдық нәтижелерге қол

жеткізу жайлы мәселе туындауда. Қоғам болып жатқан мұндай құбылыстарды зерделеудегі бұндай бағыттарды «түсінуші» әлеуметтану ғылымдары ұсынды [2].

Ресей тарихындағы демографиялық мәселелерді зерттеуші ғалымдар қалыптастыруға талпынған миграциялогия деген атаумен белгілі теориялық ілім ұлттардың орын алмастыруын зерттегенімен, көші-қонның қоғам өміріне, әлеуметтік қатынастарға, ұлттық, әлеуметтік құрылымдар өзгерісіне әсерін талдауға қолайсыз болғандықтан, қолдану аясы тар болып, тұтастай тұжырымдама ретінде қолданылмады.

Сондай-ақ, батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жаңатаптық (неоклассовый) «макро және микротеория», «жаңа экономикалық көші-қон» және «екіжақты еңбектік – нарықтық теория», «әлемдік жүйе теориясы» және т.б. көші-қон мәселесін зерттеуге арналған теориялар қалыптасуда. Бірақ, әлі күнге дейін көші-қон үдерістерін зерттеудің нақты тұжырымдамасы қабылданған жоқ. Олардың себеп-салдарлары көші-қон үдерістерінің көпфакторлылығы мен алуан түрлілігіне байланысты жекелеген ғылыми теорияның кең көлемділігі мен ұғындырудың қиын болуымен анықталады.

Мәселен, *экономика ғылымының* тұрғысынан көшіп-қону процесі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне ықпал жасайтын ұлттың экономикалық жағынан белсенді және белсенді емес үлесінің сан мен сапалық құрамының өзгерісіне ықпал жасайтын фактор ретінде бағаланады. Сондықтан, жалпы әлемдік тарих ғылымындағы секілді қазақстандық тарих ғылымында да көші-қон мәселесі классикалық теорияның парадигмалық ұғымдарының таза пәндік шекаралық шеңберінде зерттелуде. Фрагментарлы нәтижелерді тұтастай теориялық тұжырымдамаға айналдыру мәселесі шешілген жоқ. Бұл жұмыста республика халқының полиэтникалық құрамының қалыптасуына әсер еткен көші-қон үдерісінің халықтану саласындағы орны айқындалады.

Кеңес дәуірінде көші-қон үдерісін жоспарлау, жүргізу, нәтижелерін халықтың санасына сіңіруде ұлттық ерекшелік мәнсізденіп, интернационалдық сипаттағы таптық мән басты идеологиялық түпқазыққа айналды. Тек қазақ жерінде ғана емес, бүкіл кеңес елінде тоталитаризмнің үстемдік етуіне мүмкіндік берген идеология барлық ұлт өкілдерінің тарихын бұрмалаушылыққа әкелді.

Сондықтан, зерттеу жұмысында отандық тарихтың халықтану саласында қордаланып қалған мәселелерін ұлттық идеологиялық тұрғыдан зерттеуге серпін беруші өркениеттілік принциптерінен ауытқымау мәселенің тұжырымдамалық қағидасы екені назарда ұсталды.

Сонымен, зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік негізінжалпы адамзаттық құндылықтар мен халықтың рухани дәстүрлерін сақтауға

басымдылық мән беретін әлемдік ғылыми таным мен ұлттық идеологияның тарихи принциптері құрады. Тақырыпты зерттеуде өркениеттілік пен ұлттық тұрғыдан жаңаша пайымдаудың әрекеттері жасалды.

Әдебиеттер

1. Мажитов С.Ф. Формирование исторического сознания в Республике Казахстан: реалии и перспективы // Современное состояние и перспективы развития исторической науки Казахстана и России: сборник материалов международной научно-практической конференции. – Алматы: Тарих тағылымы, 2008. – 424 с.

2. Ионин Л.Г. Понимающая социология. Историко-критический анализ. – М.: Наука, 1979. – 207 с.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИССЛЕДОВАНИЯ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В КАЗАХСТАНЕ С ПЕРСПЕКТИВЫ ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО АСПЕКТА

Аннотация

В статье говорится о том, что теория и методология, сложившаяся в науке в советское время, приводят к искажениям национальной истории. В работе историко-демографического характера идеологические жесткие принципы и методика марксистско-ленинского характера наносят ущерб теоретическому объективному анализу миграционных процессов. С обретением независимости Казахстана в корне изменился подход к оценке исторических событий, можно определить путем анализа приведенных данных. Особое внимание уделяется написанию исторических явлений в цивилизационном и национальном плане. В этой статье речь идет о том, что концептуально возобновилось изучение тесной взаимосвязи демографического развития населения Казахстана с историческими процессами.

Ключевые слова: *миграционный процесс, историко-демографический аспект, вопросы периодизации миграционных процессов*

METHODOLOGICAL BASES OF RESEARCH OF MIGRATION PROCESSES IN KAZAKHSTAN FROM THE PERSPECTIVE OF HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ASPECT

Annotation

The article says that the theory and methodology developed in science during the Soviet period lead to distortions of national history. In the work of historical and demographic character, strict ideological principles and methods of Marxist-Leninist character damage the theoretical objective analysis of migration processes. With the independence of Kazakhstan, the approach to assessing historical events has changed radically, which can be determined by analyzing the data provided. Special attention is paid to the writing of historical phenomena in civilizational and national terms. This article refers to the fact that the study of the close relationship of the demographic development of the population of Kazakhstan with historical processes has been conceptually resumed.

Keywords: *migration process, historical and demographic aspect, issues of periodization of migration processes*

ӘОЖ94(574)

**АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Алдабергенова М.К.¹, Әріпбек У.П.²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доцент
м.а., PhD

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 5В012900-
география-тарих мамандығының 4 курс студенті;

Аннотация

Мақала орта ғасырдағы қазақ жеріндегі қалалардың саны, олардың көлемі мен географиялық жағдайы, Қазақстан территориясындағы қалалар тарихын білудегі маңызын ашып көрсетуге бағыттылған. Ғылыми айналымға түскен тарихи және археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, Оңтүстік Қазақстанның қалаларының тарихына қатысты материалдарды жинақтап, зерттеу мәселелеріне тоқталады. Ортағасырлық қалалардың құрылымындағы өзгерістер мен әлеуметтік жай-күйі туралы түсінік қалыптастырады. Сонымен қатар мақалада X-XII ғасырлар қалаларына

жүргізілген қазба жұмысының кезінде ашылған үйлердің құрылыс жүйелерінің өзгерістері мен ерекшеліктері баяндалады.

Кілт сөздер: *махалла, ташинау, сәкілер, сандал, шахристан, нумизматтық деректер, қапсырма, су жүйелері*

Археологиялық қазбалар орта ғасырларда отырықшы мәдениеттің өркендеп, қалалардың саны көбейгенін көрсетті. Бұрын Қазақстанның оңтүстігінде 30 қаланың орналасуы белгілі болатын, бірақ кейінірек зерттеулер нәтижесінде қалалар саны 37 қалаға жетті. Бастапқыда есептерде тек 6 қала туралы айтылған, бірақ кейінгі кезде олардың саны 33 болды.

Бұл Шығыстың экономикалық және мәдени қатынастарға қатысу арқасында қалалардың саны артқандығын көрсетеді. Екіншіден, қала жанындағы жартылай көшпелі малшылардың қоныстануы қаланың артуына ықпал етті.

Қазақстанның оңтүстігінде қалалардың топтасқан жүйелері - Арыс өзенінің Сырдарияға құятын салалары. Арыстың орта ағысында Кенже ауданы бар, оның орталығы Осбаникент қаласы, ал өзен Сырдариямен біріккен жерінде Отырар қаласының Фараб ауданы болды. Шауғар ауданында Қарнақ, Шур, Шағылжан қалашықтар болды. Сырдарияның орта шенінде Сүткент, төменгі сағасында Сығанақ, Жанкент, Асинас, Жент, Баршынкент сияқты қалалар болған. Отырықшы өркениеттің тағы бір саласы – Жетісудағы пима. Әсіресе Жетісудың оңтүстік-батыс орталығы Таразда қала мәдениеті жанданды. Ауданнан 36 қала тұрғыны табылды. Жетісудың солтүстік-шығысында 70 қала ашылды (ортасында - Лабан, Алматы, Талхир) [3, 5 с.].

Қалалар саны бойынша ғана емес, аумағы мен экономикасы бойынша да көркейіп отырған. Оларды үш бөлікке бөлуге болады. Алғашқы бөлікке аумағы 30 гектардан асатын қала тұрғындары кіреді. Мұндай қалалар - Испиджаб, Отырар, Сауран т.б. Екінші бөлікке 10 га - дан 30 га аралығындағы қалашықтар кіреді. Мұндай қалаларға Бурух, Хурлуг және т.б жатады. Үшіншісіне аумағы 10 га – дан аз қалалар кіреді - Алмалық, Лавар, Қапал, Ақтам, Арасан. Осындай қалалар 1 және 2 топтарға салыстырғанда әлдеқайда жиі кездеседі. Қалалардың мөлшері олардың халқының саны жағынан ғана емес: құрылысына, мемлекеттік саудаға және діни құрылыстардың орналасуына байланысты.

X-XII ғасырлардағы қала құрылысының бір ерекшелігі; отырықшы өркениеттің дамуы Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарына тарай бастады. Мысалы, Кенгір өзенінің бойында Ұлытау, Саралы, Торайлы етегінде Басқамыр, Аяққамыр қалаларының болуы қала мәдениетінің өркендеуін байқатты.

Қала құрылымындағы өзгерістер. Қалалардың археологиялық қазбалары олардың ішкі құрылыс жүйелерінің толық бейнесін береді.

Ортағасырлық дамыған Отырар, Тараз, Талғар, Баба-Ата, Қуыртөбе қалаларында жүргізілген ауқымды қазба жұмыстары осы қалалардағы қоғамдық ғимараттардың схемасын анықтауға көмектесті. Көше үйлердің екі жағымен, фермаларға арналған бөлмелермен және олардан бөлек тұрған шеберханамен қоршалған. Шеберханалар мен ұстаханалар үйлерден алыс тұрғызылған.

Жазбаша және археологиялық мәліметтермен салыстырғанда ортағасырлық дамыған керамика шеберханаларының саны ерте ортағасырлық қыш ыдыстармен салыстырғанда 2,5 есе артты. Нәтижесінде үйлер саны көбейді. Отырар қаласын қазу барысында сауда орны анықталды. Мұның басты себебі - ауданда халық көп болғандықтан, көшелерге қыш құмыралар бөлінділері төселген. Керамика дүкені қаланың оңтүстік бөлігіндегі төбеде орналасып салынған. Шеберлер шоғырланған қала көшелері, негізгі кәсіптің атымен аталады (Зергерлік көшесі).

Олардың қалаларындағы маңызды жаңалықтардың бірі - құрылыстың ерекше жүйесі исламды енгізу арқылы мешіттердің пайда болуы. Қалалық құрылыстың тағы бір ерекше түрі - Шығыс моншасы. Шығыс моншасының орны ескі Отырар ауданында табылған. Осы типтегі моншалар Тараз, Ясы және өзге де қалаларда болды. Су керамикалық құбырлар арқылы Тараз және Отырар құбырларына құйылады. Бұл ортағасырлық өркениеттің даму деңгейін көрсетеді. Отырар қаласының дуалының қалыңдығы 6,2 м құрайды, бірақ көтерілген сайын ол 1,5 м дейін жіңішкеріп отырды. Мысалы, X ғасырдағы Баба Ата қаласының қабырғасы екі қатарлы кірпіштен салынған. Қоршаудың шетінде арқа бар. Қаланың қорғаушылары тұрған. Жетісу қалаларының қорғаныс жүйелері мен ішкі құрылысының жүйелері әртүрлі болды. Жергілікті тайпалардың қоныстануына байланысты Талғар елді - мекенінің ішіндегі үйлердің жанында мал қоралары салынды. [1, с.4]

Сонымен, оныншы ғасырдан бастап ғасырдың басына дейінгі кезеңде Қазақстанда қалалар салу жүйесінде айтарлықтай өзгешеліктер болды. Бұл қаланың үшінші сыртқы бөлігінің қалыптасуында, тұрғын аудандарының көлемінің ұлғаюында, қала құрылысының жаңа элементтерінің - мешіттер, моншалар сияқты қоғамдық ғимараттардың құрылысында, бекіністерді нығайтуда көрінеді.

Тұрғын үйлер. X-XII ғасырлардағы қалаларда жүргізілген қазба жұмыстары қазылған үйлердің құрылыс жүйелері ерте орта ғасырларда (VI-IX ғасырлар) салынған жүйелерге ұқсас екенін анықтады. Бірақ X ғасырдағы елді мекендерде нөмірлер саны басталады. Бөлме еденге кірер алдында ғана сақталды.

Сәкілерлер бөлменің жартысын немесе тіпті көп бөлігін алады. Бөлмеде аузы есікке қарайтын тандыр бар. Мұра тандырдың артқы жағынан тесілген, ал түтін үйдің төбесі арқылы шығады. Тандырда ашық беті бар 30x30 см тікбұрышты пеш бар. Оған ыстық шоқ салады. Ол үйді жылытуға қолданылды. Үйдің төбесі бір – үштен немесе беске дейін баулармен немесе белдіктермен жабылған. Үйдің төбесі оның мөлшеріне байланысты.

XI-XII ғасырлардағы үйлердің құрылысында да өзгерістер болды. Мәселен, Құйрықтөбе қазба жұмыстары кезінде жақын маңда үш қабатты, өзара байланысты үйлер табылды. Орындар саны, еденге тұрғызылған пештер көлемі дөңгелек, сопақтау әр түрлі. Бөлменің мөлшері де әр түрлі болды. Мұнда 30 шаршы метрден 40-50 шаршы метрге дейін созылдары да бар. XI ғасырдағы үйлердің бір өзгешелігі - едендегі дөңгелек немесе тікбұрышты ошақтар болды. Олар гүлді және геометриялық пішіндермен безендірілген [2] Бұл пештер азиялық қонақ бөлменің ортасындағы сандалдарға ұқсас. Бірақ олар киіз үйдің ортасындағы ошақтардан айтарлықтай өзгеріс жоқ. Мұндай пештер өте маңызға ие болды. Олар үйге жылу да, жарық та берді. Ошақ басында отбасы мүшелері отырып, маңызды мәселелер талқылаған секілді.

XII ғасыр жаңалықтарының бірі - бөлмелердегі орналастылған ташнау. Ташнау - бүгінде көп қабатты үйлерде қолданылатын кәріздің қарапайым түрі. Ол үшін оттың алдынан екі-үш метр тереңдікте шұңқыр қазылып, оған арнайы тесілген түтік орнатылған. Шұңқырдың үстіне қалыңдығы 4-5 см, тікбұрышты 30x30 см кірпіш қойылып, оның түбін ашық қалдырады. Кей ірі қалаларда арнайы қыш ыдыстар ташнау арқылы жасалып, қаладан шығарылды [5, 10 б.].

X-XII ғасырларда Жетісу өлкесінің құрылысы жергілікті ерекшеліктерге ие болды. Бөлмелер белгілі бір негізгі ғимараттың айналасында топтастырылған. Аумағы 500-600 шаршы метрді құрайтын қоршалған, оның ішкі жағасында үй салынған, ортасы аула ретінде пайдаланылады. Олар кішкентай қорғандар сияқты еді. Бөлмелер бір – біріне жақын орналасқан. Ірі қара малды ашық алаңға шығарып, үйлерге тігеді. Осындай жайттар Жетісу аумағында көп кездеседі [4, 6 б.]

Мәдени мұраны зерттеу, сақтау және пайдалану саласындағы серпіліс елбасы Н.Назарбаевтың мәдени мұрамызды дамыту туралы жолдауымен, сондай-ақ бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттермен тығыз байланысты. Осыған байланысты 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихы жазылған, ал біздің туған тарихымыз осылай тіркеліп жинақталған.

Әдебиеттер

1. Сенигова Т. Орта ғасырлық Тараз. – Алматы: 1972.- 71б.
2. Андрианов Б. Арал өңіріндегі ежелгі суарту жүйесі .- Мәскеу: 1969.- 41б.
3. Байпаков К. М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті. - Алматы: 1986.-926 б.
4. Волин С. Л. Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар. - 84б.
5. Пищулина К. А. Сырдария қалалар және олардың қазақ хандықтары тарихындағы маңызы. - Алматы: 1969.- 176 б.

ОСОБЕННОСТИ СТРУКТУРЫ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДОВ НА ОСНОВЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ДАННЫХ

Аннотация

Статья направлена на раскрытие значения городов на средневековой казахской земле, их размеров и географического положения, истории городов на территории Казахстана. Опираясь на исторические и археологические исследования, поступившие в научный оборот, собираются материалы, касающиеся истории городов Южного Казахстана, о проблемах исследования. Формирует представления об изменениях и социальном состоянии в структуре средневековых городов. В статье раскрываются особенности и особенности строительных систем вскрышных домов при раскопках городов X-XII веков.

Ключевые слова: *пиман, махалли, ташнау, саки, сандали, шахристан, нумизматик, скобы, канализация.*

FEATURES OF THE STRUCTURE OF MEDIEVAL CITIES BASED ON ARCHAEOLOGICAL DATA

Annotation

The main purpose of the article is to reveal the number of cities in the Kazakh lands in the Middle Ages, their size and geographical position, the importance of knowledge of the history of the cities of Kazakhstan. Collection, study and systematization of materials on the history of the cities of South Kazakhstan on the basis of written data, historical and

archaeological research to form a concept of changes in the structure and social status of medieval cities, described changes and features of home building systems.

Keywords: piman, mahalli, tashnau, saki, sandals, shahristan, numismatic, brackets, sewer.

ӘОЖ94(574)

С.ҚОЖАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІН КЕЗЕҢДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алдабергенова М.К.¹, Жадраева Г.А.², Мүсірәлі Ж.Е.³

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доцент м.а., PhD

²Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті, аға оқытушы

³Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 129-16 тобының студенті

Аннотация

Мақалада С.Қожановтың ұлт жанашыры мен қайраткер ретіндегі, қоғамдық-саяси қызметі шартты түрде үш кезеңге бөлініп қарастырылады. Мақалада бірінші кезең деп берілетін 1917-1920 жылдар аралығы С.Қожановтың уездік мектеп мұғалімі қызметінен бастап уездік-қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілген уақыты деректер негізінде сипатталады. Екінші кезең 1920-1925 жылдар аралығы деп алынып, С.Қожановтың Түркістан АКСР Ішкі істер халық комиссары қызметінен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің екінші хатшысы лауазымына дейінгі атқарған қызметі архив материалдарының негізінде талданады. Үшінші кезең болса, 1926-1931жылдар аралығы деп қарастырылап, С.Қожановтың марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысынан Жұмысшылар инспекциясы Халық комиссариатының Одақтық мақта дайындау бөлімі Өзбекстан Республикасы бойынша өкілі орынбасары лауазымындағы атқарған қоғамдық қызметі жазба деректердің негізінде сипатталады.

Кілт сөздер: С.Қожанов, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, халық ағарту ісін ұйымдастырушы, қоғамдық-саяси қызметі

С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінің алғашқы жылдары (1917-1920 жж.) қайраткердің ағартушылық қызметпен қатар елдің саяси өміріне араласу кезеңі ретінде белгілі. Бұл кезең сонымен қатар С.Қожановтың алаш

қайраткерлерінің өнегесімен сусындап азаттық қозғалыс пен саяси күреске тартылуымен ерекшеленді.

Түркістан мұғалімдер семинариясын аяқтаған соң С.Қожанов еңбек жолы Ресейдегі ақпан революциясымен тұспа-тұс 1917 ж. ақпан айында 374 мың қазақ тұратын Ферғана уезінде Айым қазақ ауылында оқытушылықтан басталады [1,190 б.]. Бар жоғы 2-3 ай ғана мұғалім болған Сұлтанбек Қожанов саяси қызметке араласады, атап айтқанда Ташкенттегі «Бірлік туы» газетін ұйымдастыруға кіріседі. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына бей-жай қарай алмаған С.Қожанов «Бірлік туы» газетіне большевиктердің бағдарламасын сынап жазады [2].

С.Қожанов сол кезде Кеңес өкіметінің жергілікті халықтың салт-дәстүрін мойындамай, түгелдей дерлік саяси тәжірибе жүргізетіндігінен қауіп алып, еуропа үлгісіндегі партиялар ұсынатын күрес жолын шығыста пайдалануға мүлдем келмейтіндігін сөз етеді [2]. Кеңес өкіметінің Түркістан автономиясын жоюы туралы С.Қожанов басқарған «Бірлік туы» газеті былай сипаттайды: «Жақында ол Қоқан көшелерін адам қанына бөктіріп, мұсылмандар қоныстанған қаланың ескі бөлігін жермен жексен етті, мыңдаған қорғансыз мұсылмандардың өмірін үзіп, олардың меншігін тонады бірақ, осыны олар өздерінің үйреншікті, әдеттегі туының астында емес, қызыл тудың астында істеді, әдеттегі ұрандарымен емес, азаттық пен революцияны ұран етіп істеді» [3, с. 234].

Саяси істерге белсене араласып жүрген С.Қожанов Ташкент қаласында оқуын жалғастыруды көздейді де, 1917 жылдың 16 қыркүйегінде институт директоры атына өтініш жазады: «Сіздің басшылығыңыздағы Мұғалімдер Институтында оқу тілегіме байланысты, мені бірінші курсқа қабылдауыңызды сұраймын. Құжаттарымды қажет болып жатса, қосымша тапсырамын» [4,33 б.].

Түркістан өлкесінде орын алған аштық пен саяси ахуалдың нашарлауы С.Қожановтың Ташкенттегі мұғалімдер институтында бір жыл ғана оқып, аяқтамай қоғамдық істерге араласуына мәжбүр болады. «Бірлік туы» газетінде Түркістан өлкесін жайлаған аштық жайлы мынадай сипаттама береді: Көшелерде шұбырып жүрген аш қазақ. Ана жерде, мына жерде де аштан өліп жатқан адам. Аштықтан айырықша қырылып жатқан – қазақ [5]. Түркістан өлкесінде ушыққан аштыққа байланысты С.Қожанов «Бірлік туы» басқармасы шешімімен аштыққа ұшырағандарға жәрдем комитеті ұйымдастырылып, асхана ашылады [7,295 б.]. Қожанов басқарған ашыққандар адамдарға көмектесу орнының басшысы ретінде қызметін 1918 жылдың мамырынан желтоқсанға дейін атқарды [6, с. 110]. Түркістан генерал-губернаторлықтың орталығы болған Ташкент қаласында қазақ педагогикалық курстары 1918 жылдың 13 қыркүйегінде Түркістан ХАК

шешімімен бұрынғы әскери гимназияның орнында орыс педагогика училищесінің жанынан ұйымдастырылды [8,6 б.]. 1918 жылдың 2 желтоқсанында қазақ педагогикалық курстары коллегиясы қалыптасып, оның төрағасы болып Иса Тоқтыбаев бекітіледі. Ал коллегияның мүшелері ретінде Хайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов, Қоңырқожа Қожықов, Фазыл Құлтасов, Емберген Табынбаев тағайындалады [9,6 б.]. 1919 жылдың 20 мамырында курстың алғашқы түлектері бітіреді, олардың қатарында Ғани Мұратбаев, Жандарбек Құрманбеков болады. Уақыт өте келе қазақ педагогикалық курстардың негізінде 1919 жылдың 1 шілдесінде қазақ педагогикалық училищесі құрылады.

Түркістанға оралғаннан кейін жергілікті мектептердегі оқу саласын жаңартып, жаңа мектептер ашуға, білімді кадрлармен білім жүйесін толықтыруға атсалысады. Ташкент қаласындағы ағарту институтын бітірген мұғалімдерді алдыртуға, ұлттық кадрларды тәрбиелеуге тырысады [9,10 б.]. Алайда ұлттық қозғалысқа қатысы бар Қожановты жергілікті большевиктер партияда жоқ екендігін бетіне басып, меньшевик, контрреволюционер, ұлтшыл деп айып таға бастайды да, қамауға алынады. Түркістан уездік-қалалық төтенше комиссия 1919 жылы қамаудан босатады, қаладан шықпау жөнінде қаулы қабылдайды. Осындай кедергілерді өткерген С.Қожанов 1920 жылдың наурыз айында коммунистік партия қатарына өтеді. Партия қатарына қабылданған С.Қожанов қызмет сатысымен жоғарылай бастайды. Алаш зиялылары, соның ішінде С.Қожанов Кеңес билігін мойындап, өз халқына адал қызмет етуге барынша ат салысты.

С.Қожановтың Түркістан АКСР Ішкі Істер ХК лауазымынан БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің ІІ хатшысы қызметіне дейінгі *аралық екінші кезең* деп алсақ, (1920-1925) елдегі маңызды саяси реформалармен тұспа-тұс келді. 1920-1924 жылдар аралығында С.Қожанов Түркістан Республикасы үкіметінде бірнеше комиссариатты басқарады. XX ғасырдың 20-шы жылдары өкіметтің жұмысына жаңа жүйені, қатынастарды енгізумен дараланды.

Түркбюро РК(б)П ОК басшылығымен 1921 жылы қаңтарда Әулиеатада қазақ, қырғыз кедейлері съезі өткізілді. Съезд президиумына Н.Төреқұлов, Г.Сафаров, С.Қожанов, С.Аспандияров, О.Жандосов секілді кейінгі жер-су реформасын тікелей іске асырғандар еді.

Съезд өз жұмысында Түркістанда жер мәселесін талдап, Түркбюро РК(б)П ОК жер-су реформасын жүргізу туралы шараларын талқылап, кедейлерге реформаны жүзеге асыруға шақырды. Съезде қаралған жер-су реформасының басты міндеті жергілікті халықтың сана-сезімін оятып, қоғамдағы өзгерістерге белсене қатысуға шақыру болды. С.Қожанов өз сөзінде: «Қазақ-қырғыз кедейі өз ақысын өзі талап қылып, өзі ұстануы тиіс. Қазақ-қырғыз кедейіне енді, «я олу, я

өлтіру» күресі кез келіп отыр» [10] дей келе жер-су реформасын жүзеге асырудағы халықтың нақты міндетін нақтылап берді. Реформаға бай-кулактардың қарсылық әрекетін басу мақсатында жергілікті кеңес ревком жағдайына көшіріледі. С.Қожанов Түркістанда тікелей басшы болған Жер-су реформасы 1921 жылдың күзіне қарай аяқталады [11].

С.Қожановтың жер мәселесіне араласуы оның кейінгі қызметінде де көрініс тапты. 1921 ж. 23 наурызындағы РКФСР Жер шаруашылығы комиссариатының №77 Бұйрығымен: «1921 жылы жаңа өтініштерге және ешқайда қоныс аударуға әсіресе, Қазреспубликасына, Башреспубликасына, Түркістанға, Украинаға және с.с. тыйым салынады» [12, 1-11 с.] қаулы қабылданады. Осы қаулыға сәйкес Қазақстанға сырттан және өз ішінде қоныс аударуға көшпелі және жартылай көшпелі халықты жерге орналастырып бітпейінше тиым салатындығы жазылады [12,11 с.].

Бірақ Қазақ өкіметі көшпелі және жартылай көшпелі халықты жерге орналастыруды жалғастырады да, қоныстанушыларға қатысты өзінің қатаң позициясын ұстанып қала береді.

Қазақстанда патшалық кезден жалғасқан жер мәселесінде қалыптасқан шиеленісті жағдайды ұлттық мүдденің пайдасына өзгертуге бағыт алған С.Қожанов бастаған Қазақ өкіметі табандылықпен күресе білді. Осы шиеленістің барысында тек орыс қоныстанушылардың сөзін сөйлеген Ерекше комиссия таратылып, қазақ жеріне қоныс аударуға тиым салу күресі жемісті аяқталды деген тұжырым жасауға болады.

С.Қожановтың қоғамдық қызметі барысында 1924-1925 жж. Орта Азия республикаларындағы жүзеге асырылған Ұлттық-мемлекеттік межелеу ерекше орынды алды. Қазақ халқының тағдыры үшін де бұл кезең ерекше болады. Өйткені, Ұлттық-мемлекеттік межелеу қорытындысында Түркістан Республикасы қазақ облыстары (Сырдария, Жетісу) қазақ халқына қайтарылады, бөлектенген қазақ елінің территориясы қайта біріктіріледі. Межелеу барысында Сырдария облысына қарасты Ташкент қаласы мен уезіне қатысты дау ең күрделі мәселеге айналды. С.Қожановтың басшылығындағы комиссия Ташкент қаласын айнала қоныстанған қазақтар санының басым екендігі мен Ташкент қаласы тарихи тұрғыдан қазақ қаласы болғандығы жайлы дәлелдер келтіргенімен Ташкент қаласы өзбектер тарапына қалдырылады.

Ташкент қаласы үшін дау жайлы С.Қожанов: «Біз аса қажырлы ғана болған жоқпыз, біз дәрекі де болдық, бірақ Ташкентті ұстап тұра алмадық» [13] деп өкініш білдіреді. 29 болыстың 9-ы ғана Қазақ Республикасына беріледі.

Қазақ халқының егіншілікпен айналысатын ауданы – Мырзашөл уезін межелеу барысында оның 9 (Иіржар, Дальверзин, Славянская, Крестьянская, Сырдария, Беговат, Сават, Жетісай, Хават) болысының біреуі ғана қазақтарға беріліп қалғаны өзбектер тарапына қалдырылды. Межелеу жайлы Түркістандағы С.Қожанов басшылығымен қазақтар Ресейдің Орта Азия бөлігін ұлттық республикаларына межелемей, керісінше олардың басын біріктіріп Ортаазиялық федерация құру туралы ұсыныстар айтып, осы федерацияға Қазақ АКСР-ін да қосуды қолдағандар бар болатын.

Орта Азия республикаларын межелеу жөніндегі Территориялық Комиссияның 1924 ж. 17 тамыздағы пленумда, 14 қыркүйектегі біріккен Пленумында С. Қожанов Орта Азия Федерациясын құру туралы талаптары қабылданбай тасталды [10,319 б.].

С.Қожановтың қоғамдық қызметі Қазақ өкіметіне ауысқаннан кейін жаңа қырынан таныла бастады. 1924 ж. 15-16 қыркүйегінде Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төтенше сессиясында ТАКСР-ың межеленгендігі жөнінде қаулы қабылдайды. С.Қожанов Орынбордағы Қазобком тарапынан өткізілген пленумға қатысып, ҚазОбком межелеу науқаны кезінде тиісті деңгейде белсенділік көрсетпегенін жөнінде қатты сынайды. 1924 жылы С.Қожанов Сталинге хат жолдап, республиканың әкімшілік құрылымы мен саяси институттарының жоғары деңгейде қалыптасып, олардың жұмыстарын жандандыру жайында өз пікірін айтады.

Аталмыш кезеңде С.Қожанов өмірінде келесі қызметте *жаңа кезең* басталады, ол қазақ қоғамы ілгерілеп дамуы үшін саяси басқару органдарының арасындағы алауыздықты жойып, бар күш жігерді даму жолына жұмсау қажеттігін ұғынады. Басшылық қызметте іске асырған әрбір әрекеті осы мақсатты іске асыруға бағытталғандығын 1925 жылы 7 сәуірде РК(б)П Қазақ Өлкекомының мәжілісі кезінде қабылдаған қаулыларынан көруге болады.

1925 жылдың 9-11 сәуірі күндері РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті пленум өткізеді. Бұл пленумда Қазақстан үшін маңызды деген мәселелер – жерге орналастыру, ауыл шаруашылық кооперацияларының жұмысын жандандыру мен оқу мен ағарту мәселесіне кеңінен тоқталады.

С.Қожанов басшылық қызметке тағайындалғаннан бастап басты назарда ұстаған мәселесі ол - Қазақ Кеңестік Республикасына ұлттық нақыш беру еді. С.Қожанов осы бағытта мынадай талпыныстарды іске асырады, біріншіден, Бүкілқазақтық V Кеңестер Съезі өтеді, онда қоғам дамуының барлық саласында қордаланған мәселелерге нүкте қойылды, екіншіден, қазақтардың орталығы ендігі жерде «Қызыл-Орда» деп аталды, үшіншіден, осы жиын барысында «қырғыздар» деп

аталып келген қазақтарға «қазақ» атауы қайтарылды. Алайда РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің Бюросының 1925 ж. 29 қазанына дейінгі мәжілістеріне қатысқан С.Қожановтың іс-әрекеті кеңес билігіне ұнамады да, билікке Голощекиннің келуімен ол қуғынға ұшырай бастады. С.Қожанов БК(б)П Орталық Комитеті аппаратында Ұлт республикалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушысы ретінде 5 ай қызмет атқарады. тағайындайды. Мұнда ол бар-жоғы 5 ай істейді.

1926 жылы қарашада боып өткен БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті мен Өлкелік Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы «БК(б)П Өлкелік Комитеті Бюросындағы жағдай туралы» деген мәселені көтереді. Пленумда мынадай қаулы қабылданады: «Қожанов, Сәдуақасов және Мыңбаев бастаған топ өзінің мәні мен күрес әдістері жөнінде Қазақстанға тән болған ескі жікшілдіктің қалдықтарын (принципсіздік және жеке бастың бақастығы) сақтай отырып, сонымен бірге ауылдағы дәулетті топтардың партия және кеңес өкіметіне жасамақ ықпалын білдіретін идеялық ауытқушылықты көрсетеді» [14,25 п.] деп берілген баға С.Қожановтың Қазақстан басшылығына оралуға деген үмітін біржола үзді.

С.Қожанов Мәскеуге ауыстырылғаннан кейін оны айыптайтын саяси науқан кең өріс алады. С. Қожанов өзін ақтап алу мақсатында И.Сталинге, Қазақ өлкелік партия комитетіне ашық хаттар жолдай бастайды. Онда ол партияның алдыңғы қатарында жүріп қандай жұмыстарға араласқандығына толықтай талдау жасайды. Атап айтқанда:

- отарлауға байланысты іс-қимылдар мен ұлтшылдықты саяси тұрғыда талқандауға;
- жер-су реформасы және жерге жайғастыруды жүргізуге қатысты іс-әрекеттерге;
- «Қосшы» одағын құру науқаны;
- Орта Азияда ұлттық межелеуді іске асыру жұмыстары;
- Қазақстан ордасын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға тікелей араластым» [4,12 б.] деп жазады.

Мәскеуде оқуын аяқтауға таяған сайын С.Қожановтың Қазақстанға қайтуына тосқауыл бола алатын негізсіз айыптаулар қатары көбее түсті. Негізсіз жала жабулардан өз басын ашып алу мақсатында С.Қожанов 1927 жылы наурызда Сталинмен жолығады. Нәтижесінде Бас хатшының С.Қожановқа байланысты мынадай хаты жазылады:

«Менімен әңгімелескенде Қожановтың өзі де оның Қазақстандағы жұмысында ұлтшылдық бағыт болғанын растады. Ол баспасөзде кез-келген мәлімдеме жасап, өзінің қателіктерінен бас тартуға әзірлігін айтты. Егер Өлкелік комитет талап етсе, ол өзінің бұл әзірлігін жедел-ақ ісімен тындыратындығына мен сенемін. Менің ойымша Өлкеком бұл істе оған көмек көрсетуі керек. Егер Өлкеком қажет деп тапса, мен өз тарапымнан қандай да болмасын көмек

көрсетуге дайынмын» [15,89-89 об.]. Сталин хатында жазылған ойларға Голощекин өзінің мойынын бұра қойған жоқ, тіпті С.Қожановтың Қазақстандағы көлеңкесімен саяси күресін жалғастырды. С.Қожанов өз атын ақтап алу мақсатында өзін-өзі сынау процесін іске асырады.

Өзі бір хатында «1927 ж. 12/II. Қазақ Өлкелік комитетіне хатымда: «Мен әрқашан да топшылдықты айыптадым, қазір де айыптаймын және Қазақ Өлкелік комитетінің топшылдық туралы шешіміне толық қосыламын Менің саяси қызметімдегі партия көрсеткен барлық қателіктер мен ауытқушылықтарды түзейтіндігім туралы ашық түрде және шын жүректен уәде беремін. » [42,94 п.] деп жазады. Қазөлкеком тарапынан ешқандай әрекет іске асырылмағандықтан, С.Қожанов 1927 ж. 6 желтоқсанда БК(б)П Орталық Комитеті хатшысы Косиорға өтініш жазуға мәжбүр болады: «1926 жылдың қарашасындағы Өлкекомның III пленумында мен ұлттық бағытым үшін және бұрынғы топшылдығым үшін сырттай айыпталған болатынмын. Жеке және отбасылық жағдайларым менің оңтүстікке (Орта Азияға) ауысуыма мәжбүр болып отырғанымды қосқым келеді. Ал менің бір-екі жыл кітаптармен жұмыс істеу ықыласым, жұмысты дәл осы кеңестік партия мектебінен сұрауыма себеп болып отыр» [16,102-102 с.п.].

Бірақ С.Қожановтың Қазақстанға оралу жөніндегі барлық ұмтылысы нәтижесіз қалады. Голощекин Сұлтанбекті Қазақстанға жібермеу үшін 1927 жылдың 28 желтоқсанында Қазақ Өлкелік партия комитеті отырысында: «Қазіргі жағдайда Қожановты Қазақстанда қызметке пайдалану мүмкін емес» [17,154 п.] деген шешім қабылдайды.

Голощекин орталықтың берген тапсырмаларын орындауға тырысты. Атап айтқанда, біріншіден, топшылықдықпен күресті республикалық көлемдегі науқанға айналдырды; екіншіден, билікте оған кедергі болып отырған ұлт жанашырларын республикадан біржола алыстатып, басқа жерлерге ауыстырды. С.Қожановты Қазақстанға келтірмеу үшін көптеген кедергілер қойды және С.Қожанов Ташкенттегі БК(б)П ОК Орта Азия Бюросы, үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

Қорыта айтқанда, С.Қожановтың қоғамдық қызметі ұлт алдында борыш өтеудің жарқын көрінісі болғандығына көз жеткіземіз. Өз қызметінде ұлттық мүддені жоғары қойған С.Қожановтың ұлтжандылығы мемлекетшілікке ұласатындығы көреміз.

Әдебиеттер

1. Қожанова З.С., Жармұхамедұлы М. Алаш арысы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.
2. Қожанов С. Өзіміздің болшеуиксінгендерге // Бірлік туы. – 1918, ақпан-20.
3. Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии (Туркистон Мухторияти). – Ташкент: ИПО «Тошкент ислом университети», 2006. – 268 с.
4. Сұлтанбек Қожанов. Құжаттар мен материалдар жинағы / құрастырушылар: Тұрсұн Х.М., Әбікей А.М. – Алматы: Жалын. 2013. Т.1. 384 б.
5. Қойшыбаев Б. Сұлтанбек Қожанов. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 2007. – 320 б.
6. Смаилов-Солтанғұлов А. Алғашқы Крайком немесе ұмыт қалған есім // Өркен. – 1988, қараша-5.
7. Шәріп А. Сұлтанбек Қожанұлы. Шығармалары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 352 б.
8. Тілеуқұлов Г.С., Қосанбаев С.Қ. Алғашқы бастама жемістері. – Ташкент: «Шарқ» баспа – полиграфия акционерлік компаниясы Бас редакциясы, 2001. – 30 б.
9. Первый казахский институт в Ташкенте // Сборник документов и материалов. – Ташкент: Zar-qalam, 2005. – 159 с.
10. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.
11. Қожакеев Т. Халық атынан сөз сөйлеген // Жетісу. – 1990, наурыз-2
12. Кыдыралина Ж.У. Нация и история. – Астана: Елорда, 2009. – 304 с.
13. Салкынбек Д. Сұлтанбек Қожанов және жер үшін күрес // Түркістан. –2009, қараша-26.
14. Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939 / - М. :Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд «Президентский центр Б.Н.Ельцина», 2011. – 855 с.
15. Аманжолова Д. Казахская автономия: от замысла националов к самоопределению по советски. Hokkaido university, Acta Slavica Japonica; HUSCAP, 2004. – Т.21. – С.115-143.
16. Алаш көсемсөзі // 10 томдық: Жас Түркістан. – Алматы: Өнер, 2010. – Т.3. – 344 б.
17. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1991. – 168 б.

***ПРОБЛЕМЫ ПЕРИОДИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С.КОЖАНОВА***

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы общественной деятельности С.Кожанова с разделением на три этапа. В период с 1917 по 1920 годы описывается время, когда С.Кожанов был поднят с должности учителя уездной школы до заместителя председателя уездного горисполкома. Второй этап анализируется деятельность Кожанова в период с 1920 по 1925 годы от должности народного комиссара внутренних дел Туркестанской АССР до второго секретаря казахского краевого комитета БК(б). Описывается общественная деятельность С.Кожанова в период с 1926 по 1931 гг. от слушателя курса марксизма-ленинизма в должности заместителя представителя Народного комиссариата рабочей инспекции по Республике Узбекистан.

Ключевые слова: *С.Кожанов, общественный деятель, организатор народного просвещения, Общественно-политическая деятельность*

PROBLEMS of PERIODIZATION OF SOCIAL and POLITICAL ACTIVITY of S. KOZHANOV

Annotation

The article deals with the issues of public activity of S. Kozhanov divided into three stages. In the period from 1917 to 1920, the author describes the time when S. Kozhanov was promoted from the position of a district school teacher to the Deputy Chairman of the district Executive Committee. The second stage analyzes Kozhanov's activity in the period from 1920 to 1925 from the post of people's Commissar of internal Affairs of the Turkestan ASSR to the second Secretary of the Kazakh regional Committee of the BC (b). The article describes the social activity of S. Kozhanov in the period from 1926 to 1931. from a student of the course of Marxism-Leninism in the position of Deputy representative of the People's Commissariat of labor inspection for the Republic of Uzbekistan.

Keywords: *S. Kozhanov, public figure, organizer of public education, Socio-political activity*

ӘОЖ 124.51

**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ КІСІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР
МӘСЕЛЕСІ**

Арынғазиева Б.Б.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, филос.ғ.к.,
профессор м.а

Аннотация

Барлық тіршілік иелерінің ішінде адамға аса жауапты міндет жүктелген, оның өлшемі кісілік құндылықтармен айқындалады. Адамның құндылықтық өлшемі қандай болу керек және ол жалпы адамзаттыққа сай бола ала ма? Адамның тіршілік ортасына қарай жалпыға ортақ құрылым атаулары қалыптасқан. Мысалы, топ, ұлт, мемлекет, ел. Әр елдің рухани өзіндік ерекше құндылықтық өлшемі қалыптасады, рухани құндылық оның тұрмысы мен мәдениетінің орнын анықтайды. Елдік рухани құндылықтардан тұратын мәдениеті адамның шынайы мәнін ашатындықтан, бұл ғылыми мақалада кісілік мәселесінің мәнін айқындап, адамның бұл дүниедегі болмысының мақсаты жан-жақты талданады.

Қазақ даласындағы қалыптасқан кісілік құндылықтарды үйлесімділік пен ынтымақтастықтың ерекше белгісі дейміз. Қай заманда, қай халықта болмасын адам болмысындағы кісілік құндылықтар тақырыбы аса өзекті мәселе, кісілік құндылықтар жүйесі сол елдің дүние-танымының бейнесі. Сондықтан, қазақ мәдениеті мен ислам дінінде жатқан құнды идеяларды ортақ мәмілеге келтіре отырып, қазақ елінің өркениетті қалыптасуына мәнді ақпараттар ұсынылады. Баршамызға белгілі, қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесіндегі адамдық қарым-қатынастар, адамгершілік қасиеттер, кісілік құндылықтар, мұраттар өзіндік мазмұны терең, халықтың рухани ізденістерінен туған қазына болып табылады. Қазақ философиясындағы баға жетпес кісілік құндылықтар мен философиялық ойлар поэзия тілінде жатыр, сондықтан, осы идеяларды түсіну үшін жүйелеу және жалпылық талдау арқылы ғана мәнісі табылуы мүмкін.

***Кілт сөздер:** дүниетаным, философия, мәдениет, адам, руханилық, дәстүр, жаңашылдық, қазақ даласы, болмыс, кісілік, кісілік қасиеттер, тектілік, құндылық, этика, әдеп, жақсы, жаман, қанағат, жақсылық, жамандық, кеңпейілділік, мінез-құлық, бой ұсыну, жақсы мен жаманды тану, қанағат, елден оқшаулану, сырға беріктік, шариғат, кеңпейілділік.*

Қазақ мәдениетіндегі кісілік құндылықтар мәселесін осы уақытқа дейін әр ғылым саласы өзінше қарастырып келеді: философиялық, тарихи-этнологиялық көзқарастар, филологиялық, педагогикалық және т.б. көзқарастар. Мен, 1994-1998 жылы зерттеген «Хандық дәуіріндегі ақын-жыраулар философиясындағы кісілік құндылықтар жүйесі» тақырыбындағы ғылыми диссертациямда «кісілік» мәселесін толық аша алмадым. Сондықтан, «Қазақ философиясындағы кісілік құндылықтар мәселесіне жан-жақты талдауды осы мақалаға арқау етіп отырмын. Қазақ дүниетанымындағы адамзаттық мәнді кісілік құндылықтар мен абсолютті құндылықтарды философиялық талдау – уақыт сұранысы. Жалпы, құндылықтар әлемі алуан сынды болғандықтан, әр ғылым саласы өзіндік қызығушылықтарын жасады. Бүгінгі ғылым салалары жаратылыстық, объективтік, рухани болмыс мәселелерінен, адамның тылсым ішкі әлеміне бетбұрыс жасап, ізденіс өрісін кеңейту мүмкіншілігін қамтамасыз етуде. Әрқашан, адамгершілік құндылықтар кісілік қасиеттерде көрініс табады. Мәдени мұрамыздағы қазақ елінің тұлғаларының шығармашылық туындыларына үңілсек, адам мәселесіндегі ерекше, заман дағдарысына байланысты ұмыт қалған бет-бұрыстарды байқауға болады. Кез келген жаңа идея пісіп жетілуі үшін біраз уақыттарды қажет етеді, нәтижесінде, солардың ішіндегі қомақтылары өмір сүру құқығына ие болып, өз орнын табады. Осы тұрғыдан алғанда, «адам», «тұлға» тәрізді ұғымдармен салыстырғанда «кісі» ұғымы қазақ философиясында экзистенциалдық мазмұны айқын көрінеді. Кісінің басты кісілігі оның басқалармен қарым-қатынасында көрінеді. Бұл үшін ол «жарқын жүзді, шуақ көңілді, ыждаһатшыл, жылы жүзді, игі мақсатты, иманды» болуы қажет. Керісінше, кісілігі жоқ адам «қара бет, алатын бурадай суық, және т.б.» болып келеді. Ондай кісіге қарап көңілің толмайды, көншімейді. Қазақ әдебінде кісілік құндылықтардың тізбегі көптеген ұғымдарды қамтиды. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі «кісілік» ұғымы тек этикалық дәстүрден ғана емес, сонымен бірге, мұсылмандық әлеммен қатысты ортағасырлық жазба мәдениетінен бастау алады. Ұлттық қазақ философиясында «жетілген адам» мәселесі жалпы шығыс философиясы шеңберінде қарастырылып, адамды этика, адамгершілік тұрғысынан қарай отырып, оны білімділікке, парасаттылыққа шақыруға ерекше көңіл бөлінеді.

«Түркі тілдес халықтарының Конфуцийі» деген атаққа ие болған Ж.Баласағұн Конфуций сияқты адам мен адам, адам мен мемлекет арақатынасы, әсіресе, мемлекетті басқаруға байланысты жетілген адам мәселесін қарастырған. Жалпы, кісілік құндылықтар мәселесі адам тақырыбымен тығыз байланысты. Қ.А.Ясауи бойынша, нағыз адам кісілік қасиеттерге ие болу жолында (әулиелікке жеткізетін) көптеген сатыдан өтеді. Оның он сатысы шарифатқа, он сатысы

тарихатқа, он сатысы мағрипатқа және қалған он сатысы хақиқатқа тиесілі. Соңғы он сатыны атап өтсек: **а)** бой ұсыну; **ә)** жақсы мен жаманды тану; **б)** қанағат; **в)** жақсылық пен құрбандық жасау; **г)** елден оқшаулану; **д)** кезбелік; **е)** сырға беріктік; **ж)** шарифат; тарихат пен хақиқатты жақын білу және оны орындау; **з)** пақырлыққа иман қылу; **и)** кеңпейілділік. Ал, Ж.Баласағұн еңбегінде адамды алдап, дұрыс жолдан тайдырып, кісілігін қор етер жаман қасиеттерден аулақ болуды насихаттайды. Оның пайымдауынша, «*ар ілімінде біліктілік, ақыл ізгілікпен ұштасып жатады*». Мұндағы ізгіліктің іздері түрлі аллегориялардан анық көрінеді. «Кісілік – табиғатпен бір болу», – дейді Ж.Баласағұн. Басқаша айтқанда, кісілік моральдық-этикалық категория болып табылады. А.Иүгінеки: «*жеке адамның кісілігінің, жақсы мінез қалыптастыруының тәрбиеге, кісіні тәрбиелеуші тегіне (тектілікке) байланысты*» деп тұжырымдайды. Жоғары зерделі кісілік құндылықтарды, діни, ислами мәселелерді жетік білгені қазақ ойшылдарының үлгі етер жақтар болды. Жалпы; дүниетаным адам мәселесінде қазақ тұлғалары үлкен белестерге жеткен. Қазақ философиясындағы кісілік құндылықтар мәселесі жөніндегі ізденістер түбі ортақ адами мәселелерге әкелді. Бұл бүгінгі күнде де алда тұрған күрделі мәселе. ***Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы кісілік қасиеттердің басты белгілері:*** ар-ұятты қастерлеп сақтау, намыстылық, мейірімділік пен қайырымдылық, ізеттілік, адалдық пен шыншылдық, ілтипаттылық пен кішіпейілділік. Қазақ дәстүріндегі үлкенді сыйлау, оның алдынан кесе өтпеу, оған міндетті түрде сәлем беру, үйге келгенде төрден орын беріп, кісінің көңіл-күйіне қарап, орынсыз сөзге араласпау – кісілікке жарасымды қасиеттер [1, 61-62 бб.]. Ерлік пен елдік, Отаншылдық пен сүйіспеншілік, ынтымақ пен бірлік, жан тазалығы мен адал достық – бәрі де ақын-жыраулардың жыраулық поэзиясынан орын алған, осының өзі – болашақ ұрпақтарымыздың бойына бүкіл кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін бала тәрбиесінің бастау бұлағы болып табылады. Қазақ даласы суырып салма ақындар мен жырауларға толы. Қаншасы қаламның қуатымен жазылып бізге жетсе, қаншасы ақынның өзімен бірге бақилыққа кетті?! Халқымыздың ұлттық дәстүрі бойынша, кісіні сыйлау, құрметтеу, оның кісілігін үйрену әрбір жастың парызы болып табылады. Асан Қайғы мен Қазтуғанның, Доспамбет пен Шалкиіздің, Ақтамберді мен Бұқар жыраудың, Үмбетей мен Қожаберген жыраудың елдік пен ерлікті, азаматтық пен адамгершілікті жырлаған өршіл өлең-жырлары, туған жер, ата-қоныс, ел тағдыры, өмір өткелдері мен қоғам жайлы философиялық толғау-тұжырымдары, өткір ойшылдық пен шешендік өнер өнегелері адамзат атаулыға тән асқақ кісілік идеяны паш етеді. Жақсы адам – рухани адам. Осындай мұрат тұтатын адам туралы қазақтанушы Қ.Жарықбаев

ойларын былай түйіндейді: «Ақылды адам өзіндік ойы, өзіндік мақсаты, өзіндік бағыты бар, кез келгеннің жетегіне еріп кетпейді. Салқынқандылық, тұрақтылық, мінезділік – адамға ауадай қажет». «Қайда жүрсең де өзінді тізгіндеп ұста», «Адам болу үшін ерлікпен қатар ақкөңілділік те керек», «Байсалдылық – ізгі қасиет» [2, 39 б.]. Адамның осындай жақсы қасиеттерін тізбектей келе, жұртты жаман мінез, жат қылықтан жирендіреді. Адамға – өтірік айтып, дандайсу, ішкілікке салыну, нәпсіге құмарту, іштарлық, күншілдік пен бас араздық, бұзық жолға түсу, босқа күйіп-пісіп, ашушаң болу, адамның өзін өзі ұстай алмауы және т.б. еш уақытта опа бермейді. Ақылды адам бұларды бойына дарытпау үшін ылғи да, қам жеп, сақ жүреді. Жақсы адам үнемі жеке басымен қоса, от басының да берекесін ойлап жүреді. Бақытты болу, асыл мұратқа жету жақсы қасиеттерсіз жүзеге аспайды. Бақ пен бақытқа жету адамның өз қолында. Кісі – өз бақытының қожасы. Бұл үшін ол аянбай еңбек етіп, өз бойына адамгершілік қасиеттерді егіп отыруы тиіс. Адам өзінің ақыл-парасатымен қатар сезім дүниесін де билеп-төстеуі керек. Адам өз көңіл-күйінің қожасы. Солғын, қораш сезімді адам – бұл әлде де болса тәрбиесі жетіспеген адам.

Қазақ этикасы – қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін, моральды, адамгершілікті зерттейтін философиялық пән. «Этика» термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдіреді, кейін әдеп туралы ілім мағынасына ие болды. «Әдеп» термині түрік халықтарының тіліне ортағасырдағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. Қазақ этикасы туралы басылымдарда «әдеп», «ақылақ», «мораль», «адамгершілік» сияқты ұғымдар қолданыла береді және оларға әртүрлі анықтамалар беріледі. Кейде, бұл терминдер бірге өмір сүру барысында қалыптасқан мінез-құлық, іс-әрекет ұқсастықтарын білдіретін әдет-ғұрып деген мағынаға ие. Этика үшін жақсылық ұғымы оның басты категориясы. Оның басты мақсаты – адам өміріндегі қайырымдылық пен зұлымдықтың қайнар көзі мен табиғатын, себептері мен тетіктерін анықтау. Этика мәдениет жүйесіне оның рационалдық-логикалық бастамасы ретінде адамның өмірдегі әдептік-адамгершілік көріністерін рационалды ойлау тіліне аударуы арқылы енеді. Этика – ғылымның маңызды саласы, әдеп – қоғамдық алғышарттардың саласы, адамгершілік – адамның ар-ұяты арқылы жеткен ішкі тұрақтандыру саласы. Этика практикалық философия ретінде, адам өмірінің күнделікті қажеттіліктерін бағдарлайтын ғылым ретінде туындайды. Әдеп – этиканың зерттеу нысаны, қоғамдық сана-сезімнің формасы және жеке тұлғаның өзіндік бағасын анықтауға бағытталған қоғамдық қарым-қатынастардың түрі. Адамгершілік – жеке тұлғаның ізгілік еркіндігінің және қоғамдық талаптардың ішкі себептермен үйлесуінің

қайырымдылыққа ұласатын адамның шығармашылығы бағытының саласы. Жалпы, этиканың зерттеу нысаны «әдеп» ұғымы арнаулы әдебиетте бірнеше мағынада қолданылады. Әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіретін ұғым. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтіруімен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған. Әдеп өлшемдері арнаулы қаулы арқылы жарияланбайды және олар данышпан адамдардың ойлап тапқан құндылықтары емес. Әдеп ережелері өркениет пен мәдениеттен сұрыпталып алынған. Ғылыми тұрғыдан әдептің қалыптасуына әсер еткен мынадай үш факторды атап өтуге болады: **а)** жыныстық қатынасты реттеу арқылы аналық рудың пайда болуы; **ә)** тайпа мүшелерін өлтіруге тыйым салу; **б)** қариялар мен балаларға қамқорлық ету [3, 16 б.].

Мәдениеттің өзегін салт-дәстүрлік әдеп құрастырады. Егер, соқыр сезім жануарлар тіршілігіне қалай әсер етсе, салт-дәстүр алғашқы адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқына, ақыл-ойына солай әсер еткен. Дәстүрлі қоғамдағы әдептің қарапайым түрін кейін рационалды имандылық қағидалары алмастырды. Алайда, бұдан көне әдеп жоғалып кетті деген ой тұмайды. Себебі, көне мәдениет қазіргі ұлттық мәдениеттің архитипі қызметін атқарады. Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесі сонау көшпелілер мәдениетінен нәр алады. Ол қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңара түскенімен, бастапқы негізін сақтап келеді. Қазақ философиясындағы әдеп мәселесіне қатысты әлі де мағынасы терең ашылмаған, зерттеуді қажет ететін ұғымға «кісі» жатады. Бұл ұғым туралы бірнеше түсіндірмелер бар. «Қазақ даласының ойшылдары (XIII-XV ғғ)» кітабының авторлары ортағасырлық түркі ойшылдары мен хакім Абай да адамның теріс қылықтарына сай «кісі» деген ұғым қолданды деп, мынадай пікір білдіреді: «...әдетте, хакім де пендені адамнан бөліп алады да, оны адам қатарына жатқызбай, ол туралы тек «кісі» деген ғана ұғымды қолданады» [4, 28-34 б.]. Алайда, «кісі» ұғымы жақсы адамды бейнелеуге де қолданылады. Қазақта: «кісі болар баланың кісілерде ісі бар, кісі болмас баланың кісілерде несі бар», «жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі» деген мақалдар бар. Семантикалық жағынан алғанда «адам» мен «кісі» синонимдер іспеттес және қазақ дүниетанымына тән синкретизмнің көрінісі (Тәңірі, Құдай, Алла). «Адам» – мұсылмандық мәдениеттен келсе, «кісі» – түркілік атау. Абай бойынша, жақсы кісіде үш қасиет: ыстық қайрат, нұрлы ақыл және жылы жүрек болу керек. Адамгершілік құндылықтары қашанда кісілік қасиеттерде көрініс табады. «Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі», – деген

М.Қашқари.Қазақ тілінде «кісі» – адам деген ұғымның мәнді бір атауы, ал, «кісілік», «адамгершілік» дегендер ауқымы кең ұғымды білдіреді. Халықтық атауда кісі атауы кез келген адамға берілмейді. Мәселен, тілі шықпаған баланы, жан-дүниесі күйзеліске ұшыраған кем ақылды, өзіндік бағыт-бағдары жоқ адамдарды «кісі» деп атамайды. Кісілік өзіндік іс-әрекеті, мінез-құлқы орнықты, өзге адамдармен дұрыс қатынас жасай білетін адамға тән атау. Кісілігі бар адамның мінезінде ұнамды қасиеттер аз болмайды. Ол ақыл тоқтатып, жұртқа өнегелі сөз айтып, өзгені де тындай білетін адам. Кісілігі бар адам бір істі бастаса, оны аяғына дейін жеткізіп, тындыруы тиіс. Оның әрбір қимыл-қозғалысы, әрекеті дiттеген мақсатына бағытталып отырады.

«Адам» мен «кісі» синонимдар сипатында қолданылған. Ж.Баласағұн «кісі-адам» мен «кісі-киікті» ажыратқан. Бұл қисын бойынша, тек әдепті кісі ғана адам бола алады. Үмбетай жырау: *«Кісіні көрсең, есікке, Жүгіре шық кешікпе. Қарсы алмасаң мейманды, Кесір болар нәсіпке»* [5, 83 б.]. – депті. Кісілік қасиеттер әл-Фарабидің «Қайырымды қала» ілімінде арнаулы қарастырылады. Оның пікірінше, кісілік белгілер, әсіресе, Елбасыға тән болуы қажет. Осындай кісіге қойылатын талаптар: **а)** бұл кісінің мүшелері мүлдем мінсіз болуға тиіс: жаратылысынан өзіне айтылғаның бәрін жете түсінетін, істің мән-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт; **ә)** өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айта алатын ділмар болуы шарт; **б)** өнер-білімге құштар болуы, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болуы керек; **в)** тағамға, ішімдік ішуге, сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болуы керек; **г)** шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көруі керек; **д)** жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; **е)** оның жаны жаратылысынан пысық істердің бәрінен жоғары болып, игі істерге ынтызар болуға тиіс; **ж)** дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің т.б. атрибуттарына жирене қарауы керек; **з)** жаратылыстан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көру керек; **и)** қыңыр болмау керек; **к)** өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетуі керек (бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы шарт). Сонымен, «кісі» шығыстық мәдениетте инабатты адам мағынасына жақын қолданылатын адамдық келбет болып табылады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде «кісі» ұғымы өзіндік Менін және сөз өнерін жете меңгеру арқылы үлгі боларлық адамды да білдіреді. Бұл, әсіресе, ақын-жыраулардың перформативтік дискурсына тән. Бұл дискурста кісілік алдыңғы қатарға шығады. Асан Қайғы толғауындағы кісі өзінің ерекше әдептілігімен көзге түседі: *«Ақың болса біреуде, Айыбын тап*

та ала бер, Ерегесіп ұрысна. Сенікі жөн болса да, Атың шықпас дұрысқа. Мінезі жаман адамға, Енді қайтып жуысна. Тәуір көрер кісіңмен, Жалған айтып суысна» [5, 29 б.].

Әл-Фараби теориясын зерделесек, оның сол кездегі жаратылыстану ғылымдары саласындағы үлкен жаңалықтарға, білімге сүйенгендігін көреміз. Адам табиғат эволюциясының жемісі. Таным теориясының өзегі – адамның іс-әрекеті. Әл-Фараби адамды ақыл субъектісі ретінде қарастырған. Оның пайымдауынша, табиғат адамға дейін пайда болған. Көріп отырғанымыздай, әл-Фарабидің теориясы Платонның «еске алу» теориясына мүлдем қайшы. Әл-Фараби бұл мәселені «мұрат қоғамды» ұйымдастырумен байланыстырады. Ол бақыт мәселесіне, ең алдымен адамның осы дүниеде бақытты өмір сүруінің жолдарын іздестіруге өзінің дүниетанымдық көзқарасын бағыттады. Әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында философияның рөлін жоғары көтеріп, былай деді: «Дұрыс анықтама философия өнеріне сәйкес және оның жеке жағдайларынан индукция арқылы шығарылады. Мысалы, ғылымдардың объектілері оның тек қана метафизикалық, физикалық, логикалық, математикалық немесе саясаттық жақтарында болады, ол философия осылардың бәрінен қорытынды шығарады және оны дүние жүзінде философияның қатысы болмайтын ешбір болмыста бар нәрсе қалмайтындай етіп шығарады. Философияның алға қоятын мақсаты – адам қабілетінің шама жеткенінше тану мақсаты – оның осы анықтамасынан туады» [6,45 б.]. Сондықтан, әрбір жеке адамның жетілуіне ақыл-ойдың, парасаттылық пен білімнің рөлін ерекше жоғары бағалады. Сонымен қатар, әл-Фараби өз заманының тынысын өте нәзік сезінген адам. Ол адамдар қызметінде ақыл парасаттың рөлін өте жоғары көтеріп, халықтар арасындағы түсініспеушілік, тартыс-ұрыстардың орынсыз мағынасыз нәрсе екенін айта келіп, «...адамдар өз ақыл-парасатының арқасында келісімге келіп, жер бетінде тыныштық, бақытқа тек ақыл-парасат арқылы ғана жетуге болады, ненің жақсы, ненің жаман екенін адам парасаттылығы арқылы ғана шешуге болады», – деп адамдардың мүмкіндігін, күш-жігерін өте жоғары бағалады. «Шын бақытқа жету үшін адам өзін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс, тек ізденіс білімнің арқасында ғана адамдар шын бақытқа ие бола алады» [6, 8-9 бб.], – деп өте орынды өсиеттер жазып қалдырған. Әл-Фарабидің ұлы сөздері бүгінгі таңда да біздің өмірімізбен үндесіп, адамдар үшін өз мәнін жоймай келеді.

Үмбетей жыраудың жырында әдепті адам болмақтың басты шарты – үй ішінен, отбасынан басталады деген ойды тарқатады. Азаматтың өз ортасында, елінде ісі жүріп, абыройы биіктеп кетуі үшін бар жағдай отбасынан басталып, көңілі тыныш, көкірегі жүйрік болуы керек екен. Бұлай болмаған жағдайда,

яғни, отбасында сені түсінетін, ақыл бөлісетін кісі табылмаса бейне «арқаңа тұз артқандай» еңсең езіліп, ілгері басқан аяғың кері кетіп, күнкөрістің қамымен кеткенің... Ақын-жыраулар сан тараулы өмірдің қиындығы мен қуанышын, шер мен қайғысын, байлығы мен кедейлігін, ылдиы мен өрін кезек алып, сырластыра суреттеп көзге елестетуге шебер. Адам бойындағы кісіні кері кетіретін кесепат қылықтарды ашумен қатар, жақсы мен жаманның айырымын таразылап көрсетуімен қымбат. Ақылгөй даналарды тыңдаған жас қауым іштей жаманнан жиіркеніп, жақсыға ұмтыла жүреді, өзін ар таразысының алдында әрқашан салмақты, таза ұстауға тырысады. Жыраулар өмірдің өткіншілігін, дүниенің опасыздығын айтып, пәлсапалық түйіндеулер айтқан. Пенденің көзі мен көңілі тойымсыз, ашқарақ көңіл ішсем, жесем, байысам, қуансам, құшсам, сүйсінсем деп, еш басылып болмайды... Дүниені жиған үстіне жинай берсем, жұрт менің байлығыма қызықса, тіпті кезі келгенде аяғыма жығылса деп армандайды. Тоқтамы, шүкіршілігі кем адамдар сол арманының соңына шам алып түсемін деп жүріп жарық тіршіліктің баянсыз боларын, бәрінің де бүгін бар, ертең жоқ екеніне ой жібермейді. Намысты ұмытады. Кісілікке жетелейтін рухани күштердің арасында намыс ерекше рөл атқарады. Намыс адамдық Менді қайрай түседі, «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейді халық. Қазақ руханиятындағы өмірдің мәні мәселесімен айналысқан ғалым Г.Нұрышева намысты кісілік пен елдікті (қауымды) тұтастырып тұратын фактор ретінде қарастырады. Мен, «намыс» ұғымына алғашқы басылымы 2005 жылы жарыққан «Этика және эстетика негіздері» деген оқу құралымда арнайы тоқталып өткен едім [3, 101 б.]. Менің пікірімше, намыс адамгершілік қасиеттің ең бағалы көріністерінің біріне жатады. Әрине, намыстың түрлері көп. Ол отандық намыс, ұлттық намыс, діни намыс, жершілдік намыс, рулық намыс, жыныстық намыс, семьялық намыс, мамандық намыс және т.б. Намыс бар жерде жігер бар, қайсарлық, алған мақсатқа жету үшін қиындықтарды жеңе алатын табандылық бар. Намысы жоқ адам – ар-ұяттан, тіпті адамдық бейнеден айырылады. Намыс азаматтықтың басты бір көрінісі. Қазақ халқының тегі нашар емес. Ол мықты халық. Онда намыс та, жігер де, батырлық та болған. Оның негізі де бар. Тарихқа үңілсек. А.Македонский көп әскерлерімен Орта Азия жерлеріне енгенде мықты қаруланған күштің қарсылығына тап болған, олардың ішінде әсіресе, ерекше қимыл көрсеткен сақ-скифтер екендігі тарихтан белгілі. Томирисінің (Тұмардың) намысты ту етіп, осыған дейін жеңілмеген парсы патшасы Кирді талқандағанына да тарих куә. Әрине, тарихтан әртүрлі себептермен қазақ халқының боданға (орыс тілінің «подданный» деген сөзінің аудармасы) айналғаны, халық арасында құлдық психологиясы, жасықтық, үрей,

қорқыныш сияқты сезімдердің де тарағаны бекер емес... Алайда, намыс қазақ ділінде ешқашан өшпеген. Мысалы, Желтоқсан көтерілісін келтіруге болады... Әрине, қазақ қоғамында, намыссыздық пен жігерсіздіктің көріністері де кездесіп отырған. Қазіргі заманға байланысты Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ... Қазақтың дәстүрлі әдет құқығы немесе әдеп жүйесі туралы сөз болғанда жалпыадамзаттық нормалармен қатар діни ықпал арқылы енген, алайда, ұлттық дәстүр құндылықтарын өз бойына жинақтаған ұғым-түсініктерді де естен шығармаған жөн.

Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намыстылық, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар әруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.б. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасқан. Қазақ дәстүрлі мәдениетінде айшықталған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұғымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады. Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркем суреттемелер арқылы берілген. Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық, діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен. Үшіншіден, әдеп нормалары ақын-жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған. Әдеп, тіпті, жалпы рухани мәдениет, жақсылық пен жамандықты айыра білу қабілеттілігінен басталады. Жануардың жануар болып қалатын түпнегізі осы қабілеттіліктің болмауында. Қ.Жарықбаевтың авторлықпен жазған «Әдеп негіздері» кітабында бұл ұғымдарға мынадай анықтамалар беріледі: «Жақсылық – жалпы әдептің баламасы, адамгершілік пен имандылықты білдірудің ең жалпылама ұғым-түсінігі. Адамға жағымды нәрселердің бәрі жақсылық ұғымына кіреді, жамандық – керісінше, адам күнкөрісіндегі жағымсыз көріністердің жалпылама аталуы. Оған қоғамдық пікірмен айыпталатын теріс қылықтар мен пиғылдар жатады» [7, 112 б.]. Қазақы дүниетанымыда жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген. Бұл түсініктер таза поэзия аумағынан шығып, халық даналығы үлгілеріне, философиялық пайымдауларға айналған. Жақсылықтың отаны – Жерұйықтың қандай басты белгілері бар? Бұл сұраққа жауапты заман

